


Ақжолтаң
Мазыбай Балпыр



Жезказған қаласы, 1992 жыл.

АҚЖОЛТАҒИ АҒЫБАЙ БАТЫР

Құрастырған, алғысөзіп жазған және
ісінектемелерін дайындаған Қазақстан Ұлттық
Ғылым Академиясының М. ӘУЕЗОВ атындағы
сыйлығының иегері, филология ғылымдарының
кандидаты МАРАТ ӘБСЕМЕТ АҒЫБАЙҒЕГІ



Жезқазған қаласы, 1992 жыл.

Сұлу Қөкше, өр Алатау арасы
Бәрі тұтас қазағымның даласы.
Сонша жерді сойылменен қорғаған
Бабаларым осал емес-ау шамасы!

АҚЖОЛТАЙ АҒЫБАЙ БАТЫРДЫҢ ӨМІРІ МЕН БАТЫРЛЫҚ ЖОЛЫ

Елдің елдігі мен еркіндігі үшін «Ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып», қаймана қазақты ұрыс даласына бастаған Ақжолтай батыр Ағыбай Қоңырбайұлы 1802—1885 жылдар аралығында өмір сүрген.

Ержүректігі мен баһадүрлігі аңызға айналған Ағыбай батыр туралы халық арасында небір қызық хикаяттар, өлең-жырлар, қисса-дастандар туған. Ағыбай бастаған қол жауды алмай қоймайтын болған. Ерлігіне ақылы сай батыр бастаған іс қашан да халық тілегінен шығып, жақсылықпен бігіп отырған. Сондықтан да ел оны «Ақжолтай батыр» атап кеткен. Ал, жауға шапқан сарбаздар Абылаймен қатар Ағыбай атын ұранға айналдырған. Ісі аңызға, аты ұранға айналған батыр туралы аңыз-дастандарды көрі, құлақ қариялар әлі күнге дейін майын тамыза әңгімелейді.

Халқымыздың тарихында бедерлі із қалдырған батырдың биік тұлғасына қазақ қаламгерлері де әрқашан ілтипатпен назар аударып келді. Бірақ, бұл ізгі ниет үнемі тұрпайы социологиялық түсініктің соққысына ұшырап, жеке басқа табыну, тоқырау жылдары кезінде қанатын кең жайып кете алған жоқ. Бұған батыр туралы жазылған шығармалардың осы уақытқа дейін кең қолдау таппай, жарыққа шықпай келгендігі дәлел.

1914 жылы Қазан қаласында Есім төре ижидиатымен алаш көсемі Әлихан Бөкейханов Ағыбай батыр туралы «Қызыл Қайнар Тектұрмас» деген кітапты жарыққа шығарды.

Қазақ әдебиетінің классігі С. Сейфуллин «Ақжолтай батыр» атты роман жазған болатын. Бірақ, бұл шығарма бізге жетпей, қуғын-сүргін жылдары асыл ағамызбен бірге келмеске кетті.

Ағыбай батыр бейнесі ұлы суреткер М. Әуезов және М. Көпеев, Д. Әлімбаев, И. Байзақов, Ә. Қоңыратбаев, К. Жұмалиев, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Қ. Бекхожин, І. Есен

берліш шығармаларында әр қырынан танылып отырады. Батырдың тарихи тұлғасын 40-шы жылдары белгілі тарихшы-галым Е. Бекмаханов өзінің әйгілі еңбегінде жазған еді.

Ағыбай жөнінде Жүсіп Алтайбаев «Ер Ағыбай» атты повесть жазған, бірақ жазушы жаңа туындысын жарыққа шығара алмай көз жұмды. Тоқырау жылдарындағы сыңаржак түсініктің нәтижесінде орыс империясының қас жауы Ағыбай батырдың аты О. Сәрсенбаевтың «Тамыр» деген повесінде Алыбай деп берілген еді.

Ағыбай бейнесі қазақ музыкасында кең орын алған. Ол жөнінде шығарылған музыкалық шығармалар баспа бетінде жарық көрген.

Қазақтың бостандығынан айрылу себептері

Ағыбай Ұлытау өңірінде Қоңырбай батырдың отбасында дүниеге келген. Ол екі жасында әкесіз қалады. Ағыбайдың шешесі Қойсана Абылайханның сенімді серігі әрі ту көтерушісі болған атақты қазақ батыры Байғозының қызы.

Ес біліп, етек жаба бастағаннан бейбіт жатқан қазақ ауылдарына патша жасағының аяусыз жәбір-жапа көрсететінін көзімен көріп өскен Ағыбай 13 жасында атқа қонады.

Жас батырдың жаугершілік даңқының дәуірлеген кезі Абылайханның отызыншы ұрпағы Қасымның және оның ерлігімен атағы шыққан ұлдары Саржан, Есенкелді, Кенесарының жорықтары кезімен тұспа-тұс келеді.

Патша үкіметінің әкімшіл-әміршіл саясатын мойындағысы келмеген Қасымхан ұрпақтары Қарқаралы, Ортау, Ақтау өңіріндегі жергілікті халықтарды өз кіндікканы тамған жері мен туған елін отарлық басқыншылардан қорғап қалуға шақырды.

Патшалық үкіметтің 1842 жылы Орталық Қазақстанның Көкшетау және Қарқаралы уездіктерін құруға берген алғашқы бұйрығы — Ресей империясының басты тірегіне айналды.

Патша қызметіне алынған көптеген қазақ феодалдары олардың сенімдеріне кіру мақсатымен өз халқына теріс ниетпен танытты. Жоғарыдан жарлық берушілердің дегеніне көніп, ең құнарлы әрі шұрайлы деген жерлерден қазақтарды

ығыстыра бастады. Бағынғысы келмегендерге күш көрсетіп, қырып-жойып, ойларына келгендерін істеді. 1825 жылы Қарқаралының нәшәндігі Қарпачев пен аға сұлтан Шама Абылайхановтың жоғарыдан берілген бұйрықпен 400 әскер жинап келіп Сяржан Қасымұлының ауылын ойрандап, 64 адамды қанға бөктеріп кеткені жоғарыдағы айтқанымыздың бұл тартпас бір айғағы. Осындай сойқанды әрекетті өз қолымен істеген Шама Абылайханов кейіннен Омбы облысының нәшәндігіне: «Мен, өз басым Ресей үшін қызмет етуге әрқашан да дайынмын!» деп ант беруі сол кездегі сатқын сұлтандардың бет-бейнесін әшкерелей түсері хақ.

Қарқаралы аймағында 1824-1836 жылдары болған қазақтар көтерілісі

Отарлаушы империяның халыққа аяусыз тізе батырып, оларды қырып-жойып елінен, жерінен айыруы Қарқаралы аймағы қазақтарын езушілерге қарсы көтеріліске шығуға еріксіз мәжбүр етті.

Көтерілісшілердің негізін құрушылар Бұғылы мен Тағылы өңірінен бой көрсетті. Сол кездегі деректерге сүйенер болсақ, полковник Броневскийге жіберілген бір хабарламада жергілікті жердегі көтеріліс туралы: «... бүлікшілер бас көтерді. Олар Ордадағы тыныштықты бұзып, қарсылық танытуда... жергілікті жерге Ресейлік империяның тәртібін орнатуға кедергі келтіруде» деп жазылған.

1826 жылғы 14 шілдеде жөнелтілген тағы бір хабарламада көтеріліске шығушылардың саны 1000-ға жетіп қалғаны айтылған.

1826 жылғы тамыз айында Ағыбай батыр қолы Қарқаралы бекінісіне шабуыл жасады. Батырдың көтерілісті дұрыс ұйымдастыра білуі үлкен нәтиже беріп, отарлаушылар тарапынан барымталанған мал қайтарылып, азапталып тұтқанда жатқан адамдар азаттық алады.

1827 жылы майор Мыңғырнев пен сұлтан Тұрсын Шығысовтың басқаруымен құрамында 200 әскері бар қарулы қол Ағыбай батыр ауылына баса-көктеп кіріп, қанды-қырғын соғыс ашады. Сойыл, найза, шоқпармен ғана қаруланған Ағыбай бастаған топ мылтықты жаулардан өз ауылың қорғау жолында табандылық таныта білді, бірақ осы шайқаста ол 58 адамынан айрылады.

1832 жылғы 1 наурызда Саржан, Есенкелді Қасымовтар Ағыбай батырдың әскерімен бірігіп, жиыны 400-дей адам Ресей империясының тірегі атанған — Қарқаралыға тағы да шабуыл жасайды. Шабуылда жеңіске жеткен олар 1600 жылқыны отаршылардан құтқарып алды.

Осындай азды-көпті жеңістерге қол жеткізе жүріп, әділет үшін көтеріліске шығушылардың саны біртіндеп, күн санап, көбейе берді. Саржан Қасымұлы өзіне ташкенттік күсбегілерден одақтастар іздей бастады. Осындай мақсатпен Саржан ағасы Есенкелді және Ағыбай батырмен бірігіп, Ташкентке жол тартады. Бірақ, өзбек өкіметінің басындағылар

бұлардың қазақ халқын азат ету мақсатындағы ойларын біліп қалып, өздерін қуғындайды. Ақыр аяғында ондағы империяның қолшоқпарлары Саржан мен Есенкелдіні қолға түсіріп, өлтіреді. Тек қана Ағыбай батырды құдай сақтап, аман қалады. Мұндай қайғылы да қасыретті оқиғаның соны Саржан мен Есенкелдінің әкесі Қасым Абылайхановтың өміріне де қауіп төндіреді. Қасым Түркістандағы Қожа Ахмет Насауи мешітіне барған сәтінде ташкенттік Бегдербектің қолынан қаза табады. Соңыра Кенесары ағалары мен әкесінің кегін қайтарып, өшін алу мақсатымен Шу өзінің бойындағы Бескұлан деген жерде, Ағыбай батырды жіберіп, өзбек әскерін тас-талқан етеді.

Ал, 1837 жылдың жазында «халқым» деп қан жұтып, «келім» деп еңіреп жүрген Кенесарыны Айыртау тауының бөктеріне жиналған арған, қыпшақ, найман, керей, уақ және қонырат руының өкілдері бірігіп, ақ киізге отырғызып Орта жүздің ханы етіп сайлайды, ал Ағыбай батырды бас сардар етіп тағайындайды.

Ағыбай батырдың қолбасшылық қызметі (1837—1847)

Көрнекті қазақ ғалымы, тарих ғылымының докторы, профессор Е. Бекмаханов Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске байланысты жазған монография — сында: «Ағыбай Кенесарының құрдасы, әрі оның бірінші әскери кеңесшісі болды. Кенесары оны жақсы көргендіктен өз атымен атамай, әзілдеп «Көсе» деп атайтын деп жазады. Расында да Кенесары ел-жұртының камын ойлаған хан еді, халқын тар қапастан құтқарудың түрлі жолдарын ойластырып, айналасындағы кеңесшілерімен, қолбасшыларымен үнемі ақылдасып отырған. Ал, Ағыбай батырдың жетекшілік әрі ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында көтерілісшілер әскерінің саны күн санап толығып, ұдайы молығып отырған.

Кенесары әскерінде бас батыр болған Ағыбай ел аузында аңызға айналып, қолбасшылығымен батырлығының нәтижесінде халық сүйіспеншілігіне бөленеді.

Ертеде болған екен ер Ағыбай,
Ол кезде ер болмапты Ағыбайдай,
Баяғы Кенесары заманында,
Ерлігін көрсетіпті елге талай.

Білмеген Ағыбайды ел болмаған,
Тең келіп қарсыласар ер болмаған.
Үш жүзге даңқы кетіп Ағыбайдың
Ол кезін, ол бармаған жер болмаған...

Ағыбай ешбір жанға бас ұрмаған,
Басынан дұшпан ісін асырмаған.
Жалғыздық Ағыбайды бөгеген жоқ,
Қандай жау есіл ерге тор құрмаған...

Халық арасында кең тараған аңыз бойынша Ағыбай Еділ жағынан келген қалмақпен соғысқан қазақтың соңғы батыры. Қазақ-қалмақ соғысында Ағыбай батыр бастаған қазақ әскері жөнінде Иса Байзақұлының жырында былай айтылған еді:

Батырда бес жүз кісі нөкер болған,
Соғысқа шеттерінен шебер болған,
Шықпайтын нояндары айтқанынан
Ағыбай не қыл десе соны қылған.

Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы,
Теп-тегіс бәрі оларда қыс пен жазы.
Айт пен той, ойын-сауық үзілмейтін,
Және көп не секілді өнерпазы.

Жүрмеген қару аспай жігіттері,
Шорлатқан алтын, күміс белдіктері.
Садақ пен сары қанжар, айбалтасы —
Жауына көрсететін «елдіктері».

Ағыбай батырдың әскерінде ұйтқы боп жүрген Ағыбайдың немере туыстары — «шұбыртпалының жеті бөрісі» деп

халық атап кеткен: Таңабай, Көлебе, Мендібай, Дулат, Жәуке¹, Толыбай², Шынбай. Осы шұбыртпалының жеті бөрілері жөнінде ел аузында мынандай аңыз бар: Алғашқы уақытта Кенесары әскері «Абылайлап», «Қабанбайлап», «Бөгенбайлап» шабады екен. Бір күні орыс әскерімен қырғын соғыс болып бірінші жауға «Абылайлап» кірген, төрелер, екінші топ жаумен «Қабанбайлап», «Бөгенбайлап» сабаласқан қазақ әскері артқа шегініп оралған екен. Осы кезде жаудың ортасында қалған басшысы «А, құдайлап» оған ерген жеті батыры «Ағыбайлап» жауды екі бөліп қуып жеңген екен.

Соғыс біткен соң Кенесары хан ойланyp: «Осыдан кейін алаш әскері жауға екі ұранмен — бірінші қатары «Абылай» деп, екінші легі «Ағыбай» деп шабатын болсын» деп айтқан екен. Ал Ағыбай бас қолбасшысы боп, шұбыртпалының жеті батыры Таңабай, Көлебе, Мендібай, Дулат, Жәуке, Толыбай, Шынбай Кенесарының мыңбасылары ретінде, он жыл орыс отаршыларымен аяусыз соғысканда қазақтың жері мен бостандығы үшін «Ағыбайлап» кіріскен есіл ерлер болған. Тағы бір айтатын жайт, Ағыбай Кенесары әскерінде бас батыр болса, ал оның жақын туысты Ханаби Серкеұлы бас бiі болған екен.

Архив материалдарына, белгілі халық ақындарының жыр, дастандарына, басқа да тарихи деректерге жүгінер болсақ, шұбыртпалы Ағыбай қолбасшылық қызметінің, әсіресе 1837-1841 жылдары аралығында асқан ерлік қимылдар көрсеткенінің куәсі боламыз. Қызылжар шайқасы туралы жазылған Доскей Әлімбайұлының жырында тай-таласқан батырдың қайтпас-қайсар тұлғасы былайша суреттеледі:

Батырлар найза, қылыш
Қолына алды.
Ат қойып «Абылайлап»
Айқай салды.
Екі жақтан өлгеннің
Қисабы жоқ.
Жеті күн, жеті түндесі
Ұрыс салды.
Батырлар қырғынды салып тұр,
Есінен кәпірлер танып тұр.

¹Жәуке, Толыбай² батырлар аттас басқа руларда да болған.

Зенбірек атты кәпірлер,
Қайындағы асуды
Біздің ләшкер алып тұр.
Екі жүз елу — кәпірден,
Бізден — бес жүз өліп тұр.
Бұл өлікті көрген соң,
Аз екенін білген соң,
Ағыбай батыр найзагер
Хан Кенеге келіп тұр:
— Төре бойды бағайық,
Қалың ләшкер бізде жоқ,
Наркесетін алайық.
Атамыздың **айтқан сөзі бар** еді,
«Ер жігіт қос табады» деген,
Төре қосты табайық.
Кене хан сонда бөгелді,
Ағыбай қандай өнерлі.
Ләшкерін қалған жиып аң
Көкшетауға жөнелді.
Қызылтаудан шығысты,
Ағыбай салған ұрысты,
Көкшетауға келген соң
Бір жаз, бір қыс мекен етті,
Азық-түлік, ат-сайман,
Жиып тегіс тәмам етті...

Бұдан әрі қарай толғауда, Ағыбайдың нағыз батырлықтың үлгісін көрсеткен, қазақтың жер жаннаты атанған Көкшетау өңіріндегі сұрапыл шайқастағы өмірі мен өлімінің арбасуы, ерлік пен ездіктің айқасы өрнекті өріл-еді:

Николай дұшпан тағы да
Он бес мың әскер жіберді.
Қан майданға барған соң
Жекпе-жекке тырысты.
Жау жарақ, найза, қылышты
Дем алмастай күні-түн
Он үш күндей ұрысты.
Дем алмастан атысты,
Қызыл қанға батысты.

Рақат көрген бір жан жоқ
Осылайша шатысты.
Ағыбайдың ләшкері,
Николайдың ләшкерін,
Домалатып таудан құлатты,
Қырғын салып шулатты,
Тобына қарай шұбатты,
Тартты батыр садақты,
Тау жаңғырып талқан боу,
Тастан қызыл қан ақты...

Кенесары Көкшетау шайқасында жеңіске жеткені және шынайы ержүректік көрсеткені үшін Ақжолтай Ағыбай батырға, Абылай-хан атасынан қалған күмістелінген қанжарды тарту етеді. Осы қантөгісте Ағыбай батырдың қолына тұтқынға патша офицері, аға сұлтан Маман Аблаев түседі. Әлсіздік көрсетіп жеңіліске ұшырағаны, әрі тұтқынға түсіп қалғаны үшін патша үкіметі Аблаевты қызметінен қуып, орнына Боштай Тұрсыновты тағайындайды.

Хан Кененің қоластында жүріп Ағыбай 1838 жылы 7 тамызда Ресей империясының Ақмоладағы тірек-орталығына шабуыл жасайды. Ол кезде Ақмола қаласы полковник Қоңырқұлжа Құдаймендин басқаратын, Сібір казактарының ауыр зеңбірікпен қаруланған түренімен мықтап қоршалған болатын. Ағыбайдың осы шайқастағы шебер қолбасшылығы, батылдығы, тұйыққа тірелген тұстарда жол тауып кететін тапқырлығы жырда былайша суреттеледі:

...Кененің қалың ләшкері
Құнбатыстан қаптады,
Қорғанды қандай мықтады,
Оған кірген шықпады,
Көшеде жүрген өзгесі,
Үріккен қойдай ыққаны.
Сонда Ағыбай батыр сөйледі
Сөйлегенде бүй деді:
— Сонымнан ер халайық!
Сарт шапанын алуға
Енді бізге ылайық,
Шапанды майға малайық,
Етегіне от жағып,
Жағасын іліп найзаға,

Ағаш үйдің тастатып төбесіне,
Үйге өрт салайық!
Осылайша өрт салады,
Дұшпандарға дерт салады...
Қорықпай енді кім қалады
Көбі қашып кәпірлер,
Қорғанға барып тығылған
Көшенің іші толған қан...

Бұл қанды қырғын айқаста да Ағыбай батыр сарбаздары күш басымдылығын көрсетіп, қаланы басып алады. Қоңыр-кұлжа Құдаймендин қалған солдаттарымен қашып құтылады.

1837 жылғы 5 желтоқсанда Ақтау бекінісінен Ташкентке хорунжий Рытов жасағы бастап бара жатқан керуенді Ағыбай мен Наурызбай батыр сарбаздары Қойлыбай Болат маңында тас-талқан етті.

Ел азаттығы үшін күрескендердің Ақтау өңіріндегі жұрт арасына аңыз боп тараған бұл атыс-шабыстары да халық ақындарының назарынан тыс қалған жоқ:

Ажал боп тиді Ақтауға
Батырлардың келгені.
Есепсіз қалың дұшпанын
Сауынан көп болды өлгені.
Көшесінен Ақтаудың
Қып-қызыл боп қан ақты.
Мылтық атып бір жақтан,
Қолмен тартқан садақты...
Бір заматта сап болды,
Қарсылық етпей қалғаны.
«Мен сіздікпен» деді де
Құшақтады аяқты.
Ақтауды алды киелі
Батырлар салған өнерді
12 мыңдай қол болып
Ақмолаға жөнелді.
Бастығы болған бәрінің
Кенесары — Наурызбай,
Екінші батыр тағы да
Арғыннан шыққан Ағыбай... —

деп асқақтата жырлауы сөзімізге толық дәлел бола алады.

Хан Кененің сенімді қолбасшылары Ағыбай мен Наурызбай Ақтау бекінісін коменданты, әрі старшыны Симонов әскерлерін де қанға бөктіріп, бас сауғалап, қару-жарақтарын тастай қашуларына мәжбүр етті. Сол шайқаста қос батыр Кенесарыға 10 тапанша, 9 мылтық, 13 қылыш, 7 найза, 495 мылтық оғын, тағы басқа да қарулар әкеп табыс етті.

1841 жылы Ұлытау тауының баурайында үш жүз тайпаларының өкілдері бас қосқан мәслихатта Кенесары қазақ халқының ханы болып сайланды. Бұл кез генерал-губернатор Перовскийдің даңқы дәуірлеп тұрған уақыт болатын. Содан кейінгі екі жылда Ағыбай батыр бастаған Кенесары ханның қоластындағы қазақ сарбаздары өзбек езгісіндегі бауырластырын азат ету жолында қокандықтармен күресті.

1843 жылдың басында, генерал-губернатор Горчаков Кенесарының бәйбішесін тұтқынға түсіріп, көтерісшілер әлеміне «өзгеріс» жасауға әрекеттенді. Сол жылдың тамыз айында полковник Бизанов пен А. Жантөрин, Б. Айшуақов сынды сұлтандардың басқаруымен 500 адамнан құрылған қарулы қол Кенесары ханның сарбаздарымен соғысуға бет алды. Олар Ырғыз өзенінің бойында Ағыбай мен Наурызбай бастаған көтерісшілер жасақтарымен кездесіп, тағы бір қантөгіс болады. Осы шайқаста Наурызбай батыр қатты жараланады. Біраз сарбаздарынан айырылғанына қарамастан Ағыбай батыр «Абылайлап!» ұрандап жүріп, басқыншылардың құрсаулы тобын тас-талқан етті.

1844 жылы көктем шыға Ресей империясы қазақтың кең байтақ даласын тұтас басып алудың құйтырқы шараларын ойластырады. Генерал-майор Жемчужниковтың қол астына үш отрядтан тұратын қарулы қол жасақтады. Оның бірінші отрядына полковник Лебедев, екіншісіне сұлтан Ахмет Жантөрин, үшіншісіне жүзбасы Фалилеев басшылық етті.

Кенесары хан жоғары билер кеңесінің би басы — Ханаби Серкеұлымен ақылдаса отырып, өз сарбаздарын төрт жасаққа топтастыру жөнінде әскери кеңестің шешімін шығарады. Бірінші жасақты Ағыбай батыр, екіншісін Наурызбай батыр, үшіншісін Ержан батыр басқарады да, төртіншісі қосалқы жасақ резерв ретінде Кенесары ханды қорғайтын болды.

Осы тұста Наурызбай батыр өзінің тапқырлығын танытып полковник Лебедев басқаратын патша отрядын Ресей империясына жанымен берілген сұлтан Байқадамовтың ауылы-

да қарай бұрып жіберді.

Кенесары ханның алдын-ала жасаған жоспарына сай 1844 жылдың 20 маусымынан 21 маусымына қараған түнде Ағыбай батыр мен Ержан батыр сарбаздары Тобыл өзенінің жоғарғы сағасымен Ұлқояқ өзенінің бойында Ахмет Жантериннің отрядын қоршап алып, толық жойып жібереді. Ұрыс барысында көрнекті 44 сұлтан қаза тапты. Бұл полковник Дунниковский басқаратын ауыр зеңбіректі түренге жасалған шабуылдың бастамасы еді.

Тамыз айының орта шенінде Ағыбай батыр мен Наурызбай батыр бастаған қол Екатеринбург бекінісіне лап қойды. Естерінен тандыра жасалған бірнеше шабуылдың нәтижесінде бекіністі басып алады. Бұл — Кенесары ханның ең үлкен жеңістерінің бірі еді.

1844—1846 жылдар аралығында Кенесары ханның сарбаздары Ресей империясының әскерлеріне дүркіп-дүркіп шабуыл жасап, бірде сәтсіздікке ұшырап, енді бірде ойсырата жеңумен болды. Осы жылдары ауыр зеңбірек, оқты мылтықпен қаруланған патша әскерлеріне қарсы-білектің күшімен, найзаның ұшымен қазақ жерін қорғаған батырларымыздың даңқы шықты, сол батырлардың даңқы халқымыздың еңсесін көтерді де.

Қазақ пен қырғыз соғысының себептері

Кенесары хан, Ағыбай батыр бастаған Орта жүздің елі патша отаршылдармен он жылдай соғысып әлсіреп, жайылауынан, қыстауынан айырылып, Көкшетау Қарқарылыдан көшіп Мыңаралдың бойына қоныстанады. Осы жерде хан Кене арнаулы хат жазып, өзінің елшісі Бекбатырды қырғыз ханы Орманға жібереді. Ондағы мақсаты — Шудың бойынан Орман ханнан жер алып уақытша қыстап шығу. Орман елші боп келген Бекбатырды он екі кісісімен қамауға алады. Содан соң қысты күні мұз боп қалған өзеннің үстімен Шудың

терістік жақ бетіне өтеді. Осы терістік жақ бетінде Байқара тауының бергі оңтүстік бауырында Орта жүз оның ішінде қарсөн, қарсөнның ішінде Қозыбақ руына жататын атақты Андас¹ әулиенің үлкен күмбезі тұрған. Орман хан сол күмбезді келіп талқандап, бұзып жермен жексен етеді. Ондағы ойы — қазақтың хәлі нашарлап тұрғанда Шудың теріскей бетінен қазақтың жерін басып алу.

Қазақ пен қырғыздың арасында соғыстың басталу себептерін Нысанбай жырындағы Кәрібоз бен Наурызбайдың айтысынан байқауға болады.

Кәрібоз:

Бұрыннан — соңнан бар ма еді,
Елшіге ниет өлімді?
Жаманқарамды өлтіріп
Бір сындырдың белімді...
Атаңның ақы бар ма еді,
Ескожа, Қанай көрінде?...

Наурызбай:

— Жаксы айтасың, Кәрібоз,
Тату едім сенімен,
Қонысты орыс алған соң
Қенекем көшкен жерінен...
Он екі кісі жібердік.
Бекбатырдай еріммен
Бізге қоныс берсін деп
Қоқидың салған көлінен...
Жаманқараны өлтірдім,
Өзіңнің салған жолыңмен...
Қанайына мен қылдым,
Кекті болған шағымда.
Сенің ақың бар ма еді,
Андасымның тамында?

Соғыстың басталуының бірінші себебі Наурызбайдың сөзінен анық байқалып тұр²).

Екінші себебі: орыс пен қырғыз бірігіп, қазақ әскерін қоршауға алып, Қытай жеріне жібермеу.

¹) Бұл жерде тарихшылар арғын әулие Андасты Сыпатайдың сол кезде тірі жүрген інісі Андаспен шатастырады.

²) Осы айтысқа қазақ тарихшылары назар аударатын уақыты келген сияқты,

Қырғыз Алатауындағы соғыстың соңғы сәттері

Кенесары хан Қырғыз Алатауындағы бір-екі соғыстан кейін «Жердің жайын білмейді» деп талай соғыста бас батыр болған, Ағыбайды қол басылықтан алып тастайды¹. Оның орнына шапырашты Бұғыбайды сайлайды. Бұған дәлел Нысанбайдың жырында Ағыбай көп қайрат көрсеткенмен жай батыр есебінде соғысып жүреді. Бірақ, Қырғыз Алатауында соғыс сәтсіз болып, көтеріліс жеңіліске ұшырады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы айтқандай, Алатауда Бұғыбай батырға сенген Кенесары қырғыз-орыс қолдарына түскен соң Ағыбай батыр бұрыңғыдай бас билікті қолға алып, қалған әскерді құрап, майдан ашып, жеті қабат Алатауды айналған жауды жарып өтеді. Неміс ғалымы Радлов жинаған Кенесары туралы жырда былай делінген:

Кенеге тігілмеді торғын шатыр,
Топалаң тиген қойдай қазақ жатыр
Басы екен шұбырпалы ер Ағыбай
Құтылды бұзып жарып сексен батыр.

Қалың қоршаудан шыққан қазақ батырлары арасында болған көтерілістің шежірешісі Нысанбай жырау да Бұхарбай батырмен еліне қайтып, баға жатып:

«А — Құдайлап», Абылайлап
Қалыңға тиіп қалдық андағайлап,
Басына түссе нәубет қиын екен,
Ақыры әрең құтылдық Ағыбайлап» —
деп айтқан екен.

Ал, Ағыбай болса ол:

Кенесары құрдасым,
Бірге туған сырласым.
Арыздаспай айырылыстық
Ақыретте қимасым.
Наурызбай беренім
Қайратты туған ер едің
Мандайыңнан піскеп
Қош, Наурызжан, демедім,

деп қайғырыпты.

¹ Аңыз айтады: «Бұл Кенесары ханның бірінші өкініші» деп.

Қырғыз Алатауынан қайтқан Ағыбайдың қолын Абакумов пен Черняевтің әскері қоршап алып, зеңбіріктермен атады. Сөйтіп Америкадағы үндістерді қырған ағылшындардың қанды ісін қайталайды. Талай қазақ өз топырағында үлкен қырғынға ұшырайды. Сол кезден бастап қазіргі Жамбыл облысының Мойынқұм ауданының «Айдарлы» совхозы мен «Көктерек» совхозының аралығында Шу өзенінің оңтүстік жақ беткейін ел екі атпен атайды. Біреуі «Арғын қырылған» дейді, екіншісі «Арғын өткелі» дейді.

Көтеріліс біткен соң 1847-1849 жылдар аралығында Ағыбай батыр орыс отаршыларымен қанды майданда тайсалмай соғысады. Бұл жылдары Абакумов пен Черняев және оларға ергендерді үш рет шабады. Кенесары — Наурызбай кегі үшін қырғыз манабы Кәрібөздың басын шауып Жантай мен Жанқараштың алдына тастайды.

1849 жылы ақ патша Ағыбай батырды мойынсынтуға әрекет жасайды. Бірақ, 1855 жылы Қарқаралы шенеунігі Трусовтың рапортындығы дерегіне қарағанда Ағыбай батырға ерген ел: «бұл қырғыздар мойынсұнуға әлі көндікпеген және басқаларға қарағанда жауынгер, барлық үйде дерлік найза көбінде оқ-дәрімен атылатын қару бар» деп жазылған еді.¹⁾

1850-60 жылдары Ағыбай батыр Кенесарыдан туған Сыздық, Тайшық, Жағпар, Ахмет, Омар, Оспан, Әбубәкір, Жәкей деген балаларымен жақын қарым-қатынаста болады.

Жас кезінде Ақжолтай Ағыбайдың тәрбиесінде болған Сыздық төре, батыр ағасына, Кенесарының күмістелген тапаншасын сыйлыққа тартып, Түркістан соғысына шақырады.²⁾

Түркістан соғысында Ағыбай батыр және оған ерген қоныраттың батырлары Иқан деген жерде орыс отаршыларын ойсырата жеңеді. Кейін ақ патша қазақ батырларының қолынан өлген орыс солдаттарына ескерткіш орнатады. Соғыс біткен соң Ағыбай өз еліне қонырат батырларымен бірге қайтады. Балқаш бойын мекендеген Қонырат батырларының жері бұл күнде «Қонырат кені» деп аталып жүр.

¹⁾ Қазақстан Орталық Мемлекеттік архиві, 345 қор, 1 тізбе, 540 іс. 62-бума.

²⁾ Бұл да сонда.

1865 жылы 15 мамыр күні Ағыбайдың баласы Аманжол батыр Благодатно-Стефановский руднигінің қалашығын жағып жібереді. Ақтау қамалында отырған отаршылар Ағыбайдың жасақтары Бетпақдаладан шабуыл жасай берген сөн бекіністі тастап Солтүстікке көшіп кетеді.

Соңғы жылдары Ағыбай елі назарын егіншілік пен балықшылыққа аударады. Тоқырауын өзенін, «Ағыбай тоғаны» Шу бойында қазіргі «Қарабөгет» совхозынан елу шақырымдай жердегі қазылған арықтар Ағыбай батыр елінің егіншілікпен айналысқандығының белгілері.

1885 жылы Ағыбай Балқаш көлінде Тасарал қамалында қайтыс болады. Оның денесін халық бір жыл сүрелеп, ас беріп Түркістан жағына «Қожа Ахмет Нассауи кесенесіне қоямыз» деп апарады. Бірақ, орыс отаршылары бұған қарсы болады. Сондықтан Ағыбайдың денесін Сарыарқа мен Бетпақдаланың шектескен жерінде Тайатқан-Шұнақта жерлейді.

Тірі кезінде ісі аңызға, аты ұранға айналған батырдың өлгеннен кейінгі жатқан мазары қасиетті тірілер үшін де киелі әрі әулие орынға айналады.

Өткен ғасырдың аяғында алаш азаматы Әлихан Бөкейханов біраз зиялылармен Ағыбай күмбезінде «Өтіп бара жатқан, әдейі келген жолаушылардың ойлары тілектері жазылып қалсын» деп альбом ашқан екен. Бірақ, 20-30 жылдардағы аласапыранда жиналған көп альбом жоқ болып кетті. Қыркыншы жылдары Қаныш Сәтбаев пен Әлкей Марғұлан ағаларымыз бұл еске алу альбомды қайтадан ашқан екен. Бірақ, елуінші жылдары империяның шабуыл жасаған әрекеттерінен Ағыбай батыр құрметіне ашылған альбомдар екінші рет қуғын-сүргінге ұшырайды. Сексенінші жылдары батырға үшінші рет еске алу альбомдарын ашқан өз жерлестері, туыстары Серік Смақұлы, жазушы Кәмел Жүнісұлы, Зет Адамияұлы мен Зәркүл Тарғынқызы еді.

Төменде біз Қазақстанның түкпір-түкпірінен мыңдаған адамның Ақжолтай Ағыбай күмбезіне келіп, дұға оқып, оның құрметіне жазылған сөздердің біразынан үзінді келтіріп отырмыз:

Біз қазақ деген ұлтымызды мақтан етеміз, сол ұлттан шыққан Ағыбай атамыздың әруағына сыйнамыз, құрметтейміз және әрқашан да мақтан етеміз.

Ата! Әруағыңыз бізді қолдасын, біз сізді ұмытпаймыз!
Әділбай Шатырбаев, Алмабай Тоқтағұлов, Берік Ұзақбаев 15.07.90 ж.

* * *

Ағыбай атаның күмбезіне мен баламды алып, 20 жылдан кейін келіп отырмын. Атаның ұрпақтарына және оқырман қауымға ескерткіш ретінде қолтаңба қалдырып отырмыз.

Балам Ахмедн мен анасы Зинагүл.

* * *

Әруағыңызға бас идік Ағыбай ата!
Топырағыңыз торқа болсын. Иісі қазақтың арын, намысын оятыңыз, менің сізден сұарым — осы.

Мұсатаев Аманкелді Мағуазұлы, Мойынқұм ауданы, Мынарал стансасы, 1991 жыл, 10 мамыр.

* * *

Құрметті Ағыбай Ата!

Ұлы жүзден, әруағыңызға сыйынып келіп отырмын. Байдыбек бабамның әруағынан — Дәулетбек Бекмағанбет, Жамбыл қаласы, 24.08.91 жыл.

* * *

Батыр ата!

Сіздің дүниеге келіп, қазақтың қалқаны болғаныңызды иісі қазақ мақтан тұтамыз. Шапағытыңыз артындағы біздерге де тие жүрсін. Аумин.

Кенжеқозыұлы Тоқтар, Жүсіпұлы Дүйсен, Қалыбекұлы Берік. 1989 ж., 12 тамыз.

* * *

Әруағыңызға бас пемін ардақты Ағыбай ата!

Мен сіздің күйеу балаңыз боламын. Жұбайым шұбыртпалының қызы. Міне, кешеден бері немерелі болып жатырсыз. Жолдасым кеше босанған. Қуанышымызда шек жоқ. Нәрестенің аты әлі қойылған жоқ.

Ардақты ата, түсіме аян беріп, немереңіздің атын қойыңыз!

Менің тұрақты жерім Мойынты стансасы, 8 март көшесі, 6 үй. Жүнісбеков. Қайрат Ақтайұлы. Руым көрсөн, ішінде Құлназар.

21.VI.1986.

* * *

До следующей весны Ағыбай-Ата!

30.10.89

(орыс геолог жігіттерінің жазғаны).

* * *

Житкин Валерий, Жилеев Василий, Черемин Сергей и его сын Александр преклонили колено перед памятию сего Святого и благодарны за гостеприимство. Пусть в веках живет слава казахскому народу! Его человеколюбию и гостеприимству!

(орыс жолаушыларының жазғаны)

* * *

Ассалаумағалейкүм.

Ардақты арыстан Ата!

Топырағыңыз торқа болсын. Иманыңыз бұйырсын. Біздей жеткіншектеріңізге әруағыңыз жар болсын!

Өзіңізге арналған дұғамды оқыдым!

Балаларыңыз: Жуасбек, Сәбит, Сейткүл.

18.07.88 ж.

* * *

Мен түсіме аян беріп «Ағыбай батыр» деген күй шығардым. Ол 1988 жылдың 6 қарашасы болатын. Міне, сол күннен бастап өз өмірімде үлкен рухани өзгерістер болғанын сездім.

Халқымның тарихына, Ұлы адамдарына — мендегі перзенттік тартылыс күші нығая түсіп, өнерлік Темірқазығым болып бекіді.

Міне, қазағымның Ақжолтай — Ағыбай батырдың әруағына бағыштап шығарған күйімді қасиетті тұлғаның өз белгісі — киелі күмбезінің қасына келіп орындасам деп армандап жүретінмін. Сол ниетімнің орындалар сәті түсті. Ол 1989 жылдың 30 қазан күні...

Құрметпен «Ақжолтай Ағыбай батыр» күйінің авторы Шәміл Әбілтаев.

30.X.89 ж. Алматы—Ақадыр—Тайатқан—Шұнақ.

* * *

Әруағыңнан айналайын,
Ағыбай батыр!

Сенің рухыңа тәуап етіп, құран оқыдым. Сенің рухың каймана қазақтың көз жасын көріп, алмағайып заманда жебеп, қолдап, қоршап жүрер деп келдім. Алла тағала қазақтың жебеушісі болсын, Аумин.

Оралхан Бөкеев. 4.10.91 ж.

* * *

Келешек ұрпағың үшін, болашақ қазақ тіршілігі үшін талай қан майданға түсіп, еліне жүрегін қалқан етіп, жанын шүберекке түйген Ағыбай атамызға бата етіп, басымызды июші, келер 200 жылдық торқалы тойыңа қаржы жинаушы ұрпағың біздер —

Сәкен Жүнісов, Дүйсен Қасейінов, Жамкенов Болат, Қуат Ахметов, Ерік Асқаров, Тұрсын Дүйсенбаев, Ештанаев Ғазиз, Медеубаев Сағынбай, Мұхатаев Дәурен, Жүнісов Кәмел, Медеубаев Сағытай.

15 қазан 1990 жыл.

Алтайдан Ақжайыққа дейінгі аралықты алып жатқан қазақ даласында аңыз болған халық батыры Ақжолтай — Ағыбайдың өмірі мен батырлығы ұрпаққа үлгі, өнеге. Алаш елінің бүгін он миллионға жетуге деген болашағы үшін күрескен Ақжолтай — Ағыбайдың аты әр қазақтың көкірегінде жазылуы тиіс. Әлихан Бөкейхановты, Жақып Ақбаевты, Сәкен Сейфуллинді, Нартай Бекежановты, Әлімхан Ермековпен Қаныш Сәтбаевты, Әлкей Марғұланды, Рахымжан Қошқарбаевты, Жазылбек Қуанышбаевты, Кәкімбек Салықовты, Жүсіп Алтайбаевты, Тоқтар Әубәкіровті қолдаған Ақжолтай Ағыбайдың әруағы бар қазақты қолдасын!

Марат ӘБСЕМЕТ,
филология ғылымдарының
кандидаты.



ТАРИХИ ЖЫРЛАР, ПОЭМАЛАР

ҚОЙШЫНЫҢ ЕРТЕГІСІ

(Тарихи поэма)

Шашырап келе жатыр күн қызарып,
Жарығы қоңыр түстің ішін жарып,
Шомылтып көл мен орман, тау мен тасты,
Толықсын алтын нұры қызыл шарық.

Қалықтап жерде сағым көтеріліп,
Сұлудай кербезсиді жер құбылып,
Ертемен жерді басқан бозғыл тұман,
Тау-таудың тасасына тұр тығылып.

Көгеріп бұлт секілді көк түс берген,
Көміліп көкшіл буға дірілдеген.
Алыста Баянауыл таулары тұр,
Жамылып шымылдығын неше түрмен.

Баянның Ақбет дейтін биік басы,
Қалаған бүйрек-бүйрек айналасы,
Шағылып күн соғылып, бетін сүйіп,
Шығыста жалтырап тұр бозша тасы.

Ақбеттің басында тұр ақын бірге,
Айнала көз жіберіп жердегіге,
Көрініп тау басында бұлдыр-бұлдыр
Мәлімсіз кім екені жердегіге.

Ақбеттің биіктігі бұлтпен бірдей,
Тұрады көпке шейін түк көрінбей.
Ұлы сәске болғанда сүйіседі,
Оған шейін ернеуі рұқсат бермей.

Ең арғы төбесінде қалың орман.
Түп-тұнық, жым-жырт мүлгіп ұйықтап тұрған
Түйе өркеш, айналасы қырлы тастар,
Жағалай жиегінде болған қорған.

Орманның қойнау-қойнау арасы ашық,
Жол салған кей жерінен қолмен ашып.
Ірім жол қойнауында жеті көл бар,
Суына жан-жануар болған ғашық.

Оймақтай жеті сайдың етегінде,
Құлпырған меруерт тастар жиегінде.
Жылтырап көзді ұялтып, бриллианттай,
Көрінер күміс кесте жиегінде.

Көрініп көк теңбіді сурет астан,
Көрінер су астында барлық аспан.
Ғажайып жеті көлдің кереметі,
Төкаппар аспан түсіп ақылдасқан.

Төгілген сай-сайында жібек гүлдер,
Бас ізеп мұның бәрін мақұлдасқан.
Тастар да тәжім қылып, еңкейісіп,
Үйдей боп иіліп тұр құламастан.

Тастардың қуысында мекен қылған,
Жем берген қандай не тастан оған.
Жыбырлап қырық аяқты жүнді құрттар
Мейірімсіз қара тас қой ана болған.

Төменде ақшыл буы бойын құлап,
Көпіріп аққан өзен аттай тулап,
Күркіреп, күңірендіріп тау мен тасын,
Үн қосқан дауысына жел шуылдап.

Айналып көзім түсті төмен қарай,
Тұрғанда риза болып есім қалмай.
Астында аяғымның мыж-мыж болып,
Баянның қаласы тұр көл жағалай.

Жақсы аула. Жаман аула, Баянаулы,
Өз-ара елдеріне аты даулы.
Қыз-Шілік, Қызыл Шілік сол жағында,
Бұл жылдар ел қонысы соған ауды.

Сыртында бұл Шіліктің қаптаған мал,
Қойшылар дағдысынша келіпті дәл.
Көп қойдың ортасында бір төбеде,
Сөйлескен екі қойшы, біреуі шал.

Жас қойшы тындап отыр қасындағы,
Тымағын қолына ұстап басындағы.
Шынтақтап жатқан тыныш кәрі қойшы,
Сөйледі ертегісін жасындағы:

— Ертеде болған екен ер Ағыбай,
Ол кезде ер болмапты Ағыбайдай,
Баяғы Кенесары заманында,
Ерлігін көрсетіпті елге талай.

Білмеген Ағыбайды ел болмаған,
Тең келіп қарсыласар ер болмаған.
Ағыбайдың үш жүзге даңқы кетіл,
Ол кезіп, ол бармаған жер болмаған.

Ағыбай ешбір жанға бас ұрмаған,
Басынан дұшпан ісін асырмаған.
Жалғыздық Ағыбайды бөгеген жок,
Қандай жау есіл ерге тор құрмаған.

Батырда бес жүз кісі нөкер болған,
Соғысқа шеттерінен шебер болған,
Шықпайтын нояндары айтқанынан
Ағыбай не қыл десе соны қылған.

Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы,
Теп-тегіс бәрі оларда қыс пен жазы.
Айт пен той, ойын-сауық үзілмейтін,
Және көп не секілді өнерпазы.

Жүрмеген қару аспай жігіттері,
Шорлатқан алтын, күміс белдіктері,
Садақ пен сары канжар, айбалтасы —
Жауына көрсететін «елдіктері».

Байлаулы тағы белде қорамсақтар,
Жайы жоқ жауға тісе жарамсақтар,
Бәрі әзір жандарында күні-түні,
Қарумен ер ері мен елін сақтар.

Ол кезде жаугершілік заман екен,
Халқының әдеттері жаман екен,
Батыры күшті елдердің одақтасып,
Өштескен елін шауып алады екен.

Қапылыс дұшпанына кездескендер,
Тоналып жұрдай болып қалады екен,
Кездесіп бір жорықта қалың дұшпан,
Ағыбай сол ісіне налады екен.

Бір түні қалың қалмақ қамап алып,
Жорықта жатқан жерін біліп қалып,
Ағыбай қараңғыда ерін көрмей
Бір батыр қолда қалған жараланып.

Жолдасы ед Ағыбайдың ер Көлебе,
Келгенде екі ұдайда жеме-жемге,
Жекпе-жек Ағыбайдан кем соқпаған,
Сүйсінген халқы талай ерлігіне.

Туысы сұлу еді сұңқар қабақ,
Айбыны Ағыбайдан артығырақ,
Жырынды нояндары байқаушы еді,
Өрт мінез, аңғырт еді батыр бірақ.

Атақты Алтай атты таудан арман,
Бар екен қалың қалмақ қоныс ауған.
Батыры Қолаба атты қалмақтардың
Сол еді Көлебені ұстап алған.

Өзі хан, өзі батыр ол Қолаба,
Қалмақ жоқ онан мықты ол арада,
Найзагер, садақ тартқыш сырттан екен,
Талайдың жанын тәннен қылған жұда.

Денесі енгезердей, түсі суық,
Келмейтін ашуланса, ешкім жуық,
Соғыста жалғыз өзі жүз кісілік,
Ерлікпен жұрттан асқан үздік туып.

Бар екен Қолабаның жалғыз қызы,
Жолындай құмырсқаның басқан ізі.
Онан сұлу аспанның астында жоқ,
Жаудырап қарақаттай екі көзі.

Елінде талай жігіт болған ғашық,
Жалғызы бата алмаған аяқ басып,
Қара көз қайсымызға тнеді деп,
Қоятын талайлары сыр сырласып.

Бір күні жұрт жияды ер Ағыбай,
Келіпті нояндары бірі қалмай,
Ақылдасып, ұнатып, жиылған жұрт,
Батырға ерсін деді ноян Таңбай.

Іріктеп сексен кісі нөкер алып,
Аттанды Қолабаға содан былай,
Күренше жер тебініп астындағы,
Оқ бойы алдында отыр ер Ағыбай.

Көк найзасы көлденең, белде садақ,
Сауыты үстіндегі күміс жарғақ,
Өзгелердің бәрінде қос-қос аттан,
Ішінде дара мінген Ағыбай-ақ.

Бір қонып Қызылтаудан арман кетіп,
Шыңғыстан бара жатыр көктей өтіп,
Хантауы мен Қарауылдан өткен кезде,
Сыртында Шыңғыс қалды бұлт күзетіп.

Батырлар сол бетімен он төрт қонып,
Қара Ертіс өлкесіне барды жетіп,
Осы жерде екі-үш күн тынығысып,
Қарауылдан қалмақты тұрды күтіп.

Қолаба Көлебені байлап алған,
Мақтанып өз еліне алып барған.
Қол, аяғын бекітіп Көлебенің
Шұқырлап терең қазып жерге салған.

Бұрыннан естиді екен Көлебені,
Жас сұлу асық екен бір көргелі,
Үңгірден Көлебені шығарып ап,
Отырды төмен қарап сөйлегелі.

— Рас Сіз Ағыбайдың жолдасы ма,
Атақты ер Көлебе қолбасы ма?
Мен сізді босатуға ант беремін,
Төгілген қарайсыз ба көз жасыма.

Аяна алып бердім шын ниетімді,
Ойлама, өтірік деп бұл сертімді,
Қайтсе де босатамын, көңілі ақ,
Жалғыз-ақ білдір маған өз бетімді.

Көлебе жауап берді Қаракөзге,
Бар сөзін айтып сұлу болған кезде.
— Сен сүйсең, мен де сізді қабыл алдым
Ай менен аспан айғақ осы сөзге.

Көлебе құшақтады Қаракөзді,
Ендеше мен сенікі деген кезде,
Күміс ай көкте тұрып бата берді,
Жұлдыздар жымындады көр деп бізді.

Үндемей түн тұншықты жым-жырт болып,
Сүйісіп жас тұншықты көңлі тынып.
Құшырланып Көлебені құшқан шақта,
Балдағы Қаракөздің кетті сынып.

Екеуі кетпек болды осы түнде,
Қалмақтан құтылғалы сәтті күнде.
Қаракөз екі тұлпар алып келді,
Қалдырмай қару менен киімін де.

Екеуі мініп екі ақбоз атқа,
Білдірмей кетті жүріп көп қалмаққа,
Алтайдың қунбатысын бетіне алып,
Көлебе бастады еркін Арқа жаққа.

Шаңқайтып егіз болды ертеңінде,
Отты үміт екі жастың жүрегінде,
Алтайдың Ақтау алқап асуынан,
Тоқтамай тағы да өтті ертеңіне.

Қолаба еліне ертең бүлік салды,
Кеткенін Қаракөздің біліп қалды,
Кетті деп дұшпаныммен дұшпан болып,
Қасына бес жүз кісі нөкер алды.

Көпірің аузы-басы көбік болып,
Жеке өзі нөкеріне қарамады.
Қос жирен қосалқының қос бедеуі,
Ішінен Аршакөкті таңдап алды.

Жарысты ұшқан құспен арам қатқыр,
Жетпеген Көлебеге несі қалды.
Жаңылтпас жартастардан кетсе қарғып,
Тау жарып жалғыз қалмақ асыр салды.

Мінгені олардың да ылғи жүйірік,
Сонда да нөкерлері ере алмады.
Бұлдырап, сағым қуып Қолаба ұшты,
Соңынан қарасын жұрт көре алмады.

Ағыбай үш күн жатып демін алды,
Жан-жақты карауылдап көзін салды,
Басына Кендірліктің шығып тұрып,
Таңбайдың бір қараны көзі шалды.

Әскерді аттандырып үлгіргенше,
Жақындап екі кұйын келіп қалды.
Жырынды Таңбай тушы тағы қарап,
Дәл осы Көлебе деп айтып салды.

Көтерді ала туын Абылайдың,
Биікте қолында еді ер Таңбайдың.
Көлебе ер Таңбайға қарсы жүрді,
Көрген соң карауылын Ағыбайдың.

Батырлар аман көріп, көңлі тынды,
Қаракөз аттан түсіп сәлем қылды.
Ағыбай риза болып келініне,
Жаркыным, көп жаса деп бата берді.

Танекең тағы шолып айналаны,
Көреді келіп қалған Қолабаны.
Аттан деп хабар беріп батырларға,
Майдан ғып күтіп тұрды бір даланы.

Қолаба тұра қалды жақын келіп,
Сайдағы Ағыбайдың қолын көріп:
Ең мықтың жекпе-жекпе тез шығындар,
Ішейін қандарынды ұрттап, төгіп.

Ағыбай күреншеге өзі мінді,
Шақырып ескі аруақ, кәрі жынды.
Көлебе мен шығамын, кегім бар деп,
Өтініп ағасына жол бермеді.

Қаракөз жетіп келіп Ағыбайға:
— Сауыты жоқ ініңіздің, түспепті ойға.
Әкемнің ашуланған түрі жаман.
Қоймайды ініңізді енді жайға.

Айтқанша осы сөзді бітті жұмыс,
Сілкініп батырлар да бастады ұрыс.
Қолаба қылышымен салып өтті.
Тегінде Қолабаның беті дұрыс.

Көлебе тиізбеді, қағып қалды.
Айналып кеп Қолаба найза салды.
Әлуетті алып қолдың ырғауымси
Өкпеге сағасынан найза барды.

Көлебе жер бауырлап аттан түсті,
Қолаба кегін алды, қанын ішті.
Ес кетті Ағыбайдың нөкерінен,
Қаракөз Көлебені барып құшты.

Ұмтылды Қаракөзге сұм Қолаба,
Қанды бас, көк найзаны алып қолға,
Ағыбай қағып қалды онан бұрын,
Тұр еді қылыш даяр сол қолында.

Қан ақты Көлебеден дір-дір етіп,
Қара жер құша берді есі кетіп.
Қаракөз жансыз тәнді қалды құшып,
Көзінен сорлы жасып мөлтілдетіп.

Көп сорлы бұл секілді қалған талай,
Қун жоқта адасқандай аспанда ай,
Жас сорлыны күнәсіз отқа салған,
Рахымсыз кара пейіл сұмдар қалай?

Ағыбай Қолабаға өзі барды,
Оған да өзіндей ғып найза салды,
Жығылып аттан қалмақ құлағанда,
Қаракөз ақ семсермен қасына барды.

Кешікпей көп нөкері тағы жетті,
Басынан Қолабаның дәурен өтті.
Қаракөзді Танбай сақтап кейін тұрды,
Өзгелері соғысқа кіріп кетті.

Батырлар қылыштарын қанға былғап,
Топылдап аттан түсті талай қалмақ,
Аттанып уыттанған ер Ағыбай,
Тобына жалғыз кірді көзі жайнап.

Шаң кетті айқай құсап көтеріліп,
Құйындай ығы-жығы думан қайнап.
Жығылды талай қыршын жерді қауып,
Сол топтың үстінде жүр ажал ойнап.

Сай-сала жансыз өлік дертке толды,
Жарқырап қылыш-найза оңды-солды,
Қалғаны қалмақтардың қашып кетіп,
Қашпаған мықтыларын кырып болды.

Найзаның қылышымен қанын сүртпей
Ағыбай Қаракөзге қайта келді.
Өле өлгенше құныңды жоқтармын деп,
Құшақтап Көлебені еңіреді.

Сүйегін елге қарап алып жүрді,
Токтаусыз Таңбай тушы жылай берді.
Соғыста ту ұстаған соңын бағар,
Таңбайдың ұмтылмауы содан болды.

Еліне сөйтіп қайтып келді Ағыбай,
Көп қайғы бұл жолында көрді Ағыбай.
Тетелес Көлебенің өз ағасы
Таңбайға Қаракөзді берді Ағыбай.

АҚЖОЛТАЙ АҒЫБАЙ БАТЫР

(Халық жыры)

Атақты ер Ағыбай шұбыртпалы,
Белгілі сарбаздарын шұбартқаны.
Ағыбай, Қошқарбай мен ер Бұхарбай,
Бұларды сонына ерткен Кенеханы.

Мал үшін бұлар ерлік құрған емес,
Салғаны жанды ортаға елдің қамы;
Солардың біреуінен көз бастаймын,
Әлеумет құлақ салса бұған тағы.

Жау шабу мирас қалған Абылайдан,
Бұл әдет Кенесары, Наурызбадан.
Кененің жауға шапқан бас батыры,
Бастайын аз әңгіме Ағыбайдан.

Батыры Кенекеңнің өишең саңлақ,
Әр елден жүйрік атты алған таңдап.
Арканың алпыс тарау бойын өрлеп,
Жақсы атпен жігіттері жүрді алшандап.

Душпанға анталаған ұстатпады,
Кенекең талай шапты, бір шаппады.
Аруақты Кенесары, Наурызбайға,
Жортқанда, қарсы келіп жан батпады.

Ағыбай аға бағыр үлкен, жасы,
Жөн айтар Кенекеңнің замандасы.
Қай жерде жақсы ат болса жый деп еді,
Барады бастан асып жау айласы

Жігітін жаман атқа мінгізбеген,
Кенекең алты алаштан ат іздеген.
Аттанып бір жорыққа Ағыбайы,
Ат іздеп жасақ үшін күн-түн кезген.

Сұнық жал, қаншыр мойын, күміс құйрық,
Кең танау, омыраулы, тіп-тік нық.
Бір ел бар деп естіді күншығыста¹⁾
Жылқысы аса сұлу, мінсіз жүйрік;

¹⁾ Бұл арада жақсы Текежаумы аттарымен алы шыққан Түрікпен елін айтып отыр.

Бір адам Ағыбайға мақтайды көп,
«Жорғасы судай желіп, шаппайды» — деп,
Біреу емес мақтады бір қатар жан,
«Бнесі жабы тұқым таппайды» — деп.

Ағыбай ыңғайланды «барайын» — деп, —
«Сол елді болса да алыс табайын» — деп,
Аттанып сәуірік пенен байтал әкеп,
Жүйіріктен өсім-тұқым алайын» — деп.

Ағыбай бұл сапарға ыңғайланды,
Қасына жеті жолдас алды.
Жүйіріктен өсім-тұқым алайын деп,
Бет қойып күншығысқа кете барды.

Сол кезде жер ортасы келген жасқа,
Жан-жаққа сапар жүрген бұдан басқа.
Аз жүрді, көп жүрді ме белгісі жоқ,
Келіпті Қызылқайнар, Тектұрмасқа.

Тектұрмас самал, салқын бұлағы бар,
Атарлық арқар, бөкен, құланы бар.
Жолаушы, жолшы керуен қонатұған,
Түбінде Қызылқайнар бұлағы бар.

Жігіттер, тыңдасаңыз, мінеки кеп,
Келетін бұл бұлаққа жолшы да көп.
Келіп кетер адамы көп болған соң,
Қойынты Қызылқайнар, Тектұрмас деп.

Келеді ер Ағыбай ерге салып,
Қорықсын адамзаттан бұлар нағып.
Ұмтыла түн ішінде жүрді бұлар,
Қарауылды аламыз деп ерге барып.

Астында бусандырып мінген атын,
Тастамай батырлықтың салтанатын,
Ат қаңтарып суытып жата кетті,
Келіп Қызылқайнарға таңға жақын.

Оянды таң атқан соң көзін ашып,
Жатсын ба жамандарша ұйқы басып.
Басына карауылдың Таңбай шықты,
Өзгесі ыстық қылды, бақыр асып.

Жолдастар ыстық қылды, асып бақыр,
Отырды от басында өзге батыр.
Ер Таңбай қарауылға қарап тұрса,
Елсізден бір атты адам келе жатыр.

Аттыны келе жатқан Таңбай көрді,
Таңырқап «не қылған жан мынау» деді.
«Елсізден бір атты адам келеді» деп,
Ойдағы Ағыбайға қабар берді.

Батыр айтты: — «келеме бері таман
Кетті ме жын көрініп әлде саған?
Елсізде жапа-жалғыз келе жатқан,
Япыр-ай, оның өзі неткен адам?»

«Осы жер ел жоқ, күн жоқ жапан дала,
Тектұрмас сан біздейге болған пана,
Бет бұрмай осы араға келеме екен?
Шықтағы қарауылға қайыра қара».

Ер Таңбай қарауылға қайта барды,
Жалғызға келе жатқан көзін салды.
Келді де Ағыбайға хабар айтты,
— «Осы жерге тұп-тура келіп қалды».

«Келді — деп — осы жерге» хабар айтты,
Бұларды неткен жан деп таңырқатты.
Қолында ырғай шокпар, сойылы бар,
Кезеңнен шыға келді ақсұр атты.

Айтқанша, ақсұр атпен шыға келді,
Өрімдей жап-жас жігіт бұлар көрді.
Жіңішке, ұзын бойлы, тіп-тік, сида,
Отырған батырларға сәлем берді.

Іліп сәлем берді бұларға кеп,
Тұлғасын Ағыбай да ұнатты бек.
Қасына келіп, танығандай амандасты:
— «Есенсіз бе, ер Ағыбай ағеке» — деп.

Сөйлесе сөйлер сөзге сондай епті,
Айтқан жоқ мұнан басқа бір сөз тіпті.
Түсіп атын басына іле тастап,
Жеңін жастық қылды да жата кетті.

Етегін төсек қылып қалды ұйықтап,
Іменіп бұлар қорқып қалды тоқтап.
Қорқады бір кісіден сегіз батыр,
Ерлігін елден арнап шыққан баптап.

Ағыбай ойлап отыр әрбір ойды,
Жіңішке бала жігіт сида бойлы.
Өздері асқан етін жедідағы,
Тағы да оған дәмді істеп қойды.

Ұйқысы түрегелді әбден қанып,
Бұлақтан дәрет алды түзге барып.
Бір ауыз жөн сұраған жауабы жоқ,
Алдына асқан дәмін берді салып.

Отырып дәмін ішті асып-саспай,
Бұрылып, басқа жаққа қадам баспай.
Бұларға қарамады мойнын бұрып,
Батырлар бір сөз айтпай қалды отырып.

Бір ауыз тым болмаса қош деместей,
Әлгі келген жағына кетті жүріп.

Ағыбай айтты: — «мынау не қылған жан,
«Мен мұның мінезіне қаламын таң.
Мынаның жайын білмей үйге барсам,
Өлімнен артық маған үлкен арман».

Атына бұда мінді: — «баранын — деп,
Мұндайдың көріп едім талайын — деп,
Мынаның жайын білмей бос қалғанша,
Қасына еріп өліп қалайын» — деп.

Атына мінді Ағыбай қайрат етіп,
Қарамай әлгі жігіт қалған кетіп.
Аяндап кетіп бара жатыр екен,
Артынан қуа шауып келді жетіп.

Бұларға Ағыбайға жолықты кез,
Жан емес жолдас болған сыр мінездес.
— «Жарайды, Ағыбай аға, қош келіпсіз»,
Деді де, жүріп кетті айтпай бір сөз.

Келеді екі батыр жан батпайды,
Қарысып бірін-бірі ұнатпайды.
Елсізде жолдас болған екі батыр,
Екеуі бір-біріне тіл қатпайды.

Астында кинамайды мінген атын,
Тастамас батырлықтың салтанатын.
Алдынан екеуінің жусап тұрған,
Бір құлан тұра қашты кешке жақын.

Құланды екі батыр қуып кетті,
Атына қамшы басып екпіндетті.
Ағыбай тозаңына ере алмады,
Ұзатпай жас батырың барып жетті.

Құланға құрық салды ағындатып,
Секіргенде қайыра қалды тартып,
Ауызомыртқа үзіліп салмағымен,
Жығылып қара жерде қалды жатып.

Бала айтты: «Ағыбайым, тез түсе қал,
Арам өліп кетпесін бауыздай сал.
Айнала қабырғадан іредағы,
Өзге етін кереқ қылмай, қазысын ал».

Қазысын алдыдағы жүре берді,
Кеш батып бір бұлаққа бұлар келді.
Атынан түстідағы әлгі бала
Даладан етегімен тезек терді.

Ағыбай ода қарап тұрсын нағып,
Қам қылды дәм істерлік түрін танып.
Реттеп бағанағы тамақтарын,
Одағы бақыр асты шақпақ шағып.

Ыстығын істеп ішті күн батқанша,
Ат суып демін алды ел жатқанша.
Аттарын мықтап тұсап қоя беріп,
Екеуі қалады ұйықтап таң атқанша.

Таң атып, тағы жүрді екі батыр,
Ешнәрсе ойламады болып қапыл,
Қамысы шытырмандай жөнсіз қалың,
Жағалап бір өзенді келе жатыр.

Барар жер мағлұм емес бұларға алыс,
Толқиды сумен бірге қалың қамыс,
Жағалап сол өзенді келе жатса,
Ақырып түрегелді бір жолбарыс.

Ағыбай сескенді де шошып қалып,
Айнымай әлгі бала тұра қалып,
Ышқынып қарсы келіп шапшығанда,
Шоқпармен сыңар қолдан қалды салып.

Шоқпармен жолбарысты бірақ қақты,
Бір ұғанда-ақ өлген иттей домалатты.
Екі көз екпінімен шығып кетіп,
Жығылып шекесінен жерді қапты.

Сескенді ер Ағыбай мұны көріп,
Бұлар атынан түскенше қалған өліп.
— «Айнала қабырғадан іредағы
Ал, — деді, бауыр жүнін екі бөліп».

Ағыбай айтқанының қылды бәрін,
Білмейді онан басқа не қыларын.
Баланың қайратына жан пар келмес,
Батырдың қорқып көңлі болды жарым.

Үкімі бұл баланың сондай қатты,
Жолдас боп оншақты күн дәмін татты.
Екеуі кешке шейін жүрдідағы,
Кеш батып, бір бұлаққа тағы жатты.

Ағыбай ұнатпайды бала түрін,
Шыбықтай бала жігіт көзге көрім.
Бұл күні күндегідей көп жатқан жоқ,
Ертерек жүріп кетті таңнан бұрын.

Әңгіме, бұларда жоқ ойын-күлкі,
Бұл түнде ұйықтаған жоқ тынышты ұйқы.
Жағалап бір өзенді келе жатса,
Кездесті қарсы алдынан қалың жылқы.

Жолдасы қасындағы жері де жат,
Жас бала жаннан аскан асыл болат,
Жылқының бір ретті ортасында,
Жайылған жүзден артық шабдар қасқа ат.

Бала айтады: «немене көрген күнім,
Болмаған сабаз едім ешбір мінім,
Жануар өңшен бірдей шалқасқалар,
Менікі болатұғын бар ма күнің».

Ағыбай келе жатыр не біледі,
Атына қамшы басып тебінеді.
Ақты боз елен-алаң болған шақта,
Алдынан бір қалың ел көрінеді.

Ағыбай «түстім, — дейді, қандай жолға,
«Тәңірім-ай, сапарымды өзің онда».
Арасы екеуінің бір шақырымдай,
Көрінді елден оқшау екі орда.

Ертерек елді көрді батыр,
Уайым ойламайды болып ғапыл.
Күрсініп ақсұр атқа қамшы басып,
Бет қойып төменгі үйге келе жатыр.

Ағыбай келе жатыр қасын жанал,
Ергені бала жігіт жаңа талап.
Ішінен ақ орданың шықтыдағы
Бір әйел тура жүрді қарсы қарап.

Алдынан әйел келді жылап-еңіреп,
— «Бейшара-ау, жалғыздыктан тарттың бейнет.
Өзіме енді көрінсе өлтірем», — деп,
Қайрайды қатты тісін әлгі жендет.

«Бейшара мұнда келіп не көресін,
Жеткені ажалыңның енді өлесін.
Жалғызым, ақіретте табысалық,
Жалғаннан сапар шегіп жөнелесін».

Бұл қатын бүйдеп зарлап қалды тұрып,
Бала оған қарамайды мойнын бұрып.
Қатынның айтқан сөзін есіне алмай,
Жоғарғы ақ ордаға кетті жүріп.

Атынан түсе қалды анадай кеп,
Кернеп тұр байқағанға ашуы кеп.
Батырға осы арада бір сөз айтты;
«Бар болса бер, Ағыбай, қанжарың» — деп.

«Осы жерде тілектес боп сіз тұрыңыз,
Кешікпей, аман болсам, шығармын тез.
Егерде үйден шықпай өліп кетсем,
Бас сақтар ақсұр атпен қам қылыңыз».

Соны айтып әлгі бала қалды кетіп,
Ойлайды қалды екен деп әлде нетіп.
Үйге бала кіргенде қатты қорқып,
Тер ақты Ағыбайдан дір-дір етіп.

Сөйтті де ол да ойлайды болып кашпак,
Шошыған соң жүректі қайтып баспак.
Сиюнып тәуекелге тұрды дағы
Баланы кетемін деп қайтып тасған.

Тұрғаны жанды қиып осы жолға,
«Ен әрісі-өлермін», — деп, түссем қолға»
Бала үйге кірген соң көп кешікпей,
Шықырлап шыр айналды әлгі ақ орда.

Ағыбай әр сапарда болған жолы,
Тұрғаны сабырлық қып қайрат молы.
Аздан соң үйден бала шыға келді,
Қан болып қанжары мен екі қолы.

Бала айтты: — «отырмысың, Ағыбайым
Менің көп айтылмаған сізге жайым.
Жанға қас дұшпанымнан құтқарды алла
Отырмай атыңа мін. Ақжолтайым».

Атқа мініп төменгі үйге келді,
Алдынан катын зар еңіреді.
Бейшара зар еңіріп жылап тұрып,
«Залымның халі-жайы қалай?» — дейді.

«Сұм залым жұртты жеңген баяғыда,
Шіріткен жан біткенді таяғына,
Ақжолтай Ағыбаймен жолдас болып,
Түсірдім ішек-қарнын аяғына».

Бұл бала мұны айтады гүл-гүл жайнап,
Жұрт жылап қуанып жүр я құдайлап.
«Төсек сал жолы құтты батырыма,
Астын жұмсақ, жастығын жақсы жайлап».

Қуанып байғұс қатын төсек салды,
Біреуден біреу естіп қабар алды.
Жұрт шулап, абыр-сабыр, қуанып жүр,
Төсекте ер Ағыбай ұйықтап қалды.

Ұйқы ұйықтап тұрды батыр кешке таман,
Қуанған көрсе халық жақсы-жамаан.
Аллаға шүкірлік деп қуанып жүр,
Дұшпаннан құтылған соң есен-аман.

Бұл елге рақым етті бар құдайым,
Көп айтып қуанышын не қылайын.
Ас ішіп әңгімеге айналған соң,
Сұрады енді Ағыбай бала жайын.

Бала айтты: — «Ей, батырым, қара маған,
Жаман көп ешнәрсеге жарамаған.
Жөн айтпай дәл он бес күн жолдас болдым,
Айтайын мен жөнімді енді саған.

Тындасаң, менің жайым бір үлкен кен,
Кебiмді мен отырмын қозғайын деп.
Бай екен менің әкем өзі жалғыз,
Дәулеті көп мейлінше, перзенті жоқ.

Әкемнің жалғыз болған ғазіз басы,
Ағады бала десе көзден жасы.
Өзінде бала да жоқ, бауыр да жоқ,
Бар екен бір туысқан қарындасы.

Бұл адам дәулеті мол, болған мықты,
Көрмеген туып қорлық жаннан тіпті.
Жаралған жат жұрттыққа қарындасын,
Бір елге жасы жетіп ұзатыпты.

Әкеме жалғыздықтың сызы батты,
Қайғыртып бас кемдігі жабырқатты.
Әкемнің әлгі ұзатқан қарындасы,
Жүкті боп барған жерде бір ұл тапты.

Әкемнің дәулеті мол, көңілі сынық,
Қайғырған бас кемдіктен болып мұңлық.
Балада қыздан туған қиық жоқ деп,
Жиенін алды асырап бала қылып,

Әкемің жиен жүрді баласы бол,
Алып жүрек арыстандай қуатты бек.
Жүкті боп өз шешем де мені тапты,
Жиеннің жолы құтты, ақжолтай боп.

Ешкімге тигізбейді жиен өзін,
Малы көп жасырғандай жердің жүзін.
Көп малдан симай жатқан айдап беріп,
Жиенге әперіпті бір бай қызын.

Көп қылып енші берді және тағы,
Қондырып бөлек ауыл қойған шағы,
Бар шығар ең кем болса екі мындай
Көп жылқы сонікі еді бағанағы.

Бұл жиен мықты болды арыстан,
Жері жоқ кейін қалған еш жарыстан,
Қызы сұлу, орыны онан да артық,
Маған да қыз әперді бір алыстан.

Әкеміз сонан кейін дүние салды,
Қисапсыз мал артында екі ұл қалды,
Қанша мал садақа ғып ат шаптырып,
Қондырдык құтты орнына байғұс шалды.

Адамға не істетпейді дәулет молдық,
Ойым жоқ көрем деген жаннан зорлық,
Мен кенже, жиен үлкен ағам болып,
Сонымен біразырақ дәурен сүрдік.

Жиеннің діні қатты қара тастан,
Адамға қайыры жоқ бала жастан,
Бетіне ешбір адам карамайтын,
Мейлінше батыр болды жаннан асқан.

Бұл жиен батыр болды қайраты артын,
Екпіні соққан желдей көкті шарпып,
Қанағат өз малына бірде қылмай,
Менің кеп бар малымды алды тартып.

Жиеннен мен осындай көрдім қорлық,
Қайратын жаратар ма тәңірім мол ғып,
Қолымды өз малыма бір батырмай,
Есіктегі иттен жаман көрдім қорлық.

Осындай күйге түстім, сорым қалың,
Болмады бір басымда ықтиярым,
Еш адам бұл теріс деп сөз айтпайды,
Себебі жеңіп алған жанның бәрін.

Қараңыз сұм жиеннің ақылына,
Қайырымсыз, қатал іске батылына.
Қоймайды малды алғанмен қара басқыр,
Қызықты менің тағы қатыныма.

Сөйтті де қатыныма қолын салды,
Көнбесе аласұрып ашуланды.
Қойнымнан жатқан жерде сүйретіп аң,
Еріксіз үйіне апарып жатып алды.

Мен түстім осындайлық үлкен кепке,
Жазылмас душарластым қайғы дертке.
«Байына көңілі алаңдай береді» деп,
Мені де ниет қыпты өлтірмекке.

Қатыным бұл ойынан хабар берген,
Пытнә ит қайраты мол жұртты жеңген,
Шыбын жаң, мал мен жардан тәтті болып,
Бір түнде ақсұр атпен қаштым елден.

Бір түнде ақсұр атпен кеттім қашып,
Қолға түссем өлем деп жаман сасып,
Жол жүріп бірнеше күн тыным алмай,
Жапанда жата кеттім ұйқы басып.

Жапанға жата кеттім қашып барып,
Алладан мәдет сұрап, жылап, налып.
Тыным алып аз ұйықтап кеткен екем,
Түсімде жетіп келді әкем ғаріп.

Түсімде жетіп келді әкем фақыр,
«Ей, балам, бұл жерде ұйықтап болма ғапыл,
Жанында жеті жігіт жолдасы бар,
Ағыбай Тектұрмаста келіп жатыр.

Жүр балам осы араның жолыменен,
Олар да жүріп келді түніменен,
Ақжолтай¹⁾ жолы құтты батыр еді,
Жолдас бол, тез бар балам оныменен.

¹⁾ Жолы құтты адам деген сөз.

Ағыбай душарласса болып несіп,
Екеуің жолдас болсаң желдей есіп,
Қанжарын екі жүзді қару кылсаң,
Аласың дұшпаныңның басын кесіп».

Қуанып сол түсіммен түрегелдім,
Шын көрсет пазылықды тәңірім,
Әкемнің түсімдегі сөзін сынап,
Ертерек жетейін деп атқа міндім.
Әкемнің түсімдегі сөзі шын боп,
Отырған бұлақтағы Сізді көрдім.

Қуанып, құдай тілек берер дедім,
Айтқаны әкем фақыр келер дедім.
Сырымды бұған айтып ұқтырмайтын,
Артымнан батыр болса ерер дедім.

Мен сізден қанжарды алдым жаннан кешіп,
Барсам, жатыр ұйықтап көңілі өсіп.
Қанжарды қак жүректен салдымдағы,
Сілтедім төмен қарай қарнына есіп.

Қарынын қак бөлді де қанжар жарды,
Шошынып ұйқысынан сонда оянды.
Шошынып, қару іздеп, қарбаң қағып
Менің кеп білегімнен ұстай алды.

Ұстап алып, лактыруға ынғайланды,
Ұстадым керегеден қорғап жаңды,
Қолымнан жұлқылай келіп тартқан шақта,
Теңселіп ақ орда үй шыр айналды.

Орнынан тұрайын деп ұмтылғанда,
Ішек-қарны аяғына түсе қалды,
Ұстаған білегімнен қолы босап,
Сылқ түсіп өлерше боп кете барды.

Ей, батырым, осындай менің жайым,
Құтқарды сұм залымнан бар құдайым,
Алдыңның толысынша мал айдап кет,
Бұл малды сенен аяп не қылайын.

Кәпірден жаман қорлық көргенім бек,
Зарынан жұрт қорыққан уайым жеп,

Көп жылқы бағынағы сол иттікі
Бір жақта менің жылқым онан да көп.

Ақжолтай, Ағыбайым, сенің атың,
Жайылған жер жүзіне салтанатың,
Ақ ордадан шығып келіп, зар еңіреген,
Көргенің бағанағы біздің қатың».

Сыр айтты бала бұған жайлап,
Ағыбай көп отырды артын ойлап,
Топтан тоғыз тұлпарды таңдап алды,
Жылқының не қылмақшы бәрін айдап.

Біреуі сол тоғыздың Ақауыз ат,
Порымы жануардың жылқыдан жат.
«Сауға!» деп ер Наурызбай сұрап алды,
Жүрісі, сүйегімен бәрі де ұнап.

Сол кезде бұл тұлпардың төрт-бес жасы
Дәл бір кез қырым ет жоқ кесер басы.
Қақпан бел, қамыс құлақ белдемелі,
Ағаштың бәлігіндей қабырғасы.

Төрт елі қабырғасы ені жалпақ,
Шіреген шақпақ еті бұты талтақ.
Үстіне кісі мінсе қоразданып,
Қарайды жан-жағына жалтақ-жалтақ.

Шапқанда қанды көбік алдын жауып,
Қояды басын тартсаң шайқап-шайқап.
Сыртылдап шын қызғанда құйысқаны,
Лоқымас жар, су келсе онан тайқап.
Шапқанда құс секілді көрінеді,
Алдынан оның қарап тұрсаң байқап.

Өзге аттан жүріп кетсе адымы алыс,
Қанаты қабырғанда кере қарыс,
Екпіні пысқырғанда үй жыққандай,
Танауын десең болар бейне талыс.

Кез келген иесіне Ақауыз ат,
Арқада ер Наурызбай жүрді алшақтап.
Ежелгі ата-баба кегі үшін,
Жортатын Абылайлап, ұранын сап.

Жортқанда Ақауызды аңкылдатып,
Қолында ақ семсерін жарқылдатып.
Зәресін алған талай сұм дұшпанның,
Асықтай өшіккенде аспанға атып.

Ақауыз Наурызбайдың серігі еді,
Сауға қып ер Ағыбай беріп еді,
Астында Ақауыз жүрген шақта,
Ер Науан жеңілмейтін берік еді.

Ақауыз жау оғынан мерт болыпты,
Жанына ер Науанның шер толыпты,
Қапыда жаман атпен қолға түсіп,
Қырғыз ұстап, ер Науан сонда өліпті.

Бұл сөзді оқып ем жазған қаттан,
Тексертім өзгерістеп табиғаттан.
Өтірік ертеқ сөзді өлең қылып,
Ақын көп бет алдына еткен мақтан.

Әлеумет бұл сөз анық ертегі емес,
Таралған үлкендерден осы кенес.
Кездескен шежіреде ердің сөзін,
Құлағың естігенде қағады елес.

Тарқаттым Ағыбайдың мына тойын,
Шу қылған қызықпенен Шудың бойын.
Аманат жан ұяда тыныш тұрса,
Аудармақ баспа сөзге ендігі ойым.

Ағыбай сап ажалдан кеткен аман,
Ат қойған Ақжолтай деп барлық ғалам.
Жамиғат айтушыны айып етпе,
Осымен сөз аяғы бітті тамам.

НАУРЫЗБАЙ — ҚАНШАЙЫМ

(үзінді)

Қалша атқа таң атқан соң мініп алды
Науаннан екі жақсы ат, қырық ділдо алды.
Балуан сайыс деген тамашаға
Жныл деп майдан жерге айқай салды.

Естіп майдан жерге келді бәрі
Жнылды тамашаға жас пен кәрі.
Сап түзеп майдан жерге отырған соң
Кенесті Кіші жүздің баршалары.

Науанға сәлем беріп көрсетті жүз.
Шахзада ай мен күндей баршаға сіз.
Қырық жігіт бір партия болсын дейміз
Осылай әуел ақыр бұрынғы із.

«Бас болған хан Абылай барша жанға
Тіреусіз алтын казық мұсылманға.
Қырық жігіт Орта жүздің баласы еді
Бұлардан біреу шықсын балуанға».

«Біз келдік сөз айтқалы, патшазадам,
Ғайып дүр би рұқсат баспақ кадам.
Балуан сайыс деген тамашаға
Шығарсын Орта жүз боп бұлар адам».

Шақырды сонда Науан Ағыбайын:
«Тұрсыз ба, Сіз де естіп сөз ыңғайын,
Орта Жүз деп сіздерді есең қылды,
Қалайша қыласыздар оның жайын?»

Сонда Ағыбай: «Бұ сөзді мақұл — дейді,
Мұнысы Орта жүздің ақыл — дейді.
Жықсақ та, жығылсақ та, шығарамыз,
Басқа жүз болған соң ақыр» — дейді.

Кіші жүз жақсылары қайтып кетті,
Балуан шығаруға тәрбие етті,
Бар екен жағалбайлы Өгіз балуан
Шығырап балуанға алып кепті.

Қалша жұрт айқай салып: «Шықшы, шық, — деп,
Арғынды әлің келсе жерге тық, — деп.
Антұрған Өгіз балуан бейкам болма,
Бұл Арғын аз да болса әбден нық», — деп.

Үш қара балуанға, бірі-түйе,
Екінші мінілмеген семіз бие.
Жарлығы Әли менен Науан ердің
Балуаны жығып алған болсын ие.

Ағыбай Дулатқа¹⁾ кеп «шыққын», — дейді,
Сөзімді менің айтқан ұққын, — дейді.
Олжасын Орта жүздің алып кеп тұр
Құдай-аруақ жар болса жыққын», — дейді.

Ұранын Орта жүздің бірге салған
Малы азық болмайды мұнан алған.
Атаңның жолын ал деп айтқаннан соң
Сол жаман жығылғаннан шықпай қалған.

Мақұл деп сонда Дулат фатиха алды,
Майданға, фатиха алып, қадам салды.
Отырған бұрын барып Өгіз балуан,
Қасына батыр Дулат жетіп барды.

Көрген соң түрегелді Өгіз балуан,
Дулатқа сес көрсетіп алуан-алуан.
Өкіріп өгіз болып жер сүзеді,
Мысалы фарқатаса аю, қабылан.

Ілінген бұ мінезден Өгіз атқа,
Жоқ еді еш қосылған жаманатқа,
Ер Дулат мұны көріп сескенеді,
Құдай-ай, қалдырма деп мені ұятқа.

Екеуі қолма-қолтық алысты енді,
Абайлап бірін-бірі бағысты енді,
Бірін-бірі үйіріп сілтеседі,
Дағдарып, екеуі де талысты енді.

Үйіріп айналдырды Өгіз балуан,
Дембелше, төртбақ еді ол антұрған.
Дулатты кеудесіне көтеріп ап,
«Қалмайсың, — дейді, Арғын, менен аман».

¹⁾ Дулат батыр — руы шұбыртпалы, Ағыбай батырдың немере інісі.

«Қәлің келсе аямай ұрғын — деді,
Өгізше мойыныңды бұрғын — деді,
Осы күнде ақымақ кеудендемін,
Бок жемей, ұра алмасаң тұрғын», — деді.

Көтеріп Өгіз балуан ұрды дейді,
Сонда Дулат тіп-тіке тұрды дейді,
Үш ұрды, үш көтеріп Өгіз балуан,
Баса алмай әл-дәрмені құрды дейді.

Қайратын сонда Дулат қарына алды,
Өгізді айналдырып жұлып алды,
Үйіріп, айналдырып, алып ұрып,
«Абылайлап» кеудесіне мініп алды.

Дүрс етіп, Өгіз балуан түсті жерге,
Қарады жұрт қайран боп Дулат ерге,
Кеудесін жерге жаныштап аз отырды,
Өгіздің тілі келмес өлдім дерге.

Басынан қарғып тұрып жүріп кетті,
Қырық жігіт дабыл қағап шатлық етті,
Өлмесе де өлімші болып қапты,
Сандалып Өгіз балуан тұрып кетті.

Ер Қалша тағы атына мініп алды,
«Шығар деп сайысқа адам» — айқай салды,
Баласы кіші жүздің сіздер бұрын,
Шығарғын, кісің болса, — дейді әлгі.

Көңілі Кіші жүздің төмен түсті,
Балуанда көргеннен соң ондай істі,
Аптыққанның бәрінің қыры сынып,
Таба алмай сайысқа адам жығылысты.

Бар еді бір Тама шал жасы жеткен,
Жасында жан жоқ еді онан өткен,
Басында «Мен түсейін» дегенінде,
Оны жұрт мазақ қылып келеке еткен.

Ақыры Баят шалға келді бәрі,
Шулады бата беріп жас пен кәрі,
«Арық тоқты садақа» деген ғой деп,
Айтқан соң, түспек болды, баршалары.

Бәкеннің астында бар тарланкөгі,
Шораның әулетінен аттың тегі,
Жасы еді дәл алпыс бір сол уақытта
Кеткен жоқ соған жанға кегі.

Атқа мінді жұртынан бата алып,
Жіберді қырық жігітке кабар салып,
Найзасын онды-солды айналдырып,
Орнына майдан жердің тұрды барып.

Ағыбай жігіттерге көзін салды,
Біреуін барындар деп сөзін салды.
Тәуекел өзім бұған түсейін деп
Науаннан жаяу келіп фатиха алды.

Астына көкмойынды мініп алды,
Тәуекел дариясына кеме салды,
Жер қайысып қамалып тұрған жаңдар,
Бұларға қараймын деп көзі талды.

Бұларға сонда Науан көзін салды,
Қараса екеуі де ажалды,
Қараса екеуінің бақты бірдей,
Я, алла, оу қалай деп қайран қалды.

Сонда тұрып Наурызбай,
Жыылған көпке сөйледі:
«Бұл екеуін байқадым
Бірін-бірі ала алмас,
Егер бірі жеңілсе,

Тірі болып қала алмас.
Аруағы бірдей көрінді,
Көрсеткені тәңрінің,
Өтірік бола алмас».

Сол уақытта екеуі
Қарсыласып барысты,
Аттарына қамшы ұрып,
Қолына найза алысты,
Қарсыласып қалғанда,
Найзаларын қағысты,
Ағыбай қылды хайласын,
Балтамен ұрып сындырды

Шанышқанда шалдың найзасын,
Ағыбай салды найзасын,
Баят шалдың ұртынан,
Түйреп жырып кетіпті,
Езунің сыртынан,
Ұртынан тартып алғанша
Ағыбайдың найзасын
Ұстай алды Баят шал,
Бұдағы қылып хайласын.
Сол арада бір көрді
Шапшандықтың пайдасын.
Әдіс қылып темірден
Шап беріп ұстап алыпты
Еріне жаныштап салыпты,
Тартысқанда толықсып
Найзасы сынып қалыпты.
Енді қайта айналып
Бауырдақты қамшымен
Қарсыласып қасқарып
Жүз аудармай тұрады.
Сол уақытта Бәкеннің
Басынан қаны ағып жүр.
Жақындап кетсе жанасып
Ағыбайға тамып жүр.
Қарсыласып шабысып,
Жағасынан алып жүр.
Сол мезгілде екеуі
Жағаласып салысты,
Ат жалын құшып Баят шал
Жан қораттап қарысты,
Жағаласқан бойымен
Төре алдына барысты.
Сонда тұрып Наурызбай,
Бәйгені бөліп алсын деп,
Бізден келіп бата алып,
Татуласып қалсын деп,
Ажыратып алысты,
Бата беріп ер Науан
Байгөсін бөліп берісті.

АҒЫБАЙ БАТЫР

Хан болған ол бір күнде Кенесары,
Біледі Кенеханды жұрттың бәрі,
Хан Шыңғыстан туады хан Абылай,
Айтуға біле алмассың одан әрі.

Қасымхан туатуғын Абылайдан,
Талай хан өтті бұрын адырайған.
Хан дегенге кайқайып масаттанып,
Қаранғылық жоймайды кодырайған.

Әкесі Кене ханның Қасым еді,
Төре деп атақ алған нәсілді еді,
Қазаққа хандық жасаған Қасымдағы,
Қалтақтың қанын судай шашып еді.

Кенесары, Құдайменде, Ержан-Саржан
Құса боп есте кеткен оларда арман.
Қырғыздан қаза тауып ақырында
Бас жойды қаранғылық салдарынен.

Бұлармен бірге туған Наурызбай да
Немере былай айтсақ Абылайға.
Басшы соқыр болса халық адасар,
Бажайлап жалпы еңбекшіл, мұны ойла.

Қыршын жаста қалды ер Наурызбай,
Жаңа келе жатқанда жетіп бойға,
Бір соғыста астынан бес ат өліп
Қалмаған жау қолында тауып айла.

Кенесары бір күні шақырып ап,
Былай деп айтады сөз Ағыбайға:
«Ағыбай, сөз айтамын бері келші,
Қасыңа қырық кісі алып атқа мінші.
Наурызбайға мінетұғын бізде ат жоқ
Бір тұлпар түрікпеннен әкеп берші.
Бойыма ішкен асым тарамай тұр,
Мінген аты Наурызбайдың жарамай тұр,
Бір күні жау қолында жаяу қалар.
Ұрысқа мінген аты шыдамай тұр.

Ағыбай, жолдасыңды ал ірікте енді
Сіздерді жау алмайды біріккенде,
Текежаумыт елінен тұлпар әкел,
Ағыбай, жолыңды тарт Түрікпенге».

Ағыбай бұ сөзіңіз мақұл деді,
Айпыңыз тағы басқа ақылды да,
Астынан бір соғыста бес ат өліп,
Наурызбай жаяу жүр ғой батыр деді.

Ағыбай алды бата Кене ханнан,
Бата алып жол жүрмекке қадам салған.
Қару-жарак, азығын түгел алып,
Іріктеп қырық жігітті тандап алған.

Жолдасқа қырық жігіт іріктеген
Адамға үлкен пайда біріккеннен.
Ағыбай қырық жігітпен жолға түсті
Тұлпар алып бермек бол түрікпеннен.

Ағыбай қырық жігітпен сапар жүрді,
Келеді гуілдетіп асып қырды,
Шуға келіп бір күні қонып жатса,
Естиді камыс ішінде бір сылдырды.

Жолдастың бәрі де ұйықтап қалған,
Сылдырға келе жатқан құлақ салған,
Қараса бір жолбарыс келе жатыр,
Екі көзі түн ішінде от боп жанған.

Садағын сонда Ағыбай қолына алды,
Атуға жолбарысты ынғайланды,
Дәл жүректің тұсы ғой тап осы деп.
Шіреніп садақпенен тартып қалды.

Ағыбай бар күшімен садақ тартты,
Жолбарыс тырп ете алмай омакасты,
Жолдасының бәрін де оятып ап,
Терісін жолбарыстың сойып апты.

Тағы да таң атқан соң жүріп кетті,
Әп салып, өлең айғып көңілдетті.
Бар екен ар жағында бір биік тау,
Талма түстің уақында соған кепті.

Сол таудың бұлағы бар жатқан ағып,
Сол бұлақ ағар тынбай сылдыр қағып.
Құс та көп, көлеңкелеп сол бұлаққа
Жатады асып етті рақаттанып.

Жапырақ жағасында гүлденіп тұр,
Құлпырып дүз құбылып түрленіп тұр.
Ағаштың жапырағы сылдыр қағып,
Мысалы, бір-біріне сыр беріп тұр.

Түрлі құс байғыз, көкек ән салып тұр,
Ән салса тау жаңғырып тартқандай күй,
Ағаштың жапырақтың көленкесін
Шыбынсыз желсіз сая тіккендей үй.

Күмісті аққан бұлақ сылдыр қағып,
Есіткен жан тояр мейірі сондай қанып.
Көк ала үйрек ұшады шалшығында
Садақпен тұр мергендер атып алып.

Үйректі садақпенен атып алды,
Бақыр асты, саяда рақаттанды.
Біреуі бақыр асқан олу болды,
Ағыбай мен басқалары ұйықтап қалды.

Бақыр асқан бір қараны көзі көрді,
Сол қара адам екен жақын келді.
Әлгі бұлақ аяғына ат суарып
Кершолоқ мінген сондай еді.

Кершолоқ мінген аты қатып қалған
Ақ найза шашағы бар қолына алған.
Басына дулыға бар, белде сапы,
Айбаты мысалданар жерді жарған.

Аяндаған уағында Кершолоқ ат
Аянына шыдамай ойнақ салған.
Кім болса бес метрдей бойы биік
Қанжығада терісі құлан, киік.

Аяғы ат үстінде салақтайды,
Шалғынға жүргенінде келер тиіп.
Сар бұрыл сақалы бар ағармаған
Бет ажары, мысалы, ақшыл қардан.

Саусағы жас баланың білегіндей,
Бой сымбаты көрсе елі құмарланған.
Ақ күмісті жалтырап отыз тісі,
Батырларға ұқсаған бар тұрмысы.

Бір екі дүз кісі оны алар емес
Көрмесе де көргендей қайрат күші.
Кершолақ ат астында мінген аты
Текежаумыт тұлпардай қияпаты.

Майда жал, ойық желке, кең қабырға,
Бура сан, қақпақ сауыр кейінгі арты.
Жүргенде жайтаң қағып, жорғақтайды,
Құйрығы екі жаққа бұлғақтайды.

Жорғасына шыдамай жайтандаған,
Атқылай секіреді, ойнақтайды.
Жақындаған уағында есі шығып,
Ет асқан бақыршасы құлап қалды.

Бақырдың қасына кеп әлгі адам
Найза мен барлық етін түйреп алған.
Бақыршы есі ауса да көріп жатыр,
Әлгі адам кейін қарай кетіп қалған.

Бақыршы есін жиып тұра салып,
Ағыбайды оятты қоса барып.
Анау кісі келді де, бақырдағы
Найзасымен әкетті бар етті алып.

Ағыбай бас көтеріп тұра келді,
«Тез жылдам Көкбесті атты әкел» дейді.
Ерттетіп Көкбесті атты мініп алып,
«Бірақ, барма әкелем өзім» дейді.

Шапқылап найза қолда келді жетіп,
Алмаққа алабұртып көңілі кетіп.
Көз салып Ағыбайға қарамайды,
Кер атты жорғалатып барар кетіп.

Кер аттың жер жарылар жорғасынан
Текежаумыт сияқты формасынан.
Біреуіне бірі сай ат пен ердің
Ағыбай шошып келед тұлғасынан.

Адамға Ағыбайдай салмас көзін,
Ер әкеткен алмастай бұдан кегін.
Ерегесе егерде шабатындай
Ойран етіп кеткендей бір тайпы елін...

Аяғы жоқ.

КЕНЕСАРЫ — НАУРЫЗБАЙ

(үзінді)

...Наурызбай шыға шабады,
Кекіліктеп зырқырап
Бидер шапты қасқа атпен,
Құйындай шаңы бұрқырап
Сонда басын көтерді,
Отырғандар көзі жылтырап.

Наурызбайдың сөзіне
Батырлары шыдамай
Хан қасынан ұмтылды,
Мендібай¹⁾, Дулат²⁾, Ағыбай,
Арғыннан шыққан үш жігіт,
Шәкір, Жәуке, Толыбай,
Олардан кейін қала ма,
Табыннан Қабан, Бұқарбай.

...Үш ай тоқсан күн еді,
Шаруа шешкен күйеген.
Науан бұл жол ағытты,
Ерлігінің тиегін.
Түсіріп төре кеткенде
Кене хан қақты иегін.
Бұқарбай батыр ап келді,
Ер Бидердің сүйегін.
Қазақ, Дулат жиылып
Мақалай қылды сүйегін!

Ағыбай батыр шабады,
Қашқан атын көреді.
Қырғыздан қорқып мойымады
О да қайсар ер еді.
Алып ханға келеді,
Тарту қылып береді.

¹⁾ Мендібай батыр — руы шұбыртпалы. Ағыбай батырдың немере ағасы.

²⁾ Дулат батыр — руы шұбыртпалы. Ағыбай батырдың немере інісі.

Кер аттын жер жарылар жоргасынан
Текежаумыт сиякты формасынан.
Біреуіне бірі сай ат пен ердің
Ағыбай шошып келед тұлғасынан.

Адамға Ағыбайдай салмас көзін,
Ер әкеткен алмастай бұдан кегін.
Ерегессе егерде шабатындай
Ойран етіп кеткендей бір тайпы елін...

Аяғы жок.

КЕНЕСАРЫ — НАУРЫЗБАЙ

(үзінді)

...Наурызбай шыға шабады,
Кекіліктеп зырқырап
Бидер шапты қасқа атпен,
Құйындай шаңы бұрқырап
Сонда басын көтерді,
Отырғандар көзі жылтырап.

Наурызбайдың сөзіне
Батырлары шыдамай
Хан қасынан ұмтылды,
Мендібай¹⁾), Дулат²⁾), Ағыбай,
Арғыннан шыққан үш жігіт,
Шәкір, Жәуке, Толыбай,
Олардан кейін қала ма,
Табыннан Қабан, Бұқарбай.

...Үш ай тоқсан күн еді,
Шаруа шешкен күйеген.
Науан бұл жол ағытты,
Ерлігінің тиегін.
Түсіріп төре кеткенде
Кене хан қақты иегін.
Бұқарбай батыр ап келді,
Ер Бидердің сүйегін.
Қазақ, Дулат жиылып
Мақалай қылды сүйегін!

Ағыбай батыр шабады,
Қашқан атын көреді.
Қырғыздан қорқып мойымады
О да қайсар ер еді.
Алып ханға келеді,
Тарту қылып береді.

1) Мендібай батыр — руы шұбыртпалы. Ағыбай батырдың немере ағасы.

2) Дулат батыр — руы шұбыртпалы. Ағыбай батырдың немере інісі.

Бұқарбайды мақтады,
— Бәрекелді, ерлік, — деп,
Ағыбайды шақырды,
Атын алып келсін деп.
Сүйекке шапқан ер болар,
Әркім мұны көрсін деп.
Жауға шапқан батырлар
Намыстанып өлсін деп.
Көңілде үлкен ер едің,
Сүйекке неге шаппадың?!
Жарамады олжа деп
Ағыбай атқа шапқаның.

Сүйеке шапқан ер екен,
Бұқарбайды мақтадым.
Ағыбай батыр қорланды,
Екі жағына сыймады,
Ішін жарып өлерге
Жанынан пышақ таппады.

...Баяғы сөзден Ағыбай,
Қарайған екен қанынай
Жеткен екен төпелеп,
Наурызбайдың жанына-ай.
Түсіріп төре кеткенде,
Шауып барып Ағыбай
Көтеріп алды Оразды.
Телқоныр аттан жалына-ай.
Қоқилатып қырғызды
Бермей кетті тағы да-ай.

...Қырғыздар шыдап тұра алмай
Қаша берді алақтап.
Наурызбай кетті соңынан,
Найзаменен шабақтап.
Бір-біріне ат қойды,
Қырғыз, қазақ жан-жақтан
Бір тозаңның астынан
Гүл-гүл жанып ыржақтап
Шыға келді Наурызбай.
Тоғыз ат салып салақтап.

Он бес атты ап келді,
Меңдібай, Дулат, Ағыбай.
Он екі атты ап келді,
Шәкір, Жәуке, Толыбай.
Он төрт ат бар қолында,
Қабан менен Бұқарбай.
Құрбан келді төрт атпен,
Нөпірі шығып тұлпардай.

...Ақауыз ат құлады
Қырғыздың атқан оғынан.
Наурызбайға ұмтылды,
Қолын қырғыз шоғынан.

...Қорғайын деп қырғыздан,
Ағыбай сыртын айналды.
Шамасы келсе тіресіп,
Қорғамакқа ойланды.
Бұқарбай мен Наурызбай
Салар еді ойранды,

Мінгесуші бір атқа
Олардың қолын байлады.
Сол уақытта қырғыздар,
Басқын жетіп өрледі,
Жалғыз өзі Ағыбай
Қорғауға әлі келмеді.
Алдыңғы жеткен қырғызды,

Араға түсіп кернеді.
Қолындағы найзасын
Оңды-теріс сермеді.
Ашасы өткен Абылай
Тілеуді берген бар құдай.
Бұқарбай мен Науанға
Ұмтылды қырғыз жабыла-ай.
Шәкір де жетті бір жақтан,
Қабан менен Меңдібай,
Кертайлақ атты жеткізді,
Жәуке менен Толыбай.
Кертайлақ ат жеткен соң,
Мініп алды Наурызбай.

Сегіз кісі бас косып
Су бойында алысты.
Тоқтата алмай көп жауды,
Үстіртке ойнап шығыпты.
Кезек жұмсап келеді
Найза менен қылышты.
Қалың жеткен қырғыздан
Ала алмады тынысты.

Сыйынады батырлар,
Аузы кеппей тілектен.
Шұбыртпалы Ағыбай,
Талайды шанышты жүректен.
Араласып Шәкірдің
Мылтық тиді білектен.
Ітшілесіп, сілкісіп,
Қорғап шықты түбектен.

Бұл сапарда құдайым,
Ерлердің жолын ондады.
Кертайлақты мінсе де,
Ақауыз аттай болмады.
Астына мінген атына,

Төренің көңілі толмады.
Артынан жеткен қырғызға,
Ұмтылуға болмады.
Сонда да тәңірі жар болып,
Тұтылып жауда қалмады.

Алсай Жаманұлының Хамиты
БАТЫРДЫҢ ҮШ ӨКІНІШІ

(Дастан)
(Ел аузынан)

Жасымнан өстім жырды жаным сүйіп,
Мазмұнын мағыналы ішке түйіп.
Сусыным қанша естісем қанбаушы еді,
Алардай бір басыма бәрін жиып.
Қарт жырау қолына алып домбырасын,
Бастайтын «әлқисса» деп сөздің басын.
Тізілтіп көз алдына сан тарихты,
Өткеннің баяндайтын уақиғасын.
Арудың ерте солған қызыл гүлі,
Айналып жоқтау-зарға бұл-бұл үні.
Қапыда қолға түскен қыран жігіт,
Бармағын тістеуменен өткен күні.
Болған ел «Ақтабанда» шұбырынды,
Сынсиды Қаратаудан зары мұңды.
Тоз-тоз боп дала кезіп, жуа теріп,
Айдыны Саумалкөлдің жасқа тұнды.
Туғанда қасіретті қарбалас күн,
Ел қылып басын құрал бар алаштын,
Атақты Абылайдай ханы болған,
Жүзіндей өткірлігі ақ алмастың.
Жаужүрек сонына ерген батырлары,
Шетінен мың сан қолға татыр бәрі.
Найза ұшы, садақ оғы, қол күшімен,
Қорғалған қазақ жері атырабы.
Сырт жаудан елін, жерін қалған сақтап,
Ел сенген үміті мен сертін ақтап.
Қарт жырау күй шертіп отыратын,
Дәріптеп кейінгіге жыр ғып мақтап.
Әуезді әлдилесе домбыра үні,
Тұнғандай көңілінде елдің мұны.
Желпінтіп жеңіспенен жігерлентсе,
Тарқайтын тындаушының ішкі шері.
Аңыз боп ел аузында сақталатын,
Жыр болып көкейінде жатталатын.
Батырдың ел қорғаған ерліктерін,
Жеткізген ұрпағына қаптал ақын.

Кобызбен, домбырамен, жырмен алау,
Тарихын, шежіресін ақын-жырау
Халықтың зердесіне кұйып кеткен,
Бұл күнде шырқалып жүр көкте мынау.
Соның бір үзіндісі баяндарым,
Жетсе егер ақындықпен оған дарын.
Солардың аруағына басым иіп,
Қоятын ескерткішім — қолда барым.
Ышқынып қарашаның желі суық,
Тұрғандай зікір салып кереге, уық.
Көкте бұлт шудаланып жөнкіледі,
Біреуін сатырлатып бірі қуып.
Қар түсіп қарашада қылауланған,
Жан бағу жәндікке де болған арман.
Шыдатпай қара суық жан біткенді,
Тоз-тоз болған табынды тобыр арлан,
Тайатқан басы мүлгіп мұнартады,
Көңілсіз табиғатқа мұң артады,
Өрекліген өзен де жылап ағып,
Қыстың да тақалғанын аңғартады.
Селеудің ұшып басы, сояу қалған,
Жусанның ісі де жоқ мұрын жарған,
Жайлаудың жазғы қызық айлы түні.
Тайатқан мен Шұнақтың ығын ала,
Қыз бенен бозбалаға болған арман.
Отырған караша үйлер кара-құра.
Ортада үлкен орда ақ боз үй тұр,
Оң жақта мамық төсек төрге таяу,
Іргесін көмкеріпті шым айнала.
Үстінде ауру адам ұйқылы-оюу.
Айнала отырған жұрт іштен тынып,
Дыбысын шығармайды сөйлеп баяу.
Таяқтай бір кездегі саусақтары,
Сіңірге ілініп тұр қаусап бәрі.
Зор дене, түкті кабак, шүңірек көз,
Қан-сөлсіз әжімделген беттің әрі.
Шыққандай қарауылға ақырғы рет,
Дөң мұрын томардайын шалғандай өрт.

Дем тартып тіршілігін сездіреді,
Тұрғанмен үстем болып меңдеген дерт.
Жағалай үйдің іші қала кілем,
Ілінген аң терісі қымбат кілең.
Жолбарыс төр алдында бөстек болып,
Айшықты адал бақан әсемделген,
Беріп тұр ордаға о да өзгеше ірең.
Алтындап сырлы бояу неше түрмен.
Сырмаққа қошқар мүйіз ою салып,
Желсауын шым жібектен шебер өрген,
Қыранның тұғыры тұр босағада,
Ескерткіш белгісіндей осы араға.
Төрдегі Абылайдың ала туы,
Бас ініп түсе алмастан арашаға
Батырдың тұсында тұр наркескені,
Тайсалмай талай жаумен белдескені.
Сұрапыл қиян-кескі айқастарда,
Ел үшін қан майданды бір кешкені.
Дүниенің жетпегенмен есебіне,
Кетпеген еш бір жауға меселі де.
Жатқаны енді мынау дәрмені жоқ,
Сексеннің келген шақта үшеуіне.
Бұл күнде ауру меңдеп, қайрат кеміп,
Тек қана ел тілегін жатыр еміп.
Кешегі алпамсадай батыр тұлға,
Табиғат бара жатыр заңы жеңіп.
Қам көңіл мұңға толы айналасы,
Кілкіген жанарына келіп жасы,
Ағайын, туған-туыс іштен тынып,
Дәрменсіз салбырайды түсіп басы.
Көтеріп жастығынан басын биік,
Алғандай бар қайратын қайта жып.
Тыныстап ауыр деммен бір күрсініп,
Шығарды өкінішін жүрген түйіп.
— Білемін, қимайсындар мені өлімге,
Бірге өтті өздеріңмен өмірім де.
Алашқа атым шыққан ер болсам да
Үш түрлі өкініш бар көңілімде.

Қорғауға ел намысын, кегін елдің,
Найза ұстап он жетімде атқа міндім.
Атақты қол бастаған батырлардың,
Бірі боп хан Кененің соңына ердім,
Ұрысты қиян-кескі талай көрдім,
Жарты кез пұшпағы үшін туған жердің.
Тайсақтап қайтқан емес бетім жаудан,
Мүлт кетіп дұшпанға атқан жебелерім.
Көрсетіп сан ұрыста қайрат-айбын,
Отындай жаркырадым нажағайдын.
Әрқашан әруақ қолдап, жолым болып,
Дейтін ел «Әруақты Ақжолтайым».
Келсе де жасым міне сексен үшке,
Ұқсайды кешкен ғұмыр көрген түске.
Осынша жасарымды білген болсам,
Қалмас ем бармақ тістеп өкініште.
Өлімнің құтылмастай қармағынан,
Қалың жау қоршағанда жан-жағымнан
Науанның «Ақкелеген» зарлы даусы,
Кетпейді әлі күнге құлағымнан.
Әркімнің болады ғой жаны басқа,
Мақсат бір болғанымен әуел баста.
Науанға қайта айналып барар едім,
Білгенде келерімді осы жасқа.
Осы еді айтпақшы бір өкінішім,
Кетпеген сірә есімнен ғапыл ісім.
Ағыбай атағыма үйлеспейтін,
Айтайын тындасаңдар екіншісін.
Жайылды атак, дацқым тамам елге,
Әруағым жебеу болып көргендерге.
Тұтынған затым егер қолға түссе,
Ырым ғып қасиеттеп ілер төрге.
Ел сыйлап, пір таныған қайран басым,
Тағдырдың жазымышы сол болғасын.
Сүйегім үлкен үйден шығарылмай,
Жастанды кіші әйелдің босағасын.
Талшыбық ақ, бәйбіше сүйген жарым,
Аманжол ,Аманбайдай балаларым.
Жер шалғай жете алмадық, ауру меңдеп,
Осы ғой көңілдегі бір арманым.

Шөкежан бәйек болып бағып жатыр,
Балалар одан туган балдай татыр.
Тек қана ылаңсыз атағыма
Деген сөз: «Токалынан шықты батыр».
Не дейді ертеңгі күн тосын адам.
Жасқанып жаудан бетім жасымаған,
Тоқалды қаңша жақсы көрсемдағы
Атыма ылайық па осы маған,
Ең зоры өкініштің жанды жеген,
Ойымнан бір шықпайды шошып денем.
Қапыда қан уыстап, азар кештім,
Бұ дағы бір әңгіме, сыры терең.
Кетейін әлім бар да айтып соны,
Тарқасын ішкі шерім зарға толы.
Мерт қылдым бір аруды білместікпен,
Сол болды өкініштің ең бір зоры.
Бір жолы жылқы алуға шықтық беттеп,
Жаз шыққан мезгіл еді дала көктеп.
Келеміз қырық жігіт, басшысы — мен.
Соқтырып сар желіспен самал өкпек.
Бақ қонып, қыдыр дарып әуел бастан,
Байлығы атақ-даңқы жұрттан асқан.
Жылқысы кілең тұлпар Жайық жақта.
Бай бар деп естігенбіз аты Бостан.
Жеткізген бізге айтушы оның жайын,
Қонаққа дастарқаны тұрар дайын.
Шешінен тұлпар туған жылқысының,
Басқа елге шығармайды жетім тайын.
Бағусыз көп жылқысы салып ойын,
Жатады жазда жайлап Жайық бойын,
Шетінен ұстап әкеп қосады екен,
Өткізер болса біреу айт пен тойын.
Кем болмай шыққан тегі аталықты,
Қыдырдан шаңқай түсте бата алыпты.
Бәйгеге қосқан аты тізбек келіп,
Еліне «Және Бостан» аталыпты,
Сонымен қырық жігіт кеттік жүріп,
Шамалап жер бағдарын оймен біліп,

Тақымға шокпар басып, қолда найза.
Сары садақ, сұр жебені мойынға іліп.
Жеткенде межелі жер қарасына,
Тіредік аттың басын дамылдауға,
Ел жатып қалар мезгіл шамасында.
Жайықтың жыныс тоғай, ағашына.
Суытып атымыздың ерін алдык,
Тың тындап айналаға құлақ салдық.
Шәугімге шай қайнатып, тамақтанып,
Ер жастап, тоқым төсеп жатып қалдық.
Тым қысқа бұл мезгілде жаздың түні
Дегенше өте шығар эне-міні.
Тербеліп самал желге жапырақтар,
Жағымды жыршы құстың шығады үні.
Жағасы Ақ Жайықтың жасыл құрақ,
Талайға ата қоныс болған тұрақ.
Қасқалдақ айдынында бір қылт етіп,
Қаз-үірек асыр салған су сабалап.
Түрілді түн етегі көтеріліп,
Қияға бұлт желегін кетер іліп.
Жер жүзін алтын арай нұрға малып,
Сұлу күн сылаң етіп шықты күліп.
Адамы секілденіп алыс жердің,
Үстіме қара барқын киім кидім.
Ауылын Бостан байдың бағдарлауға,
Елеусіз жүргінші боп атқа міндім.
Келемін жіті көзбен шолып маңды,
Көк майса ат тұяғы қақпас шанды,
Жолшы ма, жоқ іздеген жай адам ба,
Сияғым дегізгендей жолыққанды.
Күндағы көтерілді мандайды ала
Бір жан жоқ қыбырлаған, мидай дала.
Ұшқан құс, жүгірген аң кезікпейді,
Көлбеңдер көз ұшында сағым ғана.
Даланың майда қоңыр самалы ескен,
Шаңқиып ашық аспан төнеді үстен.
Көрінді ақ боз үйлі, жылқылы ауыл,
Асқанда құм-шағылды бір белестен.
Ауылға жақындадым жүріп жайлап,
Жөн сұрап, жай білуге сөз ыңғайлап.

Қаперсіз еш нәрседен бейбіт ауыл,
Желге жылқы иіріп, құлын байлап,
Таянып сәлем бердім ата жолмен.
Жолаушы келген жандай көлденеңнен,
Бір жігіт он жетілер шамасында,
Көзіме түсті ерекше өзгелерден.
Көргенде сол жігітті әлде неден,
Жүрегім шымыр етті, шошып денем.
Шыңғыртып жас құлынды береді ұстап,
Айырылмай екі қолы тиген жерден.
Басында сенсең тымақ, үсте шекпен,
Саптама етік, байпағын әдіпеткен.
Талдырмаш, бой тұлғасы, өткір көзді,
Секілді көргеннен-ақ қимылы өктем.
Шақырып оқшау тұрған бір жігітті,
«Мейманды үйге апар» деп әмір етті,
«Кетпесін мен барғанша» деген сөзі,
Естілді маған сұсты, құдіретті.
Екеуіміз аяңдадық үйге қарай,
Алайда білдірмедім бөтен сынай.
Кермеде қыл жирен ат байлаулы тұр,
Алды-артын шолып өттім көзбен орай.
Ақ үйге кіріп келдім сәлем беріп,
Ақсақал елең етті мені көріп.
Беруге қонақысы қам жасатты,
Жөн-жостық, амандықты сұрап-біліп.
Сияқты жас мөлшері жетпіс асқан,
Боз қырау сақал-шашы араласқан.
Жылқысын алуға біз іздеп шыққан,
Осы екен әйгілі бай және Бостан.
Сусындап көп бөгелмей жүріп кеттім
Балаға кездеспеуді ниет еттім.
Із тастап білдірмеуге келген бетті.
Айналып жігіттерге келіп жеттім.
— Жігіттер, атыңа қон, қамданыңдар,
Найза емес, ақ сойылды қолға алыңдар.
Ауылы Бостан байдың мына бетте,
Ат қойып, «Абылайлап» ет шабыңдар,

Уақыт аз, бәрін айтып түсіндірер,
Ауылда бала-шаға, кісі бірер.
Кермеде байлаулы тұр қыл жирен ат,
Алдымен соны қолға түсіріндер.
Адам жоқ ауылында қарсы шабар,
Айырып бізден жылқы алып қалар.
Бір бала он жетілер шамасында,
Бір қайрат көрсететін осы болар.
Көрсетсе бір көрсетер осы қайрат,
Түсінде батырға тән бардай айбат.
Тәуекел, не істеуші еді жалғыз бала,
Тіндер ен жылқыға «Абылайлап»,
Лап қойды қырық жігіт кідірместен,
Шаң басты ауыл үстін астан-кестен.
Қарулы қалың қолға шыдасын ба,
Жылқыны айдап шықтық елдей көшкен.
Ес шығып даңғазаға, айқай-шуға,
Құлын-тай аяқ асты қақтығуда.
Шыққанда қозыкөш жер елден аулақ,
Шаң шықты артымыздан бір шөк шуда.
Сол шаңға қарайладық көзді тігіп,
Алуға атып қоса етіп үміт.
Сүйткенше құйындатып келіп қалды,
Қыл жирен үстіндегі бала жігіт.
Тигенде ен жылқыға «Абылайлап»,
Қыл жирен жер тарпыған көзі жайнап,
Жігіттер сұғынып кеп ала алмаған,
Кісен сап, шынжыр керме қойған байлап.
Суылдап құйрық-жалы ескен желге,
Түйдек шаң артта қалып дестелене,
Жылқыға араласып кетті кіріп,
Алданып мойын бұрмай ештеңеге.
Кәнігі ұрылардай сірі тақым.
Орғытып ойпаң жерден мінген атын.
Жігерін құмдай қылды батырлардың,
Келтірмей сойыл сілтер жерге жақын.
Ұстатпай каша ұрыс сап алдын орай,
Жеріне қауіптенер маңайламай.
Атынан үш-төрт жігіт түсірді де,
Қайтарды жылқы бетін кейін қарай.

Сойылын сілтей алмай ыза кернеп,
Кей батыр капаланып қалды мендеп,
Түспа-түс кеп қалғанда қапталыма,
Мені де салып өтті көлденендеп.
Қасына тиген шоқпар қайың ердің,
Быт-шыт қып сындырғанын көзбен көрдім.
Бұл ыза қайратымды сыртқа теуіп,
Шақырып аруағымды күңірендім.
Жалма-жан көк найзаны алып қолға,
Лақтырдым мұрша келмей ойланарға.
Қыл жирен шөкесінен құлап түсті,
Ат жалың құша лықсып жігіт алға.
Етпеттеп жігіт жатыр жерді қауып,
Артынша батырлар да келді шауып,
Көргенде қыз екенін түйген шаштан,
Құлап қала жаздадым есім ауып.
Кетіпті болат найза жерге кіріп,
Қайғырдық сол арада қапа болып,
Қара қан дірдектейді құмға сіңіп.
Батырдың қыз екенін сонда біліп.
Әр адам қасіретін көзден ұқты,
Болғанмен жан шыдамас қанша мықты,
Найзаны зорға тартып алғанымда,
Ышқынып қыздың жаны бірге шықты.
Хабарлап Бостан байға алып жүрдік,
Бұл кезде шығып қаппыз жолға күндік.
Қаралы қайтқан көштей ұбап-шұбап,
Ауылға бесін ауа келіп кірдік.
Бостан бай жас сорғалап сақалынан,
Қан жұтып қайғыменен капаланған.
Мән-жайын білгеннен соң жортуылдың,
Қос қолын теріс жайып бата қылған.
— Ел сыйлап, қадірлеген, ханым Кене,
Осы ма бергендігің елге өнеге.
Бүлік сап тыныш жатқан ауылыма,
Бар еді қанды кегің қандай менде.
Жазықсыз жан болды ма белдескенің,
Жау болып шыққаны ма ел дескенім.
Жіберсең сәлем айтып ат керек деп,
Шетінен көзін тізіп бермес пе едім,

Қазақтың жетпеді ме ең даласы,
Бар еді қандай құның менде аласы.
Келгенде жетпіс төртке қу бас шалдың,
Жазылар енді қайтып жан жарасы.
Өсірген ұл орнына жалғыз қызым,
Шынымен таусылды ма дәм мен тұзың.
Мал жиған зияным жоқ бір шал едім,
Сұм тағдыр мені қайдан көрді көзің.
Айтқам жоқ төрде отырып елге билік,
Ел-жұртым сыйлаушы еді жетпіс үйлік.
Жазығым бір құдай мен Кенеханға,
Жылқымның болғаны ма бәрі жүйрік.
Түн болды енді міне көрген күнім,
Қапамен қайғы жұтып шықпайды үнім.
Тал қармап тұңғыққа тастағандай,
Бар еді қандай жазық, қандай мінім.
Қол жетпес шынар едім өскен биік,
Ішіме жалын-шоқты салды күйік.
Бұл малдың енді маған керегі не,
Алып бар Кенеханға бәрін жиып.
Қалыппыз жер шұқылап төмен қарап,
Айтқандай бізге қарғыс барлық алап,
Білмедім не айтарымды Бостан байға,
Өсірген жалғыз қызын ұлға балап.
Өкіндім бармақ тістеп қапаландым.
Қанішер қарақшыдай атанғаным.
Ағаттық бір іс өтті, шара бар ма,
Бостанның қанға малдым ақ сақалын.
Сол қызды көргеннен-ақ сұм жүрегім,
Сезгендей бір сұмдықты дірілдедің.
Сескеніп ешбір жаудан қайтпаған бет,
Тайсақтап кездесуден неге нмендің.
Жасырып сеңсең тымақ түйген шашын,
Шекпені көлегейлеп бой-тұлғасын.
Қызға тән нәзіктігін байқамаппын,
Болған соң қайраты өктем, сұсты басым.
Сол қызды айттырғанда Наурызбайға,
Бодар ед теңелгендей жұлдыз айға.

Адамның арыстаны туар еді-ау,
Халыққа тигізетін нағыз пайда.
Не керек, бұл әшейін өкінішім,
Қан жылап, әлі күнге қайнайды ішім.
Құдайдың берген маған зауалы ғой,
Өмірден бармақ тістеп өту үшін.
Сонымен жылқы алмастан қайттық елге,
Шомылтып атымызды адам терге.
Арқалап Бостан байдың қайғы-зарын,
Түскендей өзіміз де сергелдеңге.
Жорықтың әрқашанда жолы қатты,
Дегенмен осы оқиға жаман батты.
«Болар іс болды, еліңе бос қайтпа» деп,
Бостан бай жетектетті бір-бір атты.
Осы еді өкінішім өмірдегі,
Түйткіл боп кетпей жүрген көңілдегі.
Күрсініп ауыр демін ішке тартып,
Ақ туға көзін салды төріндегі.
Онан соң ешбір дыбыс білінбеді,
Бетінен нұр сәулесі көрінбеді.
Еріні болар-болмас дірілдеді,
Жан-жаққа қоштасқандай қарады да,
Жұлдызы ағып түсті көгіндегі.

Жеңіс Қашқынов
АҚЖОЛТАЙ АҒЫБАЙ

Өмірінде жан емес бұғып көрген,
Ақыл, күшке, сенім мен үмітке ерген.
Батырға тән ежелгі әдетпенен
Түнде Ағыбай шолғынға шығып келген.

Батырлығы шығарсын төске мұны,
Толмай отыр ісіне еш көңілі.
Хан алдына бар сырын жайып салды,
Көкжал болып даланың өскен ұлы.

Тыныштыққа маужырап аймақ тұнған,
Ай жап-жарық. Жұлдыздар жайнап тұрған.
Таң алдында үнсіздік бұзылды да,
Бір қарайған көрінді жайлап қырдаң.

Жазық бетке түсті де құйындатты,
Ат тұяғын боз дала сүйіп жатты.
«Қайт, қайт кейін, өлесің!» — деп айқайлап,
Қарсы шаптым келді де жыным қатты.

Ағызып кеп найзамды қағып қалды,
Қолдан шығып көдені қауып қалды.
Денеме ұшын дарытпай ту сыртымнан,
Содан кейін ол найза салып қалды.

Батырлардай шыныққан жорықтағы,
Менен өзі именіп қорықпады.
Найзамды ізден таппадым есеңгіреп,
Түс көргендей аң-таңмын болып тағы.

Оңға басып жүрсе де ісім бұрын,
Сол салт атты көрсетті күшін мығым.
Өмірімде мұндайды көрмен едім,
Шындыққа айналды түсім бүгін.

Жаумен жастай ұнаттым алысуды,
Шабуылды, жорықты жаным сүйді.
Тірі өлік боп оралсам дел-сал болып,
Ақ ордада найзам тұр шанышулы.

Пәс көңілі, тұнжырап бүгіліпті,
Бас батыры Ағыбай сырын ұқты.
— Науан шығар әзілдеп ойнап жүрген, —
Деп хан Кене сәл ғана жымныпты.

Ақжолтай Ағыбайдан шұбыртпалы,
Осы әңгіме қалғанды ел ұмытпады.
Ет-сүйектен жаралған батыр да аңғал,
Болатынын жұртшылық ұғып қалды

* * *

Ағыбай бас батыры хан Кененің,
Жорықта күш-қайратын, салды өнерін.
Қызғыштай қорғай білді кең даласын,
Кемедей қайырылып қалған елін.

Арбасқан өмір, өлім қатал сынға,
Бел шешіп түсті батыл жата алсын ба.
— Ағыбай жолы болғыш бас батырым,
Ақжолтай, — депті Кене, — аталсын да!

Жанары қыран құстай шашқан жалын,
Жорықта көп сынады жастай бағын.
Айырылып хан Кенедей серігінен,
Өкініп тістей берген бас бармағын.

Батырдың қапаланар жөні барды,
Төтелеп төске салған жолы қалды.
Ұлтандай иеленер жер бұйырмай,
Ақ патша, жандайшаптар бөліп алды.

Көрсетті қаһар төгіп күш қаттыға,
Жауына тіршілікте ұстатты ма.
Шұбыртпалы Ағыбай атанса да,
Көрді ғой шет қағу мен қыспақты да.

Кешегім ел көшінде бұлдыр қалып,
Туды ғой аңсап күткен күн бір жарық.
Елтаңбам арайлана жарқырайды,
Әнұран көкті шарлап күмбір қағып.

Теңіздей ашық аспан мөлдірейді,
Болғанын ұзағынан ел тілейді.
Ағыбай батыр кеше арман еткен,
Тәуелсіз ел жалауы желбірейді.

Сырбай Мәуленов

АҒЫБАЙ КҮМБЕЗИ

Қазақтың маңдай алды мақтаулы ері
Тайатқан-Шұнақ оның жатқан жері.
Ол жайлы айтыс-тартыс көп болса да,
Келеді көкірегінде сақтап елі.

Екпені тау селіндей сарқыраған,
Қас дұшпан үрейі ұшып қалтыраған,
Қолында шолақ найза қол бастады,
Астында Ақтангер ат арқыраған.

Ежелден ата-баба қоныстанған
Жауларға жайылым, кең өрісті алған
Ағыбай ашу буып, айбат шегіп,
Абылай туы астына соғыс салған

Дұшпанға арыстандай атылатын,
Атаған Ақжолтай деп Батыр атын.
Жол тартып, кара түнде жорық шегіп
Тандарын ат үстінде атыратын.

Он үште арғымақтың жалын түйіп,
Көтерген батырлықтың бағын биік.
Найзасын найзағайдай жарқылдатқан,
Науанды ардақтаған жаны сүйіп.

Көмілмей оныменен бір адырда,
Өзінің өлді қоныс тұрағында,
«Хош» деген Наурызбайдың жалғыз сөзі
Өлгенше тұрды кетпей құлағында.

Тулаған талай жауы тақымында
Ерекше жаратылған батыр тұлға.
Алыстан мен мұңдалап шақырғандай
Мазары Ағыбайдың жатыр қырда

Баяғы сарынындай канды жорық,
Қаратал күркірейді жарды соғып,
Батырдың зәулім биік мұнарасы
Тұрғандай торуылдап, жауды шолып.

ТАРИХИ Аңыз-Әңгімелер

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АҚИҚАТ

Шұбыртпалы елі Ағыбай батырдан арғы уақытта Түркістанда екен. Ол кезде Шұбыртпалына Серкеұлы Хана би деген кісі билеген. Хана би сексен жасқа келген кезінде билікке шыға алмай, жиын топқа бара алмай отырып қалады. Хана бидың жиын топқа бара алмай қалғанын Бекежан деген он жеті жасар бала бір ту биені бидің босағасына байлап билігін сұраса керек. Хана би баланың талабына көңілі толып: «Балам, жасым сексеннен асты, бұрынғы күнім жоқ, ел билігін аманат етер ұрпағым болмады, саған бағамды берейін, қолыңды жай» дейді. Бекежан тізе бүгіп қол жаяды. Сонда Хана би:

«Балам қолыңды жай маған,
Бата берейін саған.
Мінезің қара жердей ауыр болсын,
Құлағың тебінгідей сауыр болсын,
Арқаң қара нардай жауыр болсын
Ағайынның тектесін,
Алашқа ақын кетпесін,
Алдыңнан сөзің өтпесін,
Жасың жетпіске жетсе де,
Сексенге сірә жетпесін!» — деп

бата беріп болған соң: «Ал, балам, мен не айттым, сен қалай түсіндің» деп Бекежаннан сұрайды. Сонда Бекежан: «Мінезім ауыр болса — тәуір болам, құлағым саңырау, сауыр болса — өгірік, өсекке ермеймін, арқам жауыр болса — халқым үшін қызмет етуге жалықпаймын. Ағайын манайымда болмаса — кісі кісілікке ие болмайды, алдымнан билік әділ айтылмаса — басқа біреудің алдына барып беделім түсер, ал енді жасым жетпіске жетседе сексенге жетпеймін біле алмадым», — дейді.

Сонда Хана би: «Әй, балам-ай, саған құдай екі жетпіс екі сексен жас берсе де көпсінем бе, жетпістен асқан соң өз басыма алты пәле кез болды, сол пәледен аулақ болсын деп едім!» — дейді. Бекежан: «Ол пәлеңіз қандай пәле?» — деп сұрады. Хана би: «Ол мыналар: үлкен үйге кіре алмадым, кіші үйге сия алмадым, қара шашты әкем болды, қалың шашты

шешем болды, жұрттың бәрі көсем болды. Кәрілікке сырқат серік болды. Балам бұл сөзімнен не білдің?» — дейді.

Бекежан: «Үлкен үйге кіре алмағаныңыз — қатарыңыз өтіп кеткені, кіші үйге үлкен адам шақырмаса өз аяғыннан бара алмас, кара шашты әкеніз — баланыз. Қалың шашты шешеңіз — келінііз. Ел көсемі бұрын сіз едіңіз, қартайған соң сізге әркімдер жол айтады екен, бала сияқты теңдіксіз боп қалады ғой кәрі кісі. Өзің кәрі, өзің сырқат болған соң жағдай белгілі ғой!» — дейді.

Осымен Шұбыртпалы елін Бекежан 15 жылдай ғана билеп дүниеден жас кезінде өтіп кеткенде бес жасар Әйеке деген баласы қалады. Әйекенің нағашысы кара керей Қабанбай батыр екен деседі. Шортанбай ақын:

«Бекежандай ұл тумас,
Қайны болмас Қабандай.
Балам бар деп мақтанба,
Өзіңнің болса аянда» —

деген сөзді осы орайда айтса керек.

Бұдан соң Шұбыртпалы елін Наубай деген кісі билеп жемқор бопты, елде тік мүйіз лақ болса мүйізін кертіп белгілеп, серке шығарып қазысын айналдыратын уақытта әкеп бересің дейді екен. Бұл Абылайдың Қасымханының кезі екен. Қасым мен Наубай тізе қосып ел жағдайы азайған соң Түркістаннан көшіп Шұбыртпалы елі екі бөлініп, көпшілігі Балқаш көліне қарай, азшылығы Ақмешітке қарай кетіпті. Әйеке Бекежан баласы осы кезде он жастың шамасында болса керек. Әйеке он екі жасқа келгенде 10-15 баланы сонынан ертіп топ болып жүреді екен. Аулы бір күні ауыл көшіп. Әйеке қасындағы балаларымен жолдағы бір ауылға сусын ішуге бір үйге түссе, қос дөңгелек салпыншақ Ағыбай таңбасы бар Қызылжөк ат әлгі үйдің белдеуінде тұрғанын көреді. Біздің елдің біреуі деп ойласа, үйге отырған ат пәсі бөтен адам болып шығады. Сол жерде Әйеке балаларды тездеп ертіп, үйден шығып, пәлен деген кісінің қызыл аты жоғалды деп еді, мынау сол ат. Атты алып қашайық, — деп ер-тоқымын сыпырып тастап, атты алып қашады.

«Аттан! Атты әкетті!» — деп қуғыншы қуып, келесі ауылға Әйекені қуып жетеді. Ол ауыл үлкен кеменгер бидің ау-

ылы екен. Қуғыншымен Әйке бидің алдында дауласып, Әйкенің сөзі аққа шығады. Сонда би: «Бала мүмкін көп сүрмес, көп сүрсе өмір тек жүрмес. Алар болса ақысын сенімен маған білдірмес. Ат баланікі — болды, шалжырақтамай атын бер», — деп атты Әйкеге алып береді. Сол күннен бастап Әйкенің аты шығады.

Әйкенің Әшір, Тәшім деген ұлдары болған. Әйкені төсегінде жатқанда түнде қыпшақтың бір бәсекелес әлдісі атып өлтірген. Әйке болыс өліміне келген әйгілі Бұдабай акын жоқтау шығарған екен.

ҚОЙСАНА БАЙҒОЗЫҚЫЗЫ

Ағыбай батырдың шешесі Қойсана деген кісі Тарақты руынан шыққан. Абылай ханның ту ұстаушысы Байғозының баласы, Наймантай батырдың немересі екен. Ел аузындағы:

Тарақтыдан Байғозы
Бұ да асқан ер еді,
Наймантайдың камшысы
Сойылдан қатты дер еді, —

деген өлең жолдары осы ерлерге сүйінішпен арналса керек. Қойсана да балаларына ұқсап батыр болған. Ағыбайға екі қабат күнінде көшіп келе жатқанда алты қаракшы көшіне тиіп жалғыз әйел ұрыс қып, қолында бақан, алтауын ұрып түсіре береді. Жау бірін-бірі сүйеп әйелден жеңілген соң біреуі тұрып: «Қояйық, бұл әйелдің күші емес ішіндегі арыстанның күші ғой», — деп жүріп кеткен екен.

Ағыбайдың әкесі Қоңырбай. Ол кісі Ағыбайдың жас кезінде өлген. Бұл кезде Ағыбай батырмен Ботабай баласы — Наубай әрі тұстас, әрі немере екен. Наубай Қасымханға арқа сүйеген ел жегіш қатаң болыпты. Ағыбайдың бәсіресі Қарабесті деген жақсы атты он бес жасар Ағыбай жылқыдан ұстап әкелсе, Наубай айқайлап мына Қарабесті атты кім әкелді, бәрі әкел атты деген соң, Қойсана жүгіре шыққан баласының соңынан қоса шығады. Сонда Ағыбай: «ат өзімдікі бермеймін» — деп атқа таласқан екен, Наубай қылышын Ағыбайға ала ұмтылғанда, Қойсана бәйбіше: «Балама тиме атың құрсын!» — деп атты шешіп береді.

Қайыны Наубай кеткен соң Қойсана бәйбішеге ой түседі:

«Мына Наубай малыма не қылмады, өстіп жүріп бір күні жалғыз баламнан айрылармын. Жаңа баламен атқа тала-сып, қылышын алып ұмтылды. Мен болмасам бала атты бер-мей Наубай баланы өлтіріп кетсе қайттым, қой мен балам-ның аманында төркініме жетейін», — деп ел жатқан соң түн-де жүгін артып көшкен екен. Көшіп келе жатып, екі күннен соң көп қоңсысы бар бір ақ ауылдың үстінен тап болды. Бұл ауыл Қасымханның ауылы екен. Ауылға тақап анадай жер-де қонған соң құдыққа суға барса, кешегі Наубай тартып әкеткен Қарабесті ат құдықбасында шалғында арқандаулы тұр дейді. Қойсана ертеңіне хан ордасына барып, есігінен ізет етіп, тізе бүгеді. Қасым шаруасын сұрайды. Сонда Қой-сана: «Баламның жалғыз атын кеше Наубай тартып әкетіп еді, сізге тарту етіп беріп кетіпті. Баламның жалғыз аты бол-ған соң сұрай келіп отырмын», — дейді. Қасымға Наубай ат-тың мақтауын жеткізсе керек. Атты ерттеп мінгенде бір кісі-ге жүгендетіп міндірмейді. Ол үшін мықты екі жігіт керек» десе керек. Осы өз есінде қалған Қасым әйелдің көңілін ау-лап, «Атың ана тұр, атыңды барып жүгендеп ал, ала алма-саң арқаннан қозғама, солай тұрсын», — дейді. Онысы ат әйелге әл бермейді деген ойы еді.

Қасым «өзім көремін» деп үйдің ішінде есікті шалқасы-нан аштырып, шынтақтап жатып қарап отырыпты. Қойсанан-ның орамалының арты желп еткенде ұйықтап жатқан ат ұшып тұрып, ышқынғанда қазығын жұлып кетіпті. Сол кез-де Қойсананың қолына қазық тиіп, тартып қалғанда шалқа-сынан түсіпті. Бірден жүгендеп, үстіне мініп алып, екі аяғын екі қолтығына салып алып басқа-артқа басып шауып ала жөнеліпті. Ат пен әйелдің алысып, әйелдің қайраты асқанын көрген Қасымхан қайран болып: «Мына дұзқарадан туған бала тегін бала емес», — екен депті.

Қойсана атты алып келгеннен кейін «Наубай бізді өлтіре-ді, неде болса көшейік», — деп түнде бір түйеге мініп, бір түйені жетектеп көшіп кетеді.



АБЫЛАЙ ХАН АЛАҒЫНДА БАТЫРЛАР САЙЫСЫ

1822 жылы наурыз айында Қасымханның тоқалы ұл тауып Көкшетаудағы қоныстанған елге үлкен қуаныш әкеледі. Қасымханның кенже баласының шілдеханасына үш жүздің атақты билері, ру басылары, батырлары келген еді. Жиналған ел баланың атын Наурызбай деп қояды.

Атжарыста жиырма жасар Кенесарының аты бірінші келгенде Қасымханның қуанышы екі есе тасыды. Сонда баяғыда Абылай заманында ерлік көрсеткен қарт батырлар айтқан екен: «Ей, Қасым хан, нәрестең бізді бір қуантса, бір ұлын өзінің батырлық тұлғасымен көзге түсіп отыр. Осы жерде көзір үш жүздің ең мықты, қазақтың бетке ұстайтын, намыс жібермейтін жас батырлары жиналған екен. Баяғыдай Бұрабай көлінің жағысында Абылай алаңында батырлар сайсын өткізіп, Кенесарыны сыннан өткізбейміз бе? Кезінде ұлы бабаң бізге, яғни бесқарулы ержігітке он талап қоюшы еді: олар: «күресте жеңу, аударыспақта басым түсу, садақ тартқанда құралай көзіне тигізу, құрықпен, шоқпармен өнер көрсету, асау атты үйрету, бүркітпен тұлкі алу, атжарыста мөреге алғаш жету, қылыштасуда көзге түсу, найзаларда жауып қанбақтай ұшыру, найза атуда нысаға дөп тигізу». Сонда Қасым: «Қадірлі халайық, қадірлі қарт батырлар: «Бей ер ел үшін туады» деуші еді, сіздердің ақылдарыңыз ақыл екен. Орда бұзатын, халқымызға камал болатын жас батырларымызды сыннан өткізу ел алдында үлкен борыш», — дейді.

Бұл айтылған сөздерден кейін Абылай алаңына Ұлы, Орта Кіші жүзден іріктеліп, ең жаужүрек, найзагер батырлар топтанады.

Қарт батырлар кенесінен кейін, әр жүзден бір-бір батыр Кенесары батырмен сайысқа түсуге шығады.

Бірінші күні Кенесары «Абылайлап» Ұлы жүздің батырымен найзаласып, Қасымханның қуанышына бөленеді. Екінші күні топты жарып шыққан Кіші жүздің батырымен сайысқа келгенде, Кенесары Абылайдың аруағын шақырып жеңіске жетеді. Үшінші күні Орта жүзден қарт Бөгенбайдың, Қабанбайдың, Олжабайдың, Малайсарының, Шақшақ Жәнібектің, Қаздауысты Қазыбектің, Баянның, Байқозы батырлардың

ұрпақтары шығады!» — дегенді естігеннен кейін халық есепсіз көп жиналып: «Әй, тоба» деп күтіседі.

Сайыс өтетін уақыт келеді. Кенесары мазаланып қарама қарсы беттегі топтанып тұрған батырларға қарай береді. Бір кезде сол топтан қос жұдырықтай екі ақсақал шығып Қасымханның алдына келіп: «О, алдияр! Кенесары батыр мен сайысқа түсетін батырларымыз жоқ, баяғыда асыл бабаларымыздан тамырымыз үзілген деген осы» деп күңіреніп, бүгіліп отыра қалыпты. Қасым хан ашу кернеп: «Бұл не дегендерің, алжыған шалдар, сенбеймін, үш күн беремін менің Кенеме қарсыласын тауып беріндер! — деп әмір айтады.

Үшінші күні, айтқандай, Абылай алаңына орта жүздің ақсақалдары бір батырды шығарған екен. Өткен үш күнде Қасымхан да жай жатпай Ұлы жүздің, Кіші жүздің адамдарын шақырып айтқан екен: «Кенекең шапқанда «Абылай» деп қостап, сендер де ұран салындар», — дейді.

Кенесары сайланып шығып, қарсыласына қараса, астында бір шұбар аты бар екен, аяғы салақтап жерге дейін жеткен, үстінде жалма-жұлма құлынның терісінен жасалған бір киімі бар, қолында найзаның орнына ұстағаны құрық дейді. Осыны көрген Кенесары мырс етіп, әкесінің алдына барып: «Әкежан, алдымда тұрған жын ба, пері ме, не дулығасы жоқ, не найзасы жоқ, аты тым қораш екен, соны батыр деп қалай сайысқа түсем» деген екен. Сонда Қасым: «Ей балам «ерді кебін ішінен таны» деген, не болса да оны жайлап кел» — деп сайысқа жібереді.

Кенесары атын таудағы лактай секіртіп-секіртіп алып «Абылай, Абылай» деп ұран салып қарсыласына ұмтылады. Абылай алаңына жиналған ел «Абылай, Абылай» деп қостап, **шыққан дауыстары** Оқжетпестің қиясында отырған құстарды дүрліктіреді. Бұл кезде Кенесарының қарсыласы да желіп келе жатады. Қызыққан ел «ұраны қандай екен» деп құлағын салуда. Бір кезде жанағы еңгезердей дәу «Ақжол Ақжол» деп ұран салады. Батырдың «Ақжол» деп шақырған әруағынан Бурабайдың толқыны шымырлап кетіпті. Қарап отырған Қасымхан бармағын шайнап жіберіп: «Әттең, Кенесары құлады ғой, құлады ғой», — дей беріпті. Қасында отыр:

ған үлкен шешей «Тәйт, бұл не сандырағын», — дегенде Қасым хан: «Кенекем Абылай деп ұран шақырса, анау бейтаныс жігіт біздің Абылай бабамыздың «Ақжол» деген аруағын ұранға қосты ғой», — деген екен.

Қасымхан болжағандай бейтаныс батыр жақындағанда Кенесарыдан құрығын бұрын жұмсап, оны аттан төңкеріп кетеді. Осымен сайыс бітеді.

Қасымхан бейтаныс батырды шақырып жөнін сұраған екен. Сонда батыр: «Менің атым Ағыбай, аргын-қаракесектің ішінде шұбыртпалы руынан боламын», — дейді. Қасымхан отырып: «Айтулы, Кенесарыға жолдас болатын ер екенсің, не тілеуің бар?», — деп сұрайды. Ағыбай: «Біз алпыс үй шұбыртпалылар ағайынның ала-көздігінен жәбір көріп Арқаны тастап Сыр бойын паналап жүрміз», — депті. Сонда Қасымхан: «Осындай ер туғызған шұбыртпалы руына» деп, Бетпақдаланы қоныс етуге әмір етіпті.

ТҮЛЛІК ТИТАҚҰЛЫНЫҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

Сарттар бірнеше рет Есенгелді, Саржан һәм Ержан шауып кете берген соң, алдап Қасымға кісі жібереді. «Біз қарадық. балаларын жіберсін, сөйлесіп, екі арамызды жайғастырып тұрайық» деп. Қасым Есенгелді, Саржанды һәм Ержанды жиырма кісімен жібереді. Бұлардың ішінде он тоғыз жастағы Ағыбай жүр демесе де бірге жүрді. Сарттардың шақырған жеріне барғанда бұларды құрмет етіп, сыйлай бастады. Сарттардың даяшы болып жүрген кісілерінің ішінде бір қазақ жүр. Әрдайым келгенде Ағыбайдың екі көзі сонда, сол жігітте. Ағыбай сөйлесейін десе, сарттардың көзінше сөйлесе алмайды. Төртінші күні тамақты кеш бере бастады. Бір ретін тауып қазақ жігіт: «осының ішінде Ағыбай бар ма?» — дегенде, ишаратпен орын көрсетті. Жігіт те ишаратпен: «бүгін өлтіреді» деп айтты. Сонда Ағыбай: «Менің атым ана жүрген, оның қасында қызыл ауыз боз екеуін дайында», — дегенде, жігіт басын изеп бара жатып: «Мен де шұбартпалымын», — деп жүре береді. Ағыбай төрелердің қасына келіп, ишаратпен өлтіретінін сездіреді. Кешкі тамақ келгенде, төрелер жей алмайды. Сонда Ағыбай табақтарды алдына алып: «Өлсем атауым, өлмесем жол азығым» деп барып жеп қойды. Табақтарын жиып алған соң, сарттар төрде отырған төрелерді біртіндеп шығарып, бауыздай бастады. Бесінші ретінде қазақ жігіті Ағыбайдың бетіне қарап: «дайын» дегендей ишаратпен көрсетті. Алтыншы ретінде қазақ жігіті есебін тауып, шығарып жіберді. Ағыбай өз атына мініп, қызыл ауыз атты жетектеп қашты. Мұны сарттар білмей қалды. Неше күн жүріп, Ағыбай түнде Қасымның аулына келіп, қалайша Қасымға айтудың мәнісін білмей тұрып, ақырында Қасымның үйіне сүйкенді. Сонда Қасым ояу жатып: «Кім?» — деп сұрағанда: «Мен Ағыбаймын», — деді. Қасым: «Ия амансындар ма — дегенде, «Аманбыз» — дейді. «Жарайды бар да жата бер», — деді. Ағыбай не айтарын білмей үйіне келіп жатты. Қасым екінші сөз сұрамады. Таң қараңғысынан Ағыбайдың шешесі ұрып: «Тұр, Қасымдікі үйін жығып артып қойыпты», — деді. Көш жөнеліп, Қасым алдында жалғыз жүрді. Манайына ешкімді жолатпай үдере көшіп Шуға үш күнде келіп қонды. Түн болған соң халықты алып: «Далаға көп қылып әр жерлерге баялыш, сексеуіл жағып-

дар, түн болған сайын отты көбейтіндер», — деп айтады. Ертеіне сарттарға он кісі жібереді. «Бар сүйенгенім Есенгелді, Саржан һәм Ержан еді, оларды өлтірді. Енді қалғаны — Кенесары жас, мен сарттарды алдамаймын, мен қарадым. Маған басшы адамдарынан кісі жіберсін, далада көшіп жүрген жалаңаш, аш, арық елміз, көп қылып тамақ жіберсін. Егерде сенбесе, келіп байқасын», — деп... Бұл хабарға сарттар көп тамақ, нәрселер артып, сауыт-саймандарымен келді. 150 кісі мөлшеріндей. Қасым кемпір-шалдар, жас балалар кем-кетік жан аз қолмен келген сарттарды жақсылап күтіп былай дейді: «Иә, сарттардың балалары, сіздерге қарадым Есенгелді, Саржан һәм Ержаннан айрылдым. Енді менде сендермен қаруласатын кісім жоқ. Қолды, әскерді таратамын, мен өзім сендерге қарадым. Егер бұл қолдар, әскерлер менімен бірге сендерге қараймын десе, өздері ықтиярлы». Қасым көп әскерін жақын жерге қойып, шамалы қолмен келген еді. Сарттар қуанысып: «Иә, Үке, сіздер де Қасыммен бірге қараныздар, сарттың балалары сіздерді күтеміз, ешкім тимейді». — деді. Сонда Қасым: «Иә, әскерлер, сіздер де қарасаныздар қайтеді?» — деді. Әскерлердің бірсыпырасы көнген болды, қалғандары көнбеген болды. Мұның бәрі Қасымның айла-құлығы, қалайда сарттарды біраз күнге сендіріп өш-кегімді аламын деген. Ақырында әскерлердің бәрі көніп сарттарды сендіріп, бәрі бірдей араласып жүрді. Келген сарттардың басшысы бар еді, сол Бегдербегіне сүйінші сұрап, кісі жіберді, «Қасым шын ықыласымен бізге қарады», — деп. Қасым жасырын өз әскеріне астыртын хабар қылып алғанын, қалған сарттарды көгендетіп, өз қолымен бауыздап, сол күні қайта көшіп кетті. Сарттардан осылай кегін алды. Қасым туғанда, екі қолымен қан ұстап туған деседі.

* * *

Қасымның үлкен қатынынан Есенгелді, Саржан, Ержан һәм Кенесары. Тоқалынан — Наурызбай, қарындағы — Қарашаш. Үйсіннен шапқыншылықтан келген әйелінен — Бошы. Ағыбайдың әкесі — Қоңырбай, бірге туыскандар: Маңабай, Танабай, Мыңбай. Кенесарының қолдарының ішінде шұбыртпалы — 62 үй. Танабай әскердің ішіндегі үлкен қаһарлі. Өзіне бөліп берген әскерге қолбасшы. Шұбыртпалы

қолдың ішінде рулы елге ешкім батпайды, өздері тиіседі қарсы келмейді. Ағыбай Олжабайұлы ешбір қолбасшылықта жоқ, Кенесарымен құрдас.

Осы жерде айтып кетуге тура келеді: бір уақытта қол-кер жорыққа аттанып бара жатқанда, бір сары шымшық торғай Ағыбайдың басына келіп қонып, біресе екі пығына негіне, мұрнына қонып жүргенін қолдар көріп, Ағыбайдың қасына келіп, торғайды қамшымен түртіп, қонатұғын кісіге қонбай, қонбайтын кісіге қонып деп тамаша қылыпты. Торғай бір көш жерге шейін қонып, көрінбей кетті. Аңушы бірге жүрген — Шынбай Мынбайұлы һәм Бектемір молла және барша шұбыртпалы айтады.

Ағыбай көселеу, селдір сақалды, ұзын бойлы, шүңірек көзді, зор нықты, қолдарының толарсағы қолдарын бауырына игенде бөлек бір тұтам шығып тұрады. Тоғыз қазықтай білсізктен істеген найза. Найзаның түбінде құлаш жарым шыжым қайыс бар, қоланың үйегінен бауыр терісін таққан. Төсіне, екі өкпесіне, арқасына ұстайтын шарайнасы бар. Жанында қылыш һәм наркескен қанжары болады.²⁾

Кенесары Ағыбайды көсе деп шақырады, Ағыбай деп ағамайды. Наурызбай һәм Қарашаш екеуі Ағыбайдың үйімен бірге Ағыбайдың бәйбішесі Талшыбық бәрін басқарып, шаруаларына қарап тұратын. Қарашаш һәм Наурызбай «өжелеп» еркелеп тұрады, туған шешесіндей, Талшыбық туған балаларындай күтеді. Қарашаш ұзын бойлы, шашы, көзі, қасы қара. Аққұба қыр мұрынды, нәзік белді, саусақтары ұзын жіңішке. Талшыбықтың айтуы: «Қарашаш арман қылушы еді, еркек болып Науанжанмен бірге жүріп қайратымды көрсете алмай кетіп барамын» — деп. Талшыбық бәйбішенің сөзі: «Ағыбайдың немере інісі Шынбай Мынбайұлы ұзын бойлы зор нықты, өзі аусар, салғырт батыр, Наурызбай мен Ағыбай үйінде жүреді». Ағыбайдың үлкен әйелінен — Аманжол һәм Аманбай, кіші әйелі Шөкіжаннан — Сопы һәм Дуана.

1) Олжабай — Ағыбай бағырдың арғы ағасы, әкесі Қоңырбай

2) 1923-24 жылы Спасск заводынан Қарағандының қасында 35 шақырым жерден Дорошенко деген біреу қасында 40-30 жолдастарымен Ағыбайдың немересі Жұмажан Сопыұлына дүре соғып, үш сөкете байлап қойып, зорлықпен наркескенді алды, бермесе өлтіретін болды, ақырында сонан өлді.

Кенесарының әскерінің ішінде бірге жүрген Құдайменде деген төре болған. Құдайменде төренің балалары Қарқаралы уезіне қараған Тоқырауын елінде. Есенгелдінің ержеткен қызын сол Құдайменде айттырған. Бұл қызға Наурызбай барады. Құдаймендеге қыз риза болмай, Наурызбайды кумайды. Ақырында бұл жұмысты Кене-ағаң естиді. Не қыларын біле алмай қапада болып «әгәрдә Науанжанды жарым қылсам, жауға қарса шабар туысқаным жоқ, жалғыз қаламын және Ағыбай шығарып бере қоймас» деп ойлап тапқаны «Наурызбайдың қасына еріп барған кісілерді ұстап, өлтіре берсе, еруге кісі шықпаса жалғыз бара алмас еді» деп лап-ықтады. Құдаймендеге хабар қылды. Бұл сөзді Наурызбай естін, бұрынғыдан жаман қарайып: «Менің қойнымдағы жолдасымды қаңғырып келген Құдайменде өлтіретін болса, басын бірақ кесемін» деп далада баялыш шауып жүрген Шыңбайға қарсы шауып, жанындағы қанжарын суырып алып: «Ау, Шыңбай, басынды төсе, шабамын» деп дауыстап келе жатқанда, Шыңбай алдиярлап, қолып қусырып, басын төсеп тұрды. Наурызбай қасына шауып өтіп: «Иә, Шыңбай қорықтың ба?» деп сұрағанда, Шыңбай айтады: «Төреге сөзді бөлмеген, айтқан сөзін орнынан шығару керек емес пе?» Наурызбай: «Жарайды, Шыңбай! Бүгін кешке менің қасыма ер, өлімге апарамын», — дегенде, «алдияр, жаранды», — дейді. Түн болғанда Наурызбай Шыңбайды ертіп алып, Есенгелдінің ауылына келіп: «Шыңбай, аяғен арала, кім бар әбден байқа» дейді. Шыңбай аралап «ешкім жоқ, көрінбейді» деген соң аттан секіріп түсіп: «Шыңбай, мен үш дауыстап кет десем, кетерсің, егер де қасына келген кісі болса, «мә қанжар», осымен өлтіре бер», — деп, өзі қыз жатқан үйге кіріп кетті. Сонда Құдайменде қасындағы жолдастарымен бір үйде жасырынып отыр екен. Құдайменде жүгіріп келіп үйдің есігін басып тұрып, жолдастарына айтады: «Барындар, жолдасын ұстап алып келіндер осы есіктің алдына, бауыздаймын». Екі кісі далбандап жүгіріп келіп Шыңбайды ұстаймыз дегенде, екеуін қанжармен екі шапты. Екеуі Шыңбайды ұстамақ түгіл, өздерімен өздері әлек болып, ойбайлап қалды. Наурызбай үйде жатып дауыстады. «Ау, қаңғырып келген Құдайменденің жүз жігітіне менің жалғыз Шыңбайым да болады» деп, үйден жүгіріп шығып, Шыңбайдың қасына келіп сұрады: «амансың ба?» деп. Мыңбай «аманмын» дегенде, атына мініп қайтып кетті.

Саржанның Айымжан деген қызына Ағыбайдың әкесімен бірге туысқан Таңабай баратын еді. Таңабай сұлу, көркем адам, төре деп алдиярлап қалады. Таңабай қатын алайын десе, қыз алғызбайды. Өзің ти десе, Кене ағаның рұқсатынсыз тимеймін ғой деп. Төрелер қазаққа қыз бермейтін. Ақырында Таңабай үйсіннен әйел алып келіп отырғанда, Айымжан айтады жаңа түскен келіншекке: «Сорлы-ау, неге келдің, Таңабайды саған қор қылып қоймаймын» деп. Ақырында у беріп өлтірді.

Бопы ауылшаруашылық жағын басқарып жүретін. Есенгелді, Саржан һәм Ержанды сарттар өлтірген соң, ауылдарын, көш қомдарын, шаруаларын басқарып жүруге Кенесары Ағыбайға тапсырды. Ерте-кеш солардың шаруаларын жайғап жүргенде Есенгелді, Саржан қатындары Ағыеке, бүгін қоныңыз деп етектен ұстаса, «Тәйт, нан жауғыр» деп, етегін сілкіп тастап жүріп кетеді. Осындай жұмысы бірнеше рет болған Ағыбай ешбір уақытта мойын бұрмады. Ханымдар Ағыбайдың мұнысына ашуланып, Кенесарыға шағыстырды. «Көсе бізді мазактап күлкі қылғысы келеді» деп, біреуден айтқызып, бұл сөзді Ағыбайға біреу айтады. Кенесары бұл сөзге ашуланып, Ағыбайды шақырта кісі жібереді. «Ей Ағыбай, Сізді хан шақырады» дегенде, «Тәйт, ханы кім? Кет әрман» деген соң, бұл кісі Кенесарыға айтады. Әскердің бәрі Ағыеке деуші еді. Қуандықтан Басығара деген Кененің батыры бар еді, қиын жұмысқа жұмсап тұратын. Соны шақырып алып: «Бар, көсеге, келсе ертіп кел. Немесе, басын кесіп алын кел» деп әмір қылды. Басығара орта бойлы, толық, қара шұбар, күшті, Ағыбаймен дос еді. Бірақ, дос болғанда қауіп қылып күні үшін дос еді, мұны Ағыбай білсе де, керек қылмай жүруші еді. Басығара кіріп келіп, өкіріп жылап «Иә, Агаеке, жүрсен сен өлдің, жүрмесең мен өлдім» дейді. Ағыбай бұл мезгілде қарыстай қара сапты пышағын қайрап отыр еді. Басығараның сөзін естіген соң ашу кернеп: «Мұнда қаңғырып жүрген Басығара жоқ, жүр!» деп, сырмағының астына тығамын деп пышағын ашу үстінде бірге тығып жіберді. Сөйтті де, беліндегі қынын ұстап, Басығарамен бірге Кенесарының үйіне кіріп келіп, шарт жүгініп Кенесарыға қарсы қарап отырды. Бұрыңғы ретті орнына отырмады. Кенесары: «Иә, көсе, шақырса неге келмейсің?» дегенде, «Кел-

мегенде не қылар едің» деп, сол жүгініп отырған түрімен қалайша Кенесарының алдына келіп қалғанын білмей жанындағы пышаққа қолын салып қалғанда, пышағы жоқ болды. Кенесары сонда айтты: «Тарт, көсені тарт!» дегенде, Басығара: «Иә, Ағыеке, саған не болды?» деп, оның қолын ұстағанда, қолын сермеп жібергенде, Басығара босағаға барып жығылып барып сүйеніп қалды. Кенесары тұрып, кейін шегініп барып отырды. Ханда да һәм отырған халықта да сөз жоқ. Біраздан соң отырған адамдарға: «Иә, халық, көседен басқаларың шығыңыздар» деді. Халық бірі қалмай шықты. Кенесарының қатын-балалары үрпінсіп, қорқып отырысты. Бір мезгілде Кенесары түрегеліп, керегеде ілулі тұрған алтын-күміс оқамен тіккен сарттың Бөгдербегінен келген жібек шапанды алып, «Иә, көсе, мынау шапаның» деп алдына қойды. Жылқышы үлкен топтың басшысын шақырып алып: «мына көсеге ат бер, тезінен қазір алып кел» деген. Сонда Ағыбай жылқышының бетіне бір қарап қойды. Жылқышы абдырап сасып, жылқыдан бір көк семіз атты алып келіп: «Алдияр хан, келді» дегенде, Кенесары айтады: «Көсе, мынау шапаның, мынау — атың». Ағыбай шапанды қолтығына қысып, атты жетектеп үйіне келсе, ағайын-туғандары, 62 үйдің еркектері ақ желек найзаларын қолға алып ұрғашылары бақан-кұрықтарын қолдарына алып, дайындалып тұр екен. Наурызбай өзіне қараған әскерлерін дайындап о да тұр. Наурызбайдың қарындасы Қарашан шашыл желкесіне түйіп, найзасын о да қолына алып тұр. Талшибық бәйбіше Қөкбестіні ерттеп, найза, қылыш, наркескен сапандарын дайындап тұрды. Ағыбайдың аман екенін көрген соң тарасып кетті. Ағыбай үйіне кіріп, сырмақтың астына ашумен тыққан пышақты алып: «Сен болмадың, сен болмадың» деп, жерге ашумен үш тықты. Сонда Басығара: «Ағыеке бұл не қылғаның» дегенде, Ағыбай айтады: «Қаңғырып жүрген Басығара жоқ. Кенесарыны бауыздап жіберіп, Қарқабаттап шығайын деп едім». Ағыбай бұрынғыдай Есенгелді, Саржан, Ержан ауылына баруды қойды. Және Кенесары шақырса ғана баратын болды. Бопының әйелі босанып, еркек бала тапқан. Соған той істеуге, ат шаптыруға екі ай бұрын Кенесары жариялады. Ағыбай айылқа алған көк ат шабыншылықтан келген ері. Оны «Сүмсекей» деп айтушы еді. Бұ-

рыннан қызығып, қалайша қолға түсіріп аламын деуші еді «Құланның қасынуына мылтығының басуы тура келіп» Кенесары көсеге қандай лайықты ат бар дегенде, бас жылқышының бетіне қараған ишараты осы еді. Бұл жылқышыдан маған бер деп сұрағында, Кенесарыдан қорқып бере алмаушы еді. Сүмсекей қолына келген соң, ешкімге білдірмей жаратып жүрді. Бір шайқаста бір жас бала қолға түскен, соны Ағыбай қолынан тәрбиелеп жүрген. Аты — Шопат, руы — сіргелі. Соған мінгізіп елсіз жерді өзі Көкбесті деген атымен жарысып, әбден баптап, тайды айтқан күніне дайындады. Елсіз далаға шыққанда Шопатқа үйретеді: «Егерде Сүмсекей бәйгеге ілінерлік болса «Абылайлап» шаппа, «Қарқабаттап» шап деп. Күніне үш мезгіл «руың кім» дейді, Шопат «Қарқабат, Қарқабат» деп айтады. Бұл тойға көп адамдар ат жаратты. Той айтқан күні болды. Ішкен мас, жеген тоқ болып, бәйге аттарды айдап шықты, Ағыбай Шопатты мінгізіп, Сүмсекейді қосып қоя берді. Бірақ «Қарқабатты» ұмытпа деп тапсырды. Шопат әбден жаттап алады. Бәйге аттар келгенше, күрес боп жатты. Ағыбай мен Наурызбай екеуі бөлек барып, жеке отырды. Кенесары бір төбенің басына кілем, көрпе алғызып отыр. Манайында халық ойын-күлкі, сауықта жүр. Бәйге аттардың жолында үш жерден келеші тұрды. Аттарды ұзаққа айдады. Түстен кейін алыстағы келеші қозғалды. Біраздан соң алыстағы екінші келеші, бұл келешіден өтіп бір жалғыз ат келеді, өзге аттар көрінбейді. Көмбедегі келешінің қасына келгенде «Қарқабат» деп шауып келе жатқан баланың дауысын Кенесары естіп халықтан сұрады: «басқа жақтан кісі келіп ат қосқан бар ма?» деп. Сонда Ағыбай түрегеліп: «Ол кешегі арсыз көк» деді. Бұл сөзге Кенесары сырт қарады. Наурызбай: «Ей Ағыке, кісінің көңіліне қарамайсың-ау» — деді.

Шопаттың балалары — Немене, Бедене, Балапан, Торғай, Ұзақбай, Қыздары — Қарлығаш, Қарқыға Шұбыртпанының ішінде.

Кенесарының қолы шабыншылыққа бара жатқанда Шу бойында бір көк қулық бие жаңа құлындап жүр екен. Көк құлынның артқы аяғы маймақ, тірсегінен басып енесін емес алмай жүр. Әскердің алды көріп, керек қылмай өтіп кетті. Ағыбай көріп, айналдырып қарап, қол тегіс Шуға құлаған соң күзеулі кер деген атымен құлынды өңгеріп, көк қулықты

жетектеп, ара күндік жердегі ауылына келіп, Талшыбық бәйбішесін шақырып алып, мына бие мен құлынды үйге кіргізіп, мен келгенше күт деп қолдың артынан қуып жетті. Бір ай өткен соң жолда жүріп Ағыбай келсе, құлын ойнақ салып жүр. Күндіз үйге кіргізіп қойғанда? Ағыбайдың төсегінің үстінде жатады. Тай болғанда енесі жайылып жүргенде, ойнақтап жүріп енесінің үстінен мына жағынан секіріп, ана жағынан түседі. Ағыбай шұбыртпалы жылқыларын Қенесарыдан бөлек жайды. Жылқы аралап жүргенде Ағыбайды көріп олай бір шауып, Ағыбайдың үзенгісін тістелеп артқы екі аяғымен тұра қалып, басындағы бөркі яки тымағы болса, алып қашады. Бір күні Қенесары онаша отырғанда ханым айты: «Иә, алдияр төре, қолдың ішінде бірнеше адамдарға ат қойдыңыз: мың басы, бес жүз басы. Көсеге неге қоймайсың?» Сонда Қенесары ханымның бетіне тесіле қарап үндемейді. Екінші рет айтты, онда да сөз жоқ. Үшінші айтқанда тесіле қарап, түсін бұзып тұрып, қайта отырып: «Иә ханым мен айтайын: Қолдың алды «Абылайлап» тисе, арты «Ағыбайлап» тиеді. Мен қойған атым не болады. Құдай өзі берген соң, бірақ тегінде көсе сақтанарлық адам» деп, үндемей отырды. Қол «Ағыбайлап» тисе, Ағыбай «А — құдайлап» тұрады екен.

АУСАР САЛҒЫРТ ШЫҢБАЙ МЫҢБАЙҰЛЫ

Қенесары қолға хабар қылды. Сартқа шабыншылыққа жүреміз, қам қылсын деп. Қол шеру тартып жүреді. Сарттар Қенесары қол тартып келе жатқанын естіп, майдан шебіне жиналып тұрды. Бұл жағынан Қенесары келді. Екі қол бірін-бірі аңдып тұрғанда, бір күрең арғымаққа мінген қызыл жабуы бар, қолында найзасы, қылыш қанжары, сол қолында қалқаны бар бір сарт «жекпе-жек» деп айғай салып «өлтiрсем — қазымын, өлсем — шәйтпiн» деп, айғайлап тұрды. Күрең арғымақ секіріп астында тұрмайды. Бұған қарсы кім шығады деп тұрғанда, Шынбай мінгені Ағыбайдың күзеулі кері жайдақ, ертоқым жоқ, астына салғаны қостын түндігі, қолында тоқал найзасы жетіп келіп «Ағыеке, найзанды

бер, мен шығамын» дегенде, Ағыбай айтты «Ей, аусар жау-гөрішілік шақта кісіге аспап бере ме екен» дегенде, басында темірі жоқ тоқал найзамен сартқа қарсы шауып бара жатқанда Ағыбай шақырып алып, найзасын берді. Шыңбай да сарт та қарсы шабысып бір-біріне найза салысқанда, сарттың найзасын қағып жібергенде найзасы жерге сынып түсті. Сартқа қылыш, қанжарын алғызбай есіп шығарғанда сарт сырт айналып қаша бастады. Өкпеден де, сырттан да найзасын салғанда тайып шыға берді. Ау мұның шарайнасы бар екен деп, сарттың көк желкесінен найза салып, сартты жерге құлатып, астындағы күрең арғымақты іліп алып қайта өз қолына қарай шапты. Сарт құлаған соң, сүйекке таласа сарттар да, Кенесары қолдары да шапты. Сарт өз сарттарынан таяу жығылып қалған екен, бұлар бұрын келіп сүйекті алып кетті. Шыңбай өлген сарттың сүйегінде жұмысы жоқ, күрең арғымақпен әуре болып жүр. Кенесары, Наурызбай, Ағыбай сартты қашырып, бас қосып тұрғанда, Шыңбай күрең арғымақты Ағыбайға жетектеп келіп, «мынаған мініңіз» деп ұсынды. Сонда Ағыбай айтты: «Ханға апарып тарт» деп. Шыңбай: «Ханы не, мен өліп қалсам Кенесарының несі кетеді» дегенде, Кенесары естіп, Ағыбайдан сұрады, бұл кім деп. Ағыбай: «Бұл менің аусар Шыңбай деген інім» деді. Кенесары: «Жарайды, балам, өзің миң, ешкімге берме» — деді. «Мұндай ердің алғашқы олжасын өзіне берсең, екінші бата қимылдайды», — деп, өзіне берді.



Маған айтушылар Шыңбай Мыңбайұлы һәм Бектемір молда анық білмейді, нә Атбасар, нә Акмола қаласы салынып жатқанда «салғызбаймыз» деп Кенесары үш рет шауып, үйлерін бұзып, ақырғы ретінде зеңбірегін, басқа мылтық қару-жарақтарын алды. Бір үйдің ішінен бір үлкен темір сандық шақты. Соны сындырып бұзғанда ішінен алтын-күміс теңгелерін алып жатқан көкала, сұрала алқаның үлкендігіндей онан кіші қағаздар шықты. Сол қағаздарды Шыңбай алып, желге ұшырып жатқанда Қуандықтан келген бір адам мұны маған бер деп жиып алды, үйге барғанда балалар

ойнасын деп. Кенесары қолдарымен қайтқанда әлгі адам қағаздарды жиып алып көрінбей кетті. Кенесары мылтықты зеңбіректі алған соң үйде жата алмады, хабар салды...



Кенесары, Наурызбай, Бала би, Басығара және басқалары жиналып отырғанда Ағыбай Кенесарыға айтты: «Біздің қолдың ішінде орнатылмаған бір жоба бар. Егерде бірін-бірі өлтірсе, соған күн сұрау керек еді». Сонда Кенесары айтты: «Ердің құны 30 түйе болсын». Ағыбай: «Иә, алдияр, қараша қазақтардың құны кесілді. Енді төренің құнын кесуге керек». Кенесары Ағыбайдың бетіне жаман көзбен қарап үндемейді. Үшінші ретінде ашуланып-қырап, суық түрмен қарап: «Ей көсе, төренің құны 100 түйе, құныкер һәм таңдама қыз, қара кілем, қара нар болсын». Ағыбай: «Иә, төре, жақсы айттыңыз. Сіздің ағаныз Болының құны да осы ма?» — деп. Кенесары ашуланып, түксініп отырды. Досбол айтты: «Ей, Ағыбек, төрені өлтірейін деп жүр ме едің?» «Ағыбай: «Ажал келсе төресі не, қарашасы не? Реті біледі. Қолынан еш нәрсе келмейтін Бопы сықылданған төрені көрмесем екен. Ұрғашының құны қандай?» Кенесары айтты: «Қалың мал қандай болса, құны да сондай. 47-37-27 басы жақсымен. Басы жақсы деген байлар 47 кара малдың үстіне 30-20-10-5 түйе артық төлейді. Бағзы бір байлар жүз-жүзден мал береді.

КӨТІБАР БАТЫРДЫҢ АСЫ

Көтібар батыр өлерінде балаларына өсиет айтып: «Менің асыма үш жүзді түгел шақыр, кімнің аты бәйгедей келсе, аттың бас бәйгесінен бөлек менің бәйге күренімнің жабуы мен өзімнің қара шолақ наркескенімді сол ат иесіне ерекке бер» деген екен. Кенесары бастаған арғын елі асқа барып, Ағыбайдың Ақ бесті атын бәйгіге қосып, 300 аттың алдында жеке келген екен. Атасының өсиеті бойынша бәйге күрең аттың жабуы мен наркескен қарашолақ қылышты Ағыбай батырға берген екен. Мұны Кенесары естіп: «Көсеге баршы, ерегінің бірін берсін», — дейді. Ағыбай: «Аттың бас бәйгісі айғыр үйірі қысырақ, масаты кілем жапқан тай тұяқ жамбы, мойнында тұмары бар кара бұйра нар, тағы-тағылар Кенесары хан қолында емес пе, бұл еректі бермеймін» десе Кенехан және біреуді жіберіп: «Көсе, дүниеқор емес еді ғой қалай бермеді» дегізеді. Сонда Ағыбай батыр ашуланып: «Бас бәйгі қолында, бір желдік пен бір кездік Ағыбайдың қойны мен қонышына сипайды деп отыр ма, бермеймін!» — деген екен. Өйткені, Көтекең осы еректі алған адамды «менің әруағым қоса жебейді, өзі де кем кісіге кез болмас!» депті. Сөйтіп Ағыбай батырға екі ердің әруағы қонып «Ақжолтай» атанады, үш жүзге аты түгел жайылған ер болады.

АҒЫБАЙ БАТЫРДЫҢ БІР ЖОРЫҒЫ...

Шұбыртпалы. Ағыбай батырды Кенесары «ақ жолым», бәйбішесі «тазым» дейді екен.

Наурызбай ер жетіп, әжетке жараған соң, Наурызбайға белді ат керек болыпты. Арқадан таңдап мінген бірнеше аттар мертiгiп, не шабысты көтере алмай қала берiптi. Кенесары бiр күнi Ағыбайды шақырып алып: «Ақ жолым! Мына Наурызбай ер жеттi, тiлiм тасқа болсын, Наурызбайдың өзiне лайықты бiр аты жоқ, мiнген аттары шыдамай жатыр. Наурызбайдың өзiне лайық бiр ат тауып бер. Мына түркімен, араб елдерiнде «Серкесан»... деген жылқы тұқымы бар соның бiрiн әкеп Наурызбайға мiнгiзбесен, менiң хандығымнан, сенiң ерлiгiңнен не пайда? Өзiне серiк емес атпен Наурызбайдың ерлiгi мен серiлiк енбегi еш болмай ма?» — дептi. Ағыбай мақұл дептi. Кенесары Ағыбайға екi жолдас азық-түлiк берiп, «жолың болсын» деп, батасын берiп жөнелтiптi. Ағыбай сол бетiмен жүрiп бiрнеше күн өткен соң бiр қырға бiр жолдасын қарауылға қойып, бiр жолдасына ас даярла деп, өзi жаға кетiптi. Шаршап келе жатқан адам жатысымен көзi iлiнiп, қор ете түсiптi. Ана күзетте тұрған адам да қалғып кетiптi, жат адам қырдан шыға келiптi де ұйықтап жатқан Ағыбайға тура жүрiп келiп, ас пiсiрiп отырған адамға қарапты. Ол жiгiт «күзетшi қайда! Ағыбайды оятайын ба?» деп тұрғанда, ана адам Ағыбайға қарапты да «жолым болады екен» деп, пiсiп тұрған асты iшiп, өздiгiнен бата қылып жүре берiптi. Ас пiсiрген жiгiт ан-тан болып құты қашып тұрғанда, қарауыл жiгiт оянып, қосқа шауып, ана адамды сұрапты, ас пiсiрген жiгiт Ағыбайды оятып, ана адамның келгенiн, өздерiнiң қапалығын айтып, өкiнiп отырыпты. Келген адамның суықтығын, мiнген атының жат екендiгiн, қару-жаракты екендiгiн айтыпты. Ағыбай орнынан тұра келе «Ай, жолдас жаман болса, жау алар деген осы» деп кеткен адамның артынан тұра қуыпты. Бiраздан кейiн қуып жетiп, сәлем берiп «Ай, кiмсiң?» дептi. Ана адам «мен жолаушымын» деп, қайырылмай жүре берiптi.

Ағыбай бұнысына қапалаып, сойылын алып ұмтылыпты. ана адам «қой, ойынама!» деп, шокпарын жұлып алғанда Ағыбай ұшып кете жаздапты. Ағыбай шамасының келмейтi-

нін біліп, «жол сұрасам айтпайды, не де болса бұл қайда барар екен» деп бір көзі ана адамда соңынан еріпті де отырыпты, бір қырдан асқан соң, бір топ жылқы мен бір қосқа кездесіпті. Жылқы шетінде келе жатқан екі адамды көрген жылқышы қожандап қарсы шыққан екен, ана адам «ай, сенде менің жұмысым жоқ, ана менің жылқымды алған батырын, менің жауым қайда?» депті. Ана жігіт сасып қалып: «Қоста, демалып жатыр» депті.

Бұл адам қосқа тура бастапты. Ағыбай ере қосқа келіпті. Сонда ана адам: «Ай, залым, ата дұшпаным едің, алыстан арбап, жақынға жоламай жүруші едің, желімді қиып, көнегімді іліп, жылқымды қуып кетіп мәз болып жатырмысың» — деп аттан түсе қалғанда, «келдің бе?» деп анау да ұшып тұра келіп, алыса кетіпті де, мына келген адамды алып соғыпты да, үстіне аттай мініп алып: «өлер жерің осы шығар?» деп қанжарын ала бастағанда, астында жатып: «Ай, ала тулы Абылайдың әруағы, Ақжолды Ағыбайдың әруағы қолдай көр!» — деп, бұлқыныпты. Сонда атын атап сыйынған соң Ағыбай: «Ай, сен тоқта, өлген Абылайдың туын ұстаған ақжолды Ағыбай менмін» дегенде, ана үстіндегі адам: «а...а» — деп қанжары қолында, ұшып тұра келіп, «япырмай, Сіз Ағыбайсыз ба? Кешіріңіз, сізді білмей, мына дұшпанымға қайрат еттім, кешіріңіз», — деп, анадай жерге барып тұрыпты.

Мана Ағыбайдың асын ішіп, артынан келгенде жөнін айтпай, шоқпарын қағып жіберген, енді мына жігіттің астына түсіп жатқан адам: «Япырмай, Ақжолды Ағыбай Сіз бе?» — деп орнынан тұрып, Ағыбайдың қолын алып, кешірім сұрапты. Ағыбай аң-таң болып тұрып, екеуінің тұрған қалпында жөнін сұрапты.

Сонда манағы адам айтыпты: «Мен мына Адай деген елмін, өмірімде мына түркіменмен жауласып келе жатыр едім. Өзім елде жоқта мына жауым елді шауып, қосымды жығып тобымды қуып кетті» деп естіп, мұны қуамын деп қарт анам бар еді, келіп батасын алғанымда «балам жолың болсын осы жолында айтулы Абылайдың туын ұстаған Ақжолды Ағыбай жолдас болсын», — деп батасын бергенде, денем тітіреніп, мандайымнан терім шықты да, жүріп кеттім.

Анамның осы сөзі жолшыбай есімнен кетпеді, жолда бір жолаушыларға жолығып, бөгелейін деп едім, бірақ көңіліме

олқы келіп, жарымай дәмін ғана ішіп жүре бердім, жолда қуып келіп маған қайрат қылып едің, онша қайратың мықты қол сықылды көрінбеді. Мен де алдымда іздеп келе жатқан жауым болған соң, саған көңіл бөлмедім, сөйтіп мына ата жауыммен алыса кеткенде, аяғым тайып, қапыда астына түскенімде әруағы есімде келе жатқан «Абылайдың туы мен Ағыбайдың әруағына сыйындым, сонда «Ақжолды Ағыбай мен-мін» дегенінде, мына жауымның үстімнен тұра келіп, мені босатып жібергеніне таңырқап тұрмын» — депті.

Сонда әлгі жылқы айдап дем алған жігіт айтыпты: «Менің елім — түркімендік, өзім түркіменнің батырымын. Қазак ішінде Адай елімен түрікмен елінің дұшпаны, елімізді бірнеше рет шауып мазасын алған, малын айдап әкетіп жүрген осы мына тұрған қазақ неше рет бір кездеспей жүруші еді бүгін қолыма түсіп еді, Сіз шын Ағыбай болсаңыз керек, денем тітіреніп, жүрегім лоблып, мына дұшпанның үстінен қалай тұрғанымды білмей қалдым. Ал, Ағыбай батыр, Сіздің алдыңызда «батыр ағай» деген еліміздің мақалы бар ғой. «ғафу етіңіз», — деп, төмен иеліп, кішілік етті де, «осы олжам сіздікі», — деді.

Ағыбай бұларға сыр білдірмеді, екеуін екі жағына отырғазып, өткендердің өнегелі сөзін айтып: «екеуің екі елдің батыры екенсіңдер, бүйтіп жауласа бермей тату болыңдар», — депті. Екі батыр қол алысып, құшақтасып, төстерін тақасып «дос болдық» депті.

Сол жерде үш батыр қоштасып, айырылмақшы болыпты. түрікмен батыры еліне қайтпақшы болған соң, манағы айдаған жылқыны үшке бөліп бір бөлігін беріпті, түркімен жігіті Ағыбай батырға астындағы атын мінгізіпті.

Түркімен жігітін шығарып салған соң, енді елге таман беттеп, екі батыр айырылмақшы болыпты. Сонда манағы адай батыры айтыпты: «Уа, Ағыбай, биік таудың қасына барма» деген бар еді, алашқа атағың шыққан әруағың болмаса батырлық аңғал мінезің болмаса, күнің жұрт мақтарлық емес екен, енді түркімен батырынан ат алдың, менен мына жылқының бәрін ал, менің олжам аз емес: біріншіден, ажалдан жаным қалды; екіншіден, ата жауымен қол алысып, дос болдым, үшіншіден, өмірімде бір көрсем деп жүруші едім міне тар жерде кездесіп шарапатың тиді. Халық аңызында

«Ақжолды Ағыбай» деген атың тауып қойылған екен, әруағыңнан айналайын», — депті. Ағыбай ол адамға разы болып, оның еліне келіп, көп олжамен еліне қайтыпты.

Атақты Наурызбайдың Ақауыз аты — сол түркімен батыры Ағыбайға берген аты еді дейді.

АҒЫБАЙДЫҢ ТАРТЫСЫ

Ағыбай батыр жорықта жүріп болжам құмалағын ашқанда былай салады екен:

о о о о о о о

енді қалған құмалақтарды бөліп үш рет ашқанда екі-екіден жеті құмалаққа жетсе айтқан тілегі, жорығы оң болады екен. Тегінде жетіге толмаса да бестен асса, ол жорығы жеңіске жетеді екен.

АҒЫБАЙ БАТЫРДЫҢ АЙНАЛАСЫ

Ағыбай батырдың Еже деген биі, Бектемір деген молла-сы, Дүйсембай деген палуаны, Сәтқозы деген серісі болған. «Шұбыртпалыны ел қылуға Еженің әділдігі, Мамыттың байлығы себеп болды», — деп отырады екен Ағыбай. Мамыт-ка жырма мың ала жылқы біткен.

Бектемір молла байдан да, батырдан да қорықпайтын адам. Қойаншытағай Есілбай — Бөденің Серігі болыс, бір кезде абақтыға түскен адамды дүреге жығып, жерін, жесірін тартып алатын жуандардың бірі. Серікті — Бектемір, Бектемірді — Серік көрмеген, бірақ сырттан бірі-бірі біледі екен. Сарымжан құтты Аймағамбеттің үйіне кез болып жөн сұрасқанда, Серік кекетіп: «Әлгі Қаратаудан жау жұмыр артып келген Бектемір осы ма, оныңыздан бізге бар ма?» — дейді. Бектемір: «Я бар, екі қоржын, бір қап әкеп едім, Серікжан, абақтыдан шықты деген сон шашуға екі қоржынды шаштым, қалған қаптағысы бар, ауыз тиерсің» десе Серік шамданып, ашу шақырды. Аймағамбет араға түсіп, «бұ кісі Сіз ойнайтын кісі емес, қоя қойыңыз» деп тоқтатады.

Қазы боп тұрған Көлбайдың үйіне Бектемір келіп қонса. Көлбай: «Молда біз ұрлық істемейміз, бірақ, біреулер мал әкеп тастап кетеді осы адал ма, арам ба?» дейді. Сонда Бектемір: «Байдың дәу қаратөбеті бір бұралқы иттің аузында келе жатқан адамның киын көріп, гүр етіп ұмтылса, бұралқы аузындағысын тастап құйрығын бұтына қысып кете береді. Олжаны қара төбет жейді. Сонда осы адал ма, арам ба?» — деп өзіне сұрақ қояды. Көбекең сонда: «Сізден енді шарифат сұрамасын!» деген екен.

Бектемір өзі дәу мықты адам болған, Ағыбай батырға көнбейді екен. Батырдың өзі де «осы Бектемірден жай жүрейікші» — дейді екен.

АҒЫБАЙ БАТЫРДЫҢ АЙТҚАНЫ

Ағыбай батырдың атағы шығып тұрған шағында еліндегі бай, дәулетті адамдар оны күндейді екен. «Ол да кісі, біз де кісі, осы Ағыбайда не тұр, біз сияқты мындап айдаған малы жоқ...» десетін болған. Тар пиғыл мұндай сөздер Ағыбайға да жетеді. Бірақ ол елен қылмай жүре береді.

Күндерде бір күн елге жау шабады. Байлардың жылқысын олжалап, өздерін сойылдап, естерін шығарады. «Ойбай аттан, Ағыбай! Неге отырсың?...» деп сойылға жығылып жаудан беті қайтқан байлар батырға келеді. Ағыбай сонда атқа мініп, жауды бөріктіре қуып, жылқыны аман алып қалады. Дәулет иелері енді оған рахмет айтады. Сонда Ағыбай оларға:

«Мал да кісі, бай да кісі,
Соның бәрі жайда кісі.
Есін білмес, ерді күндер
Жау келгенде қайда кісі?...» —

деген екен.

ДОСКЕЙДІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ (үзінді)

... Николай патшаның байтақ далада жай жатқан, мал баққан момын елге істеген зорлық, қысымы күн сайын күшейе берді, ел ішіндегі бектер, аға сұлтандар Николайдың айтқанын екі қылмай орындады. Дуан басы Ыбырай, советник Тұрлыбек, Шорманның Мұсасы, Ертістен Мөшеке, Қарқаралыда Бөкей, Шалғынбай, Қоңыркұлжа, Ерден-Дүзен, Құнанбай, қырғыз Жантай, Жанғараш сияқты жуан бектерге сыйлық наград беріп еліңді тез маған қаратып бер деді. Николаймен аға сұлтандар елге күн шығармады, таң атырмады. Малы талауда, ер азаматы қырғынға ұшыраған қалың ел Кенесарыға келіп мұның шақты, соңына ерді.

Ел қамын жеген Кене хан патшаға қарсы тұрып, қалың қазақ халқын соңына ертті, сол замандағы қазақтың ардагер батылары Кененің қолына келіп қосылады.

Ағыбай, Шәкір, Жәуке, Төлебай, Бұғыбай, Көбек, Бөрші Базар батыр, тама Танаш батыр, Жанайдар батыр, сүйіндік Жарқын батыр, сармантай Нұрабай, Қарабай батыр және Қарабас сияқты қамалды бұзған кілең батырлар Кененің қол астына жиналды. Кене ханның қол астына қазақтың атақты батырлары бастаған он төрт мың қол жиналды, ат жақсысын мінді, сауыт жақсысын киді. Бұлар өздерінің ордасын Алтай-Қарпықтың ортасы Құланөтпеске тікті. Кененің соңына ерген нөкерлердің бәрі де Қуандық, Алтай, Бөрші, Темештіктер болды, Кіші жүз, Ұлы жүзден де қайраты бойына сыймай келген атакты батырлар да Кененің қолына қосылып жатты.

Кенесары Ырғыз бойындағы Назар-Сүрен руынан Әліге елші, жіберіп, кісі салды. «Қазаққа Николай патша қорлық көрсетті, оған қарсы шығу үшін біз елден басын қосып батырларын жинап соғысқа даярланып жатырмыз. Сен де бізге қосыл, қаруланып, жарактанып кел, қазақ ұранды елдің намысын жақтаған ұраннан сырт қала ма», — деді Кене. Әлі Кененің бұл тілегіне көнбеді, көмек бермеді. Қайта барған ел жігіттерінің бірнешеуін ұстап алды. Бұған ашуланған Кене он төрт мың қол, он төрт түмен Әліге барып, оның еліндегі патшаның сойылын соққандарды жапырып, жаншып

шауып алды. Кене хан «Әлінің елінен алған барша мал мүлікті нөкерлерінің өздері алсын, хан қазынысына салынбасын», — деді. Әлінің елінің қуғыншылары елін шауып қайтып бара жатқан Кененің қалың нөкерін қуды. Кене барша малымен дүние мүкәммалды қалың әскерімен ілгері жіберіп, өзі бір топ әскермен артта Әлінің әскерін тосқауылдап қалады. Аттарын қоя берісіп, ас пісіріп жайбарақат жатқан Кененің үстінен Әлінің әскері сау етіп түсе қалды. Қалың әскер аз ғана кісімен жатқан Кенені қамап алады. Бірақ Әлінің әскері Кенені қамап тұрса да бетпе-бет ұрысуға бата алмайды.

Қостан бөлек жатқан Ағыбай мен Жанайдар келеді, екеуі қалың әскерді айдап шығады. Сонда Ағыбай батыр: «Тақсыр, сыпайыгершілік қылыш үстінде жүрмейді, жүріңіз», — деп атының шылбырын тақымына салып жетектеп топтан алып шығыпты. Түн екен, ай қараңғы, астында қарала ат бар, еңгезердей қара артынан жетіп келіп Жанайдарға найза салады. Оның найзасы Жанайдардың кеңірдегінен сұғылады. Жанайдар кеңірдекке салған найзаны нығымен қағып қалып омырып жібереді, найзаның ұңқысы кеңірдекте қалады. Бір жігіт: «Тақсыр, дұшпанның найзасы Жанайдардың кеңірдегінде қалды, батыр қырылдап келеді», — деді. «Сүйемелден былай шығындар», — деді хан.

Ағыбай батыр Жанайдар батырға найза салған қарақасқа аттыны найзаның ұшына шанышты. Найзагер батыр Ағыбай батырдаң қаза тапты. Кененің қолы жаудың бетін қағырып, оңаша шықты. Сонда Кене «тұра қалындар» деді, бұлар тұра қалды. «Шакпақ шағып, киіз күйдіріп білте қылындар, аттың терлігінен білте қып күйдіріңдер» деді. Шакпақ шақты, терлікті отқа салып күйдіріп білте қылды.

— Барындар, Жанайдарды қолтықтап бір екеуің барып алып келіңдер, — деді. Жіберген кісілері Жанайдарды ханның алдына алып келеді. — Ұзыннан салыңдар, — деді хан. Сөйтсе найзаның ұшы кеңірдегінде көлденең тұр екен. Хан көрді, оған жаны ашыды. «Әй, ерім-ай», — деді.

Кеңірдектегі найзаның ұңқысына шылбырдың ұшып байлап, бір жігітке хан айтты: «Жағына табаныңды тіреп тұрып, кеңірдектегі найзаның ұңқысып тартып ал», — деді. Бір мықты жігіт келдіағы табан қойып тартып қалды. Кеңірдекпен өнештің арасынан кірген екен. Оны суырып алған-

да қан саулап, орны қорық ете түсті. Сол найзаның ұңқысы қалған тесігіне күйдірген құрым білтені тықты. «Қолдың бәрі тоқтасын» деп алдына шапқыншы жіберді, кешке таман, хан батырларының бәрі келіп қосылды. Келген соң бәріне жар салды: «Ертең көшпейсіңдер — 14 мың қолдан 14 ту бие сойылсын Жанайдар мен Ағыбайдың құдайға айтқан боз қасқасы бар. Екеуіне де бата беремін» — деді. Халық «күп» деді. Таң атты, күн шықты, халық 14 қолдан құдайы деп 14 ту бие сойды. Күллі халық ет жеп болған соң «батырлар, келіндер бір мың шақтың» — деді. Жұрт келді. Хан қолын жайды, халық та тегіс қолын жайды:

— Ағыбай батыр, камал бұзған ерсің,
Екеуіңе екі дүниенің байлығын берсін! —

деді.

Бұлар өзінің мекені Құланөтпеске келіп, тағы қол жинады. Кененің қолына Жаулы Тілен батыр қолында туы бар мың қаралы жолдаспен келіп қосылды.

Ағыбай мен Наурызбай екеуі ер іздеп ел қыдырды. Бұлар жүріп келе жатса, айдалада, тау аясында бір төрт аяғы діңгектей, мойны сала құлаш, жаурыны кез, төрт тұяғы құйған болаттай, танауы тығынын алған шелектей, екі көзі шырақтай, жалы жібектей, құйрығы қынаптан шыққан қылыштай, бір жылқы түр екен.

— Ойпырмай, мынау бір тамаша жылқы екен, — деп Ағыбай мен Наурызбай таңқалды. «Аты мынадай өзі кім өкен?» — деді. Кім екен, білейік деп үйге кіріп келді. Үйге кірсе бір адам дөңбектей болып шалқасынан түсіп жатыр. Басы бақыр қазандай. Есік алдында бір қатын тайдүзгенге ет асып жатыр екен. Бұлар үйге кірісімен ол әйел де үйге келді, үйге кіріп:

— Сіздер кімсіз? — деді.

— Біз жөнімізді айтамыз ғой, мына жатқан кім, — деді батырлар.

— Бұл Жолдаяк деген батыр, — деді әйел.

— Сөйлесейік, оятыңызшы, — дейді.

— Оянбайды, жаңа ғана жатты, — деді әйел.

— Несі бар оянбайтын, — деп Ағабай барып ырғап-ырғап қозғап еді, тырп етпеді. Ағыбай батыр қатты айқайлап еді, тағы тырп етпеді. Ашуланып Наурызбай батыр шоқпармен мандайынаң арасынан салып кеп қалды. Бит шаққан

құрлы көрмей, екінші жағына төңкеріліп жатты. Қол жаңғырды, тасқа тигендей болды. Сонсоң екеуі де шошынды. Кетейін десе қорыққан кісі құсап кім екенін білмей кетуді де намыс көрді.

Бір уақытта қатын келді. «Бұл Сіздің жолдасыңыз ба?» — деп сұрады қатыннан.

— Жок, бұл менің жолдасым емес, бұл бөтен батыр, менің жолдасым бір жаққа кетіп еді. Мұнда бұл кісі анда-санда келіп түстенің кетуші еді, маған бір құланды әкеп аскызып еді, соны пісіріп отырмын, — деді.

— Тамағыңыз пісті ме?

— Пісті, — деді әйел.

— Мұны қалай оятасыз, — деді Ағыбай.

Қатын айтты: «Оянуы оңай, дәрі беріп еді, мұрныма піскет деп, қазір сол дәріні піскетемін, сонсоң оянады». Қатын бір нәрсені алып кірді, үйдің ішін ісі мүңкітіп жіберді, оны ұйықтап жатқан батырдың мұрнына піскетіп қалып еді батыр ұшып түрегелді. Мына отырғандарды кісі құрлы көрген жок, амандаспады да, далаға шығып кетті, тыстан жуынып үйге келді.

— Келін, ас пісті ме? — деді.

— Пісті, — деді әйел.

— Ендеше етіңде әкел, — деді.

Үлкен бір астауға салып, екі басынан екі кісі көтеріп құланның етің қайқайтып алып келді. Кесек-кесек жұталы, жеп болды, бір шетінде аз ғана қалды. Бір тегене қылып суытып сорпа әкелді, оны басына бірақ көтерді. Тұрды, киінді, ілулі тұрған бес қаруды алды (сапы, қанжар, қылыш, мылтық, найза). Еттің қалғанын аналарға бер дегендей қатынға мегзеді де, өзі үйден шығып, атына мініп жүріп кетті.

Батыр кетісімен Ағыбай мен Наурызбай ашуланып, қайраттанды. Ағыбай айтты: «Бозауыз атты міңейін де, сол батырдың соңынан жүрейін», — деді. Наурызбай ағасына бозауыз атты беріп тұрып былай деді: «Аға, айлаң көп еді ғой, сенің күшіңе болмас, айлана сүйен. Атамыздың айтқаны бар еді ғой «айласыздың батыры шошқаға шабады» деп еді ғой, жазым болып қалма», — деді. Бозауызды мініп алып, артынан ұшты, ол салып кетіп барады. Ағыбай артынан келіп жетті. Анау қарамайды, Ағыбай оған бата алмайды. Екеуі сөйлеспейді, жүре береді, енді бір кезеңге келген кезде, Ағыбай

әлгі батырға найзаны салып қалып еді, ол кірген найзаны пығымен қағып лақтырып жіберіп, Ағыбайды атынан жұлып алды. Тақымына қысылған Ағыбай сасып қалып, жан сауға сұрады. «Ә... батыр солай ма? — деп босатып жіберіп, — Мін атына, кімсің?» — деді.

— Ағыбай батыр деген мен едім.

— Ә! Сені естуші едім, ер емес ершіге екенсің, — деді. Өзінді жолды деуші еді, енді маған ер. Өзім де сені іздеп таба алмай жүр едім. Былай, қатар жүр, — деді. Ағыбай ол батырдың қатарымен жүрді. Сонда бесіннен төменірек уақыт, бір талай жерге келіп қалды.

— Алдыдан не көрінді, қарашы, күнбатыс жағынан.

Ағыбай қарап:

— Бір тау көрінді, — деді.

— Ол таудың алдында не көрінді?

— Таудың алдында екі үлкен ақ үй көрінді, — деді.

— Екі ақ үйдің алдында не көрінеді?

— Бір бұлт сықылды қылаң жылқы көрінеді.

— Батыр, енді саған сыр айтайын. Анау бұлт сияқты көрінген қылаң жылқы менің «Бұлткөк» деген атым деді. Анау екі үй, біреуі менің қатынымның үйі де, біреуі менің шешемнің үйі. Менің қарындасымнан туған бір жиенім бар. Ол жиенімнің күші менен екі есе артық. Ол жиенім қатынымды тартып алып, қатын қылды, атымды тартып алып, астына мінді, шешемді тартып алып күн қылды. Енді сен сонда бар, шешем тыста болса сөйлес. Шешем «балам, кімсің» деп сұраса мен бір хабаршыдан дерсін. Қашып жүрген, сасып жүрген балаң бар ма еді деп айт. Е шырағым бар дер. Ә, жиенің қайда дегейсің. Сонда үйде ұйықтап жатыр десе, маған қолыңды бұлғап белгі бер, — деді.

Ағыбай шүү деп жүріп келді. Ағыбай келіп батырдың шешесіне жолығып, әлгі батырдың айтқанын істеді.

— Жиен қайда?

— Үйде ұйықтап жатыр, — деді.

— Ендеше ана балаң келіп тұр. Мен шақырамын, — деді.

— Ей, қарағым-ай, шақыр, — деді. Қол бұлғап шақырды. Жолдаяқ батыр жетіп келді, атын байлай салып, шешесіне амандасты.

— Ағыбай батыр, кел, жүр, менің сонымнан ер, — деді.

Үйге кіріп барып, ұйықтап жатқан батырдың қарнынан қылышпен салып жіберді, қолы қыйылып түсті. Шолақ, жалғыз қол жиені Жолдаяқты көтеріп алып шыр көбелек айналдырды. Жолдаяқ «Жолдым» деп шақырды Ағыбайды. Ағыбай жетіп келіп жиен батырдың кеудесіне найза салып, құлатып тастады. Жиен батыр өлді.

— Жолдым, жарайды екенсің, жолды екенсің, — деді. Сонда бір күн жатты. Ертеңіне:

— Әнеугі қасындағы кім? — деді.

— Ол Наурызбай батыр, — деді.

— Ә... Кенесары, Наурызбай ма? — деді. Солай ма, я сендермен күндердің күнінде жолдас болармын, — деді.

Таң атты, ел тұрып, ас ішіп болған соң:

— Жарайсың Ағыбайым «жолды» деп естуші едім жолды екенсің. Мынау тұрған «Бұлт көк», мынау тұрған «Кер ат», мынау қарындасым. Осы жылқы деп таңдағаныңды және қарындасымды ал. Екеуіміз дос болайық, күндердің күнінде сендерге барамын.

— Екіталай, қысылмақ заман болса бізге ат сауырысын берсеңіз болады, — деді Ағыбай. Біздің дұшпанымыз қауіпті, ел шетіне қорған болар шағымыз жетіп тұр, — деді.

Екі батыр дос болып шаттанды.

— Кенекеме сәлем айт, кешікпей барармын, — деді.

Ағыбай сыйлығын алып жүріп кетті.

Ағыбай Наурызбайға келді. «Қалай кешіктің? — деді ол.

— Ой, не қыласыз, ердің ерін таптым, ер керек болған заманда бізге үлкен Алатаудай бел болатын ер екен, сонымен дос болып қайттым, — деді.

Наурызбай Ағыбайдың інісі риза болып шаттанды.



Қызылжардың жерін біржола өлшеп алуға келген пиженер және архиерей, генералдың келгенін көрген Кене хан, біраз сарбаздармен барып оларды түріп айдап шықты. Олар Николайға: «Кене бастаған қазақ батырлары бізге қарсы шықты», — деп арыз етті. Николай көп солдат жіберді.

Николай солдаттарын Кене бастаған қол «бері өткізбейміз» деп, қанша қолмен қарсы тұрды. Николайдың солдаты қаптап келіп қалды. Арғыннан Ағыбай, төртуылдан Жанай-

дар, тама Танаш батырлар бастаған 250 қол Николайдың солдаттарымен ұрыс салды.

Қызылжар басында жеті күн, жеті түн керемет ұрыс болды. Екі жақтан да адамдар көп қырылды. Батырлар онынан да кірді, солынан да кірді. Бірсыпырасын Кене әскері қырды, әбден қызыл қанға батып өшікті. Ақырында жауыз Николайдың солдаттары әбден жеңіле бастаған соң, зеңбірек атқылады. Кененің нөкерлері зеңбіректен қорқып саспады. Алға ұмтыла түсіп, бекіністерді алды. Көп солдаттарын қолға түсірді. Николайдың 250-ден астам солдаты қырылды. Кененің 500 нөкері өлді, жарым жартысы қалды.

Сонда Ағыбай батырдың Кенекене айтқан сөзі:

— Қазақтың мақалы бар еді ғой «Орыс көп пе, орман көп пе» дейтін, мұның аржағынан келе беретін ләшқарлары көп, санаулы ләшқарларымыз болмаса елдегі дұшпандарымыз да аз емес еді ғой. Халықтың мақалы бар еді «ер жігіт қос табар» деген, Қызылжарды тастайық, Көкшетауды алайық, — деді. Төре-мақұл, — деп Көкшетау келді. Батырлардың бәрі аман, жалғыз-ақ 500-дей адам соғыста қаза болды. Бұлар Бурабайдан қоныс алды.

Ат жақсысы мінілді, сауыт жақсысы киілді, ғаламға соғыс салғаны білінді, достар бұл іске серпілді, Николай жауыздың сөзін сөйлеген дұшпандар күйінді.

Осы арада Кененің әскері екі айдай аттарын тынықтырып, жабдықтарын сайлап ел ортасында, Арқада жатқан әскерін шақыртты.

Қайраты қара бастан қайтпаған алып ер тамадан Жолдаяқ батыр, өмірзақ Тоғалақ батыр, шушақ Байтелі батыр, тарақты Құлжан батырлары бастаған он мың әскер мен Кененің Көкшетаудағы бекініс қамалына қосылды. Әскері көбейіп күші артып, енді Николайға ойран салуға ойлады.

Советник Тұрлыбек жауыз Николайдың сөзін сөйлеген сұмырай екен. Кене ханның көп мыңдаған әскері келіп, менің Көкшетаудағы жерімді басып, қоныс салып алып қойды деп Николайға жансыз хабар берді.

Кенеге өшіккен Николай патша он мың солдат жіберді. «Кененің әскерін қыр, Кенені ұстап әкел», — деді. Николайдың қаружаракты солдаттары бекіністе жатқан Кененің әскеріне шабуыл жасады.

Қарулы Кененің қалың әскері жаудан беттері қайтпай зор майданға шықты.

Майлықөбек бастаған мың қол әскер Николайдың жеті жүз солдатын қырды. Тама Танаш, Жолдаяқ батырлар мен Ағыбайлар соғыста айласымен асып Николайдың солдаттарын жусатып салды. Таудың тастары аспанға атылды, тас қанға боялды. Керейлердің байтақ даласы өлген адамның денесі сасыды. Соғыста Кененің иелер батырлары оққа ұшты.

Тұрлыбек Николайдың солдаттарына ат та, кісі де, ас та беріп көмектесті.

Кененің Ағыбай бастаған әскері патшаға көмек көрсеткен Тұрлыбектердің жылқысын айдап алды. Патшаға көмектескен адамдарды қолға түсірді. Керей ішіндегі, Тұрлыбектің сілтеуімен Николайға көмектескен байларды әлсіретіп, Николайдың жіберген он мың әскерін жеті мың үш жүзге дейін қырып салды. Қалған солдаттары тым-тырақай жосн жөнелді.

Кененің әскері Көкшетауға, Бурабайға орнықты. Көкшетаудың Оқжетпес биігіне Кенекен шықты. Көкшетауда: Арпа жолы, Ағыбай жолы атанды. Кененің қалың әскері бұл жерде қоныс алып, ит жүгіртіп, құс салды. Кененің әскерлерінен басқа жан баласы Көкшенің биік шыңына оқ атып, оған жеткізгені болмаған. Сонан оны «Оқ жетпес» қойған. «Арпа жолы» деп атауы, Кененің әскерлеріне азық тасыған жолды «Арпа жолы» деп атаған. Кенесары Бурабай тауында ит жүгіртіп, құс салып, аң аулап жүргенінде бір биік жартастың үңгіріне түнеп жүреді екен. Сонан ол үңгір «Кенесары үңгірі» аталып кетті. Ол үңгірдің ішіне Кенесары киіктің етін асып жеген, от жаққан орны әлі сол күйінде тұр.

Кененің әскерлері Бурабай, Көкшетау бойында бір жаз, бір қыс мекен етті. Бұлар демдерін алып, ат тұрмандарын сайланып алысты. Азықтарын сайлады. Ел ішінде кімнің жау, кімнің қас екенін білді. Николай патша Кененің әскерін қыру мақсатымен тағы да 15 мың солдат жіберді. Бұл жерде 13 күн күні-түні қан майдан соғыс болды. Ағыбайдың әскері Бурабай тауының биігіндегі солдаттарды таудан тасша домалатты. Сармантай Алшағыр, қареке Тоғанас батыр, Наурызбай, Жанайдар батырлар асқан қайратымен, зор айласымен Николай әскерін еселсіз қырды. Бірақ құмырсқадай

жер жүзін басқан әскерді қырып бітіре алмады. Қару жаракты, зеңбіректі Николай солдаттары күшін жинап соғысқа өлген-тірілгеніне қарамай кірісті. Кененің мың жарымдай әскері оққа ұшты. Кене ханның неше түрлі мерген, алуан алып, қайраты күшті әскерлері Николай солдаттарының оғынан қаза тапты.

Беті қайтқан Кене әскері Ақмолаға қарай ойысты.

* * *

Ел ішіндегі байлардан, зұлымдардан патшаның адамдарынан қорлық көрген адамдар жан-жақтап тағы да ағылып Кене ханның қол астына келіп жатты. Олар Кенеден рұқсат алды. Кене қорлық, зомбылық көрген ержүрек ерлерді есепсіз әскер тобына ала береді. Ақмолада, Қарқаралыда, Ақтауда, Қызылжарда, Көкшетауда Кененің сөзін сөйлеп, сойылын соққан айтулы батырлар тобы құрылады. Кене ханның Ақмолаға келу қарсаңында ел ішіндегі батырлар Кенемен хабарласып, Кененің келетін күнін тосты. Бір жерден ұшырасты.

Кененің әскері қаптап көле жатқанын естіген Ақмоладағы Құдайменденің Қоңыр төре, дуанбасы Ыбырай, Шорманның Мұсасы, Жамантай төре, тағы басқа казак-орыс бастаған Николайдың адамдары Кенеге қарсы Ақмоланың күнбатыс жақ (Жекей қаласы дейді) шетінен қорған соғып, өздері қорғанның ішінде паналамақшы болды. Қорған соғылды. Кененің әскерлері күнге шағымысқан акбоз, қылаң аттармен, тамаша жарасымды сәулетпен шеру тартып, жиір жырылап, жер қайыстырып, аспандағы аққуға ән қосқан неше алуан әншілерімен келе жатты. Кененің әскерлері жүріп келе жатқан жол үстіндегі елдер қарсы алады, көп кісі мен салтанатпен алдын тосады. Жау жүрек батырлары Кенеден рұқсат алып, әскерге қосыла береді.

Осы салтанатты алапатпен жүріп отырып, Кененің әскері Ақмоланың күнбатыс жағынан келіп тиді. Кененің келуін тосып жатқан таяу елдегі Тілен батырдың 500 әскері Кенеге қосылды. Сансыз қалың әскер Ақмоладағы жауыз патша Николайдың оң көздері мен казак-орыс ішіндегі сұмырайларға садақ тартты. Қамал соғып, берік бекінген жау мызғымады.

Кененің ақылғөй қол басшысының бірі тапқыр, білгіш, айлакер, жолшыл ері шұбыртпалы Ағыбай батыр еді: «Осы қаланы, мына сарттар мен қазақ — орыстың шапандарын киіп алып, май жағып, от тұтатып үйлердің үстіне тастайық содан қала өртенеді, қаладағы қамалдағылар еріксіз шығады, оларды сонда жосытармыз» деді. Ағыбайдың сөзін Наурызбай да мақұлдай қалды. Басқа батырлар да мақұл көрді.

Сонда Кене хан: «Бәрлерің де найзаның ұшына сарттың ала шапанын майлап отқа тұтатып үй үстіне таста» деді. Кененің аузынан шығуы-ақ мұң екен қалың әскер қалаға лап қойды. Әрқайсысы үйге кіріп, қолдарына түскен шүберек заттарды отқа тұтатты.

Қала алай-түлей өрт, айкай-ұйқай, у-шуға толды. Соғыс тынбастан бір жетідей болды. Соғыста Кененің әскері де қойдай жусады. Николай солдаттары да жусады. Кененің ең басты бір батыры сармантай Тоғалақ батыр, қыпшақ Басықара, бөрші Базар батыр азаппен өлді. Николайдың, Қоныр төренің, казак-орыстың итаршы төбеттері де сағат сайын дембе-дем өліп жатты.

Кененің әскерлері ақыры Ақмоланы жеңіп алды. Содан кейін өңшең ат құлағында ойнаған жас берендер Күйгенжарда тұратын дуанбасы Ыбырайдың тұқымдарымен де шайқасып Күйгенжардың шетінен өрт салып, дуанбасы Ыбырайдың сөзін мадақтаған, сойылын соққан, қанды балақ құлар Кене ханның әскерлерінің тұзағына түсті. Кененің қалың әскері Күйгенжардың басында шатыр тікті.

Бойына күш қуатын жинап алғаннан кейін Ақмола байларымен оларға болысқан казак-орыстар қару алып, атқа мініп, шошандап қайта шықты.

Бір жеті жатып тыныққан Кененің әскерлері сайдақталып қайтадан сілімтіліктерге қарсы жасакқа шықты. Ақмола, Семей, Кереку, Қарқаралы, Ақтау дуандары мен ел ішіндегі казак байлары Кененің әскерлерін мүлдем құртпақшы болып тоқтам алды. Дуанбасы Ыбырай, Тұрлыбек, тағы-тағылар бұған қол қойды. Үдеген соғыс ешкімнің өлген-тірілгеніне қарамады. Ер жүрек Ағыбай батыр бастаған қырық әскер жаудың қаптап жатқан қалың тобырларын топырлата бастады. Батырлар темір құрсау киініп, сауыт-сайман, қару-жарағымен жаудың тобына садақтың оғын бұршақша жаудырды. Садақтың оқтары казак-орыстардың шиті мылтықтары

мен сафы-қанжарларынан басым болмаса кем тиетін емес. Екі жақтан көп адам шығын болды. Наурызбай мен Ағыбай тағы басқалары: «Енді соғысты тоқтатайық», — деді. Кене бұлардың бұл кенесіне көне қойды. Бірақ әбден көзі қызырып құтырған иттей болған Ыбырай мен Тұрлыбектің адамдары соғысты үдете бергісі келді. Кененің қарулы қайратты көп берен сұңқарлары қазақ-орыстар мен қазақ байларының солдаттарының аттарын алып, жаяу айдады. Осы соғыс Ақмола үстінде ұзаққа созылып, Кене ханның немер маңғаз жортуыл ержүрек батырлары қаза тапты. Немер сәйгүлік аттары шөлдеумен зорығып, оқ тиіп аяқ астында қалды. Жаны ашыр Қарабас, Тәйке, Көбен, тағы басқа толып жатқан батырлардың өлімінен кейін Кене соғысқа көп беттемеді. Қазақ-орыстармен ауызба-ауыз сөзге келмекші болды.

Бұлар Құланөтнеске келіп, аттарынан ерлерін алып, киімдерін бірақ шешінді. Жеті дуан басылары, ондағы болыс билер, орыстың жанарал ұлықтары келді. Екі жақ әрі сөйлесті, бері сөйлесті. Сөйтсе де ешбір бітімге келісе алмады. Үш айдан кейін «сөзбен емес, батырдың қайраты мен қазақ халқының көмегімен Николайдың күлін көкке ұшырып, мылтықтың оғы мен зұлпыхардың дүзімен қаратып аламын» деді. Кене тоқтамаған соң Николай солдаттары үш айдан соң «сені таза тақыр етеміз», — деп сүлдесі құрып Ақмолаға қайтты.

Кене әскері бұл жерде біраз тынығып алып, Ақтауға барды. Ақтаудағы бекініп алған, қамал салған, қала салған орыстармен ұрыс салып, өртеп жіберді.

Бірақ Сарыарқаға күн сайын қаптап келген солдаттар Кенеге тыныштық бермеді. Кене ешбір жерге түпкілікті қоныс теуіп тұрақтай алмады. Кене Алатауға бет түзеп қоныс аударды. «Қырғыз бен қазақ халқы бір туыс еді, қазақтың басына туған қаралы күн соған да келеді. Қазақ халқын Николайдың талау қысымынан босатуға жәрдем бер», — деді. Бұған патшамен ауыз жаласып қойған қырғыздың Орман, Хантай деген манап-бектері көне қоймады. «Бізге орыс келіп тиген жоқ, қазақтың жер ауып қаңғырып келген төресінің сөзі керегі жоқ», — деп барған елшіні ұстап алып қыйнап өлтіреді. Кенесары бұл қорлыққа шыдамай қырғызбен соғыс салды...

АРЫСТАН АҚЫННЫҢ АЙТҚАНЫ

Ұлытау соғысында Кенесары төлеңгіттерінің қолына орыс экспедициясының құрамында жүрген Арыстан ақын түседі. Қапада отырған Арыстан ақын өз мұңын жырлапты:

Ауылым Қорғалжыннан асып кетті,
Сарғайтар қайғы түссе ақша бетті.
Өленді бір-екі ауыз жібергенде,
Үстімнен төлеңгіттер басып кетті...
Жылқымды айдап салдым терең сайға,
Көп міндім кішкенеменен жорға тайға.
Бір қайла шыбын жанға бола ма деп,
Жалындым шұбыртпалы Ағыбайға.

Төлеңгіттердің тұтқынынан босатып алған Ағыбай батыр Арыстан ақынды Кенесары хан алдына әкеледі. Сонда Арыстан ақын:

Кене хан! Жақсы көрсең қарашымын,
Жек көрсең де өзіңнің алашыңмын.
Атаңа алты қатын алып берген,
Атығай қарауылдың баласымын, —
деген екен.

Осы сөзден кейін Кенесары ойланып Арыстан ақынды еліне жіберген екен.

Мәшһүр Жүсүп Көпейұлы

1. Ағыбай мен Наурызбай

Бір күні Кенесары ордасында батыр, билер басын қосып, біздің заманымызда асқан батыр кім деген әңгіме болып, Ағыбайдан асқан ер жоқ деп Кенесары өзі бас болып, барлығы да Ағыбайды мақтай беріпті.

Осы әңгімені әлі атқа мініп жорыққа араласпаған 13 жасар Наурызбай босағада түсі бұзылып, сұп-сұр тындап отырыпты. Сол түні Ағыбай жылқыны қарауылдауға кетіпті. Ай көтеріліп, түн ортасы ауған кезде жарық ай сәулесінің астымен акбоз атқа мінген біреу ағызып келіп, Ағыбайға тап береді. Ағыбай найза салам дегенде, найзасын тартып алып, өзін киімінен түйреп, үш рет басынан айналдырып тастап кетеді. Ағыбай көп уақыттан соң есін жияды. Аты жанында тұр. Найзасы жоқ. Жылқыны түгел айдап кетті ғой деп қауып қылып түгендесе, бәрі де аман. Өмірі жаудан беті қайтпаған Ағыбай намыстанып, қатты жүдеп үйіне келсе, найзасы өз үйінің алдында шаншулы тұр.

Кенесарыға айтса да ұят, айтпаса да ұят. Ордада түсі қашып, енесі түсіп отырғанын Кенесары көріп: «Батырым, немене сырқат емеспісің, өнің келіспейді ғой» дегенде, Ағыбай өзінің түнде басынан кешкенін айтады: «Жың ба, пері ме, не екенін білмеймін, бұл жүдетерлік қылық емсе не?» — дейді. Сонда Кенесары саспастан, жайыменен отырып ойнап жүрген біздің Науанжан шығар, — дейді¹⁾

Кенесары хан болып, Ағыбай қол бастап тұрғаннан кейін, Кенесарының інісі Наурызбай 16 жасқа келген соң, 8 қазат орда тігіп отау үй шығады. Кенесары Ағыбайды шақырып Науанжанға 40 жігіт бөлдім, басы-қасына сені бердім, сені құдайға тапсырдым, Науанды саған тапсырдым дейді. Сонымен Ағыбай мен Наурызбай 40 жігітпен сейіл құрып жүре берді. «Наурызбайдың сол жылы бір кереметін көрдім, — дейді екен Ағыбай, — 40 жігіт сейілде жүріп бір бұлаққа келіп, атты қоя беріп ойнап күліп жатыр екен. Ертоқым бір жерде, сауыт-сайман бір жерде, түгел шешініп ұйықтап жатқанбыз. Атымыз шідерлеулі. Бір мезгілде қарауылшы «Жау

¹⁾ Қазақ әдебиетінің тарихы. Ред. басқарған профессор М. Әуезов, 1 том, А., 1948, 321 бет.

келіп қалды!» — деді. Жаппай атқа міндік. Жау көп екен, каша ұрыс салып, дөңнен асқан кезде Наурызбайдың бейқам жатқаны ойыма түсіп жанағы жерге қайта шапсам, Наурызбай қалай ат ерттеп, қалай киінгенін білмедім жаумен сабаласып жүр екен. Найзағайдай жылдам. Наурызбайдың осындай ғажабын көрдім» — дейді.

Осыдан соң Наурызбай бір күні: «Ағеке, Кіші жүздің Алшын елінде жігіт сынайтын қария бар дейді, мені соған апарып сынат», — дейді. Бұл Абыз деген көп жасаған дана адам екен, оны Кенесары батыр да біледі екен. Қасына жолдас алып Наурызбай мен батыр соған барады. Барса қария мамық төсекте жатыр екен. Бұлар сәлемдескен соң бүркеніп жатып қалады. Жағын торғынмен тащып қойыпты. Өйтбесе негі төмен түсіп кетіп, сөйлей алмайды екен. Бұлар қонып шығады, ертеңінде түске дейін, одан соң бесінге дейін қария тұрмайды.

Ағыбай батыр: «Науанжан бұл кісі сені сынамайтын болды, қайтайық», — деді. Наурызбай: «Жоқ, бұл кісі ажалың ертең кешке десе де сынатпай кетпеймін», — деп отырып алады.

Бұл сөзді естіп жатқан қария басын көтеріп: «Жол болсын, балалар!» — дейді. Сонда Ағыбай батыр тұрып: «Қария, мына бала Қасымның кенжесі Кене ханның інісі Наурызбай деген, Сізге көрінемін деп келіп еді, балаға не айтасыз? Мен Шұбыртпалы Ағыбай деген боламын, шаруа осы» — дейді. Сол кезде Абыз: «Я, Ағыбайым, сенің ұраның артында қалады, өз ұраныңды өзің естірсің. Бағыңның тобы желкенде екен, Наурызбай, менің жасым 120-ға келіп отыр, осы жастың ішінде сенен артық ер көрмедім. Үш нәрсенің сырттаны бар еді: иттің, қасқырдың, жігіттің. Сен жігіттің сырттаны екенсің. Бірақ, адам баласына мейірімің жоқ екен, бағың мандайыңда ғана екен, ғұмырың қысқа 20—25-теп аспассың, дүниеден арманда қалма!» — дейді. Наурызбайдың көңілі бұл сөзден соң бәс боп қалды дейді. Сонымен бұлар ауылына қайтып келсе Кенехан ауыл сыртында отыр екен.

Наурызбай өзінің майхана ордасына тіке тартыпты. Ағыбай Кенесарыға келіп: «Алдняр, тақсыр!» — деп сәлем берді. «Я, көсе, Абыз Науанжанды қалай деді» деп сұрайды Кенесары. Сонда Ағыбай батыр: «Науанжанға жігіттің сыртта-

ны екенсін, сенен артық жігіт көрмедік 120 жастың ішінде!» — деді деп, басқасын айтпайды.

Сонда Кенесары отырып: «Көсе, Абыз білмейді дейсің бе, бірақ айтпаған ғой. Атам Абылайдың түсі есінде ме!» — дейді. Онысы, бірде Абылай түс көріпті: астында жалын құйрық жирен аты бар келе жатса, бір жолбарыс қашады, жолбарысты соғып ішін жарғанда көкжал қасқыр қашады, қасқырдың ішін жарғанда қызыл алтай түлкі қашады, түлкінің ішін жарған екен — бақа-шаян аяғынан басына дейін қаптап кетеді. Осыдан соң «менің артым көптің бірі болып кетеді ғой» деген екен. Осы түсті есіне алған Кенесары: «Менің Сыздығымнан кейін солай боламыз ғой», — дейді.

— Осыған орай мен де бір түс көрдім, — деп Кенесары сөзін жалғайды. — Түсімде, көсе, сен екеуміз арқаласайық, қайсымыздың бағымыз жеңер екен деймін. Әуелі кім арқалайды десем, «Сіз ел ағасы хансыз сіз арқалаңыз» дейсін. Мен сені арқаламай алдыммен көтерем, кезек саған келгенде мені сен қаптағы тезекше иіріп арқана салып алдың, мен үш жүзге хан болсам да орта жүзге хан атым бар ғой, сенің бағың артыңда қалды. Сенде мыңбасы адамсың, алдыммен көтеруім біздің бағымыз маңдайымызда, артымызда қалатын бақ жоқ, өзімізбен бірге кетеді, болмаса сені мен де арқана салып алмас па едім», — деген екен. Кенесарының айтқанын келді, оны Ағыбай өз құлағымен естіп, көзімен көрді.

Бұдан соң Кіші жүзге 90 адаммен Наурызбай барған бір жорықта Төлегенұлы Жанғабыл бұларды айламен қырып салды. Жанғабылдың көздегені Наурызбайды өлтіру еді. Түні ішінде жалаңаш-жалпы ұрыс болып Ағыбай батыр қайрат көрсетіп, Наурызбайды аман алып шығады.

Қырғызбен соғыста Наурызбайдың астындағы Ақауыз атқа оқ тиіп, Наурызбай жаяу қалып, Қортайлақ деген ат шабысқа жарамай, қырғыздар қалай болғанда Наурызбайды қолға түсіруге қамағанда, Мендібай, Дулат, Ағыбай, Бұхарбай, Шәкір, Жәуке, Толыбай бастаған сегіз кісі жауды Наурызбайға өткізбей алып шыққан. Ақыры Кене хан қолға түскен соң Наурызбай, Ағыбай, Мендібай, Дулат, Бұхарбай, Қошқарбай, Шәкір, Жәуке, Толыбай, Нысанбай, тағы басқа батырлар жаудың қоршауында тұрып кеңес құрады.

Ағыбай, Жәуке мен Толыбай тауға көтеріліп, жаудың сайған камалын, оған қосылған он екі мың дулатты көреді. Арқаның сайдағы шұңқырына дейін білетін Ағыбай батырға Алатау бір жұмбақ болатын. Ағыбай шымыр Байұзақ пен дулат Байсейітке сенуші еді. Жолбасшы Бұғыбайға сенген Кенесары өзі қолға түседі. Орыс пен қырғызға дәрмені болмайтынына көзі жеткен Ағыбай сол жерде Наурызбайға былай дейді:

— Айналайын, Науанжан,
Ақылға дархан зерегім,
Салса да тастап қайтпайтын
Жетесі құрыш беренім,
Бақытың баста жүрсе де,
Асқар таумен тең едің,
Неше күндей ізденіп,
Білмедім. Қара ханның дерің.
Айналайын сұланым,
Жолдас болып жасымнан
Көзімнің майын жеп едім,
Хақ ісіне амал жоқ,
Қазам жетіп өлгенше,
Айрылмаспын деп едім.
Алатауға барғанда
Жер шарысын көздедім.
Көмек қылған көп Дулат,
Қайда екен деп іздедім.
Байұзақ барда Дулаттың
Тілегі бөтен болмас деп,
Күдерімді үзбедім.
Дулаттан тағы түнілдім,
Көрген соң анық көзбенең,
Қалмастан тегіс кетіпті,
Байқадым оны ізбенен.
Қоқиланған қырғыздан
Дулат қалған қауіпті
Айналайын, Науанжан,
Дулаттың беті ауыпты
Орыс пенен Қоканға
Құл болып ұран беруге
Дулатың жөнін тауыпты.

Сонда Наурызбай кайраттанып: «Неде болса калган үш жүз колмен коршауды бұзып Кене ханды кұтқарайық», — деді. Ағыбай батыр: «Науанжан, жау Кененді өлтiрмес, кұрылған қақпаннан аулақ болайық, жауға жем болмайық, азғана күшiмiздi жиып коршаудан шығып, кыргызға елшiнi жiберейiк. Олай болмаса жаудың зеңбiрегiнен қанымыз төгiледi. Әркiм бет-бетiмен қашады, тұрымтай тұсына, балапан басына», — дейдi. Науан: «Ей, Ағеке», — деп жылап тұрып айтыпты, — бұрынғының сөзi бар ғой — екi қатынның баласы екi ру ел деген, мен Кене ағамды не жаудан арашалап алайын, не бiрге өлейiн, елдiң өсегiнен қашып», — деп, Наурызбай есiл ерлермен қоштасып, Кене хан тұтқынға түскен жерге бет алды. Ағыбай бастаған үш жүздеi батыр коршаған қамалды бұзып, көбi мерт болып, сексен батыр зор ерлiк көрсетiп «Абылайлап» жетi қабат Алатауды айналған жауды жарып өтедi.

2. Ағыбайдың кыргыз Алатауынан қайтқан соң

Сотник Абакумов Шу өткелiнен тосып, Ағыбайды шапшақ болады. Бiрақ, бұлар түнде өтiп кетедi. Бұдан соң Арқаға жетiп Тайатқан-Шұнақтың Ақмола жақ сыртында Қарақырқа деген жерде отырғанда, ендi елге келдiк жау жоқ деп Көкбестiнi жылқыға жiбермек болып тұрғанда, туысы Мендiбай батыр: «Ағеке, жаман жерiм тартып тұр, жауға кездесемiз. Көкбестi атты жiбермеңiз және жемге тойғызба» — деп аттың басындағы жем салып iлген дорбаны алып тастайды.

Мендiбай батыр кеткен соң жемдi қайта байлап, атты қоя берсе ат жылқыдан қайтып келiп далада қаптағы бидайды жарып жейдi. Таң ата ауылды көп жау коршап, 500 адам сарыала ту көтерiп: «Шық, Ағыбай, шық! Шөкежан сұлуың я сенiкi, я менiкi. Көкбестi ат пен Көк дабыл тазы, я сенiкi, я менiкi» — деп айқайлайды. Көкбестiнiң тұрғанын көрiп Шөкежанға ат ерттетiп, бәйбiшесi Талшыбыққа су кұйдырып, дәреттенедi. Әрi батыр, әрi мерген iнiсi Шыңбайды шақырып, «мен үйден жау қашты деп жауға ат қоям, сен ту ұстаған адамды ат» дейдi. Туды атып ту кұлаған соң жау қашып, бұлар қуып 100 қаралы адам қолға түседi. Сол

санарда Шаншар батыр деген кісі өліп, батыр келсе шек-карыны шұбатылып жатқан Шаншар «маған карама, құнымды алып қал» депті. Соныменен жауды қуып, Қарақырқаның жарлауытынан орғығанда Көкбестінің қарны жарылып өледі. Көкбестінің басы былғары ақ киізбен қапталып Шешен-кара тауының басында қойылған. Жылқышылар: «Көкбестінің басын көрдік-бес қарыс» деуші еді. Оған бір қарыс құлақ, сынық сүйем ерін қосылған да тірі күнде қандай болды екен деп үлкен кісілер танырқаушы еді. Бұл жолы шапқан жау Ыбырай болса керек. Баяғы Ақмола, Орынборды шапқан Кенесары заманынан қас Ыбырай Ағыбайды бір шауып, кек қайтармақ екен.

Бұдан соң Ағыбай елі көшіп, егіншілік жер іздеп, Тоқырауын, Жамшы өзенін қоныс етеді.

3. Сыздық төренің айтқаны

Шұбыртпалы Ағыбай батыр Балқаш бойындағы Тасарал деген жерде қоныстап отырса сәлем беруге Сыздық төре келіпті. Сөз арасында Сыздық төре: «Ағеке, өміріңізде не арманыңыз, не өкінішіңіз бар?» — деп сұрапты. Сонда батыр: «Арман мен өкініш неге болмасын, анау қырғыз Алатауында қалған Наурызбайдың «Ағеке» деген дауысы әлі құлағымнан кетпейді» — депті. «Бірақ Кенекем мен Науанды құтқарам деп Арқадан қол жинап Черняевты үш рет шаптым, Науан-жанымның құны деп Кәрібоздың басын алдым», — деген екен. Сонда Сыздық төре айтыпты: «Ағеке, өкінішіңіз орынды екен, Кәрібоз Наурызбайдың құны емес еді. Мен бір қарт қырғыз ақыннан Кәрібоз бен Наурызбайдың тарихын естіп едім, есімде қалған сөздері мынау:

«Үйіне Наурызбайды алып келді,

Құр қайнап, зығырданы налып келді.

Сыншы еді, Кәрібоздың өзі шешен,

Сүйегін Наурызбайдың танып келді.

Тіктірді Наурызбайға бір ақ орда,
Көтеріп алты атан келді зорға.
Жау болып саушылықта төременен
Келген соң құрметтеді енді қолға.

Батырды сол ордаға кіргізеді,
Құрметпен кісілігін білгізеді.
Төренің қызметінде болыңдар дел,
Алдына екі жігіт жүргізеді.

Алдына жүргізеді екі жігіт,
Қолына екеуінің берді кіліт,
Кәрібоз жігіттерге айтты келіп,
Қашад деп бұл төрені қылма үміт.

Егер мен жан танысам төре қашпас,
Сендерден рұқсатсыз есік ашпас.
Кетпесің сырттан соғып андаған жау,
Төреге біреулер дос, біреулер қас.

Ордада сол күтумен Науан жатты,
Көрмеді жаны төзіп рахатты.
Көңілі Наурызбайдың тасысын деп,
Әртүрлі сырнайлармен ән шырқатты.

Науанның бас көтеріп, тұрысы жоқ,
Ұйқы ұйқтап, тамақ ішкен тынысы жоқ.
Қаншама ойын-күлкі етсе-дағы,
Әсілі оныменен жұмысы жоқ.

Атасы хан Абылай дегдар — асыл,
Тараған тұқым шашып неше асыл.
Әзілден хан баласы еліге ме,
Солардан келе жатқан төре нәсіл.

Көңілі Наурызбайдың жабығады,
Өткен күн ойға түсіп қамығады.
Елігіп төре назар салмаған соң,
Кәрібоз ойын таусып жалығады:

«Күнінде үш ай тоқсан катады мұз,
Батырмен дәм бұйырып татады тұз.
Көңілі Наурызбайдың көтерілсін
Әр жерден тандап сұлу салайын қыз».

Көңіліне осылайша түсті қиял,
Төреден көрінбейді жанын аяр.
Түзетіп ажар көркін қош иістеп,
Алдына қыз, келіншек қылды даяр.

Қаламдай қасы қиғаш, маңдай жазық,
Бұралған талшыбықтай белі нәзік.
Мысалы пейіштегі хор қызындай,
Сипатын болар емес хатқа жазып.

Төренің қызыл жүзі оңа берді,
Ішіне қайғы-қасірет тола берді.
Науанның оларға да зауқы болмай,
Сарғайып зағынырындай сола берді.

Науанның көңлі жарым, қайғы басып,
Әл кетіп ақылынан тұр адасып.
Бір күні Қәрібозға бір ой түсіп,
Ордаға кіріп келді қадам басып:

«Мен келдім, төре, сені көрейін деп,
Халінді сау-саламат білейін деп,
Етіп ем өз қалымша Сізге қызмет,
Басынды сау күнінде тенейін деп.
Ашық сөз, айқын көңіл көре алмадым,
Етсем де жаным пида өлейін деп.
Алдына бүгін сенің келіп тұрмын,
Бақсам да неше күндей елікпедім,
Басынды бір көтеріп, ерікпедім.
Рұқсат енді, төрем, бердім Сізге.
Кетуге өз жеріңе жерік пе едің?»
Сол уақытта ер Науан,
Көтеріп басын алады,
Қәрібозға қарады:
«Сіздерменен жау болып,
Алатауға таластық,
Қосындап әскер шығарып,
Жығамыздан қарастық,
Бір киеге ұрынып,
Жолымыздан адастық.

Қараңғы түнде дүсірлеп,
Алатаудан біз астық,
Өзімнің басым аман боп,
Кененің қолда қалғанын,
Көре алмадым жарастық.
17 жасқа келгенде,
Алшийып, атқа мініп ем,
Жақсылы, жаман дүниенің
Тамашасын көріп ем,
Айналасқан достардың
Тілегенін беріп ем.
Ерегескен дұшпанды
Табанға салып жеңіп ем.
Басымнан бақ тайған күн
Хан Кенені ізденіп
Алдарыңа келіп ем.
Бастан ауды бағымыз,
Сөйледі тіл мен жағымыз.
Мәлім шығар тәңірге,
Қара менен ағымыз.
Кәрібоз, маған жауап бер
Осы күнде аман ба,
Ержан менен ханымыз?»
Наурызбайдың сөзіне
Кәрібоз сонда бөгелді,
Бөгелгеннің белгісі
Төмен карап үңілді.
Төреге жауап бере алмай,
Қабырғасы сөгілді.
Кәрібоздың ыңғайын
Енді Науан таныды,
Үміт үзіп Кенеден
Ақырын өксіп налыды.
Хан Кенені қырғыздың
Өлтірген сынды сарыны,
Уа дегенде Науанның
Аузынан шықты жалыны:
«17 жаста ат міндім,
Жал-құйрығын сүздіріп,
Әуре қылды дүние,
Жер дүниені кездіріп.

Атам Қасым айтқаны
Жын салқыны батырлық,
Ақыры болды мінекей.
Туысқаннан бездіріп,
Ағаны іні көре алмай,
Қудерімді үздіріп,
Қененің тұрып Кәрібоз
Болғанын пәни сездіріп.
Дүниенің білдім жалғанын,
Жалған боп міне қалғанын
Уа, дарига дүние,
Қөңлімде көпті арманым.
Бас аяғы тоғыз жыл,
От болып лаулап жанғаңым,
Он екі мындай ауыр қол,
Ертіп алып қасыма,
Алатауға таласып,
Қырғызға ойран салғаңым.
Шығасыға себеп боп,
Болмашы жерден дақ түсіп,
Қенекемнің қолда қалғанын,
Қенені іздеп мен келдім,
Өзімнің мұндай болғаным.
Атқан оққа Тәшкендей
Қенекем еді қорғаным.
Қайран сабаз Еркекем¹⁾
Шырайы еді орданың.
Осылардан айрылып,
Мін емес пе, Кәрібоз,
Арқаға менің барғаным.
Алдыма түскен ханым жоқ,
Артыма ерген жаным жоқ,
Арқаға менің бармағым.
Неде болса, Кәрібоз,
Енді мені қинама,
Ордаңда енді қалғаным,
Қолыңда жатып көремің
Жаратқан хақтың салғаның».

¹⁾ Ержан ағасын айтып отыр.

Наурызбайдың сөзіне
Кәрібоз қайран қалады,
Үйіне қайтып барады.
Ер Науанды құрметтеп
Бұрынғыдай бағады.
Таза бақ деп төрені
Қызметтерін салады.
Құлақ салсан, азамат,
Асыл туған Наурызбай
Адамның ардагері еді
Аға сұлтан Кенекен
О да бір асқан бел еді,
Хан Кенені ойланып,
Көңілінде толған шер еді.
Қайғы түбі қан деген,
Күннен күнге ауырлап,
Төренің дерті үдеді.
Бетінен қызыл қан кетіп,
Денеден қуат әл кетіп
Енді терең жүдеді.
Ендігі сөздің қысқасы,
Асыл туған Наурызбай
Өз иманын өзі айтып,
Ақырет сапар жөнөді.
Ұсталғаны болмаса,
Қырғыздан қаза тапқан жоқ,
Өз бетінен өледі.
Көп жасаған қария,
Көп қыдырған азамат
Осылай өлді деп еді.

СЫЗДЫҚ ТӨРЕ

(Доскей Әлімбауұлының әңгімесі)

Кенесарыдан туған ұлдың біреуі Сыздық асқан батыр болды. Сыздықты ел адамы бері келгенше көрді. Кененің қорлық көріп, жеңе алмай кеткен жауларынан кек аламын деп ұзақ уақыт соғыс салған. Ол талай қаланы, талай қорғанды алады. Бұламбол (Шомбол) еліне барады. Онда да ерлік батырлығын көрсетеді! Сыздықты да қазақ халқы аса жоғары кәдірледі. Сыздық өзінің арғы бабасы Абылайдың қабірі қойылған Түркістан төңірегін мекен етіп тұрды. Жыл сайын Сарыарқаны аралап, әкесінің жүрген, туып өскен жерін аралап жүрді. Шіркін-ай, өзіміздің Сарыарқадай жер жоқ екен ғой, ат жақсысы Шомболда, ер және жер жақсысы мен мұзбалақтар Сары-Арқада екен ғой» деген. Сыздық дунанбасы Ыбырай мен Қоңыр төре тұқымдарымен өле-өлгенше айқасып кетті.

Сыздық әкесінің жан досы Ағыбайға келіп сәлем беріп, айлап, жылдап жатып жүрді. Ағыбайдың мекені Қарқаралы, Балқаш бойында болды. Шұбыртпалы Ағыбай елі кәзір де осы жерде қоныстап отыр.

Сыздық Тінәлі еліне, Ақмола, Қызылжар, Көкшетау, Атбасар, Қарсақпай, Баян, Көкшетау, Торғай, Орал жерлеріндегі барлық елдерді аралап олармен танысқан. Мен өзім де Сыздықпен он бес күн жолдас болып қасына еріп жүрдім, қызық әңгімелерін тыңдадым. Қазақ баласына Сыздық ер, ақылды, турашыл ардагер адамның бірі еді. Оның соғысы, ерлігі жайындағы әңгімелер өз алдына бір сүре болып кете береді.

ЖЕР ДАУЫ

1849 жылы Ағыбай батыр Тоқырауын бойындағы әлтеке-сарым елінде отырғанда жанжал көбейіп, войсковой сотник әлтеке Дүйсембай батырмен қағысып-соғысып қалады.

Ел ішінде: «Ағыбай — қашқын, ақ патшаға қарсы, Ағыбайды ұстаймыз. Ол Жамантай, Құсбек төреге қарсы» деген

қауесет тарайды. Бұрын ешқандай тізімде болмаған шұбыртпалының 200 түтін үйлерін патшаның өкілдері тез арада есепке алады. Аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлы Ағыбай батырды Қарқаралыға шақыртады.

Қарқаралыға келген Ағыбай батыр Ақбай Жандеркеұлы үйіне түстенеді. Үйге кіріп келсе, тақтайдың үстінде бір кісі қолын басына қойып, шалқасынан жатыр, батырға қарамайды дейді. Батыр оның қолын алмапты. Ақбай Жандеркеұлы Ағыбайға қызмет көрсете беріпті. Ақбай мал сойдырып, табақ ұсыныпты. Әлгі жатқан кісі Ақбайға: «Мен тоңдым», — депті. Сонда Ағыбай батыр:

Көмістерін тоңды ма,
Тоңдының бәрі сорлы ма.
Жөнін тауып сөйлесен
Токтамас кім бар жолыңа.
Кедейдің бірі — пайғамбар
Әзелде осал болды ма.
Өзін өзі зор тұтқан,
Басқаларды қор тұтқан.

Әзәзіл — сайтан онды ма —
деп өлеңдете жөнеліпті.

Ағыбай асын жеп болып аттанып кетіпті. Аздан соң әлгі жатқан кісі басын көтеріпті. Ақбай: «Сіз, Ағыбай батырды білмеуші ме едіңіз?» — депті. «Қап, білмей қалдым!» — деп артынан адам шаптырып, өзі де барыпты. Барса бұған Ағыбай басын бұрмапты. Сөйтсе, бұл бағанағы жатқан тобықты Құнанбай екен.

АҒЫБАЙ БАТЫР КЕСКЕН ҚҰМБЕЛ

Кенесары, Наурызбай, қолбасшы Ағыбай батыр қырғыздармен болған соғыстың бір кезеңінде Алатаудан ағып Ыстыккөлге құятын Құмбел өзенінде кездесіпті. Өзеннің ағысының қаттылығы тастарды домалатып ағызады екен, ешқандай өткел бермейті. Сонда Ағыбай батыр: «Ой, арғындар! Сендер әуір десендер Алатауды да құлатасындар, аттарыңнан түсіп, қару-жарақтарыңды бір жерге үйіп, өзеннен ағысына тас тастап, бөгендер», — депті. Содан бастап сол жер «Ағыбай кескен Құмбел» деп аталыпты.

Қазір Қырғызстанда Ыстыккөлге құятын «Шамшы» совхозының жерінде.

ҮЙСІН БӨЛТІРІК БАТЫР

Кең сахарада, Алатаудың төсінде кең жайлап жүрген үйсіннен Кенесары жылқы айдагып алады, Үйсіндер қуып жеткенше ұзап кетеді. Таң ата құғыншылар таяп келіп, кең дала жағынан тиіп, Кенесарының қолын ығыстырып, бір үлкен көлге қарай бетін бұрды. Бұл көлдің шетінің біраз жері батпақты екен. Мұны Кенесарының қолдары білмейді. Қол жылқыларды алдына салып, өздері сойыл үстіне сойыл салып айдайды. Тайқұлындар жүре алмай мида калып қояды. Түс ауған кезде мидың шетіне Кенесары шығады. Кенесарыны қоршай алдынан екі кісі, артынан екі кісі, екі жағынан батырлары жүреді. Сол жолы Ағыбайдың үлкен бәйбішесі Талшыбықтан туған 15-16 жастағы Аманжол бірге еріп шыққан екен. Ағыбай жанжағына қараса, еріп келе жатқан баласы Аманжол жоқ. Ізінше Аманжолдың астындағы күзеулі кердің милап жатқанын көреді. Аманжол аттан түсіп, бір төмпешіктің басында жылап тұрған. Аманжолды көріп, қасына келіп: «Ей, Аманжол, кімнің баласысың?» деп сұрағанда, «Атамның баласымын» дейді. Ағыбай «кімнің баласысың» дегенде, «сенің балаңмын» деп айтар ма екен деп сұраған екен ғой. «Жарайды, атаңның баласы болсаң» деп, қолынан ұстап, артына мінгестіріп, «шүү, жануар» дегенде, Ағыбайдың дауысын естіген күзеулі, кісінеп, барлық күшін жинап бір-ақ секіріп, мидан шығады. Күзеулі керді жетектеп, Аманжолды мінгестіріп, құрғақ жерге шықты.

Сол мезгілде үйсіннің қуғыншылары көз көрім жерге келіп қалған екен. Бұлардан жеке қара біреу озып шығады. Сол уақытта Кенесары жан-жағына қарап, «Көсе қайда, дәу де болса осы Бөлтірік шығар. Ей, Көсе, сен барда ұзын етек үйсінді шолтаңдатпай, жайғап кел» деп әмір стеді. Хан жарлығы екі бола ма, Ағыбай ақ желең тоғыз казықтан қиған найзаны оң қолына, қылышты сол қолына алып, Көкбестіні ор текедей орғытып, қарсы шабады. Бөлтірік ұрандап, қамданып, бұ да тайсалмай қарсыласуға ыңғайланып, астындағы тор жорғаға қамшы басып ұмтылады. Найзаны Бөлтірік сала бергенде, Ағыбай қағып жіберіп, найзасының ұшымен киімінің үш түйреп, жерге түсіреді. Сонда Бөлтірік батырдың айтқаны: «Ей, Ағыбай, үлкенді сыйламағының қалай?».

Ағыбай: «Ей, өз аға, жауды аяған жаралы болады деген қайта? Қарсыласқан екеуміз де өлімдеміз, сіздей өз аға табылмас деп бұл менің сізді аяғаным», — деп тор жорғаны ұстап әкеп алдына тартады да: «Ей, өз аға, ер кезегі үшке дейін деген, қайтыңыз, бұл сапарда жолыңыз болмайды», — дейді. Сонда риза болған Бөлтірік: «Жарайды, Ағыбай, жауың да, дұшпаның да, досың да ер болсын» деп атын бұрып қайтып кетеді.

Ағыбай келгенде Кенесары: «Ұзын етек, үйсінді жайғандың ба? деп сұрайды. Сонда Ағыбай: «Найзасын қағып сындырып, киімнен үш түйреп жерге құлаттым» — дейді. Кене: «неге өлтірмедің?» — дегенде, Ағыбай: «Ей, хан, жау дұшпанды мерт қылма, екіншіде байқап жүреді. Бөлтірікті өлтіріп, үйсіннің белін сындырайын ба, кигіз туырлық қазақтың арын төгіп сатайын ба? Өзі де қайтады» деген екен. Сол жолы Бөлтірік қуғаншыларын алып қайтып кетеді. Бұл 1842 жылы болған.

* * *

Бөлтірік, екінші жолы үйсінге ұран салып, қол жинап, ат-тондарын сайлап жатқанын естіп, барлауға Кенесары екі кісі жібереді. «Қоңыратпыз деп аралап, ел шетінен хабар біліп қайтыңдар» деп жіберген шолғыншылары жылдам қайтып оралады. Сайтанның қамданып жатқаны рас екен дейді. Сонда Кенесары Ағыбайға: «Былтыр-ақ жайғап тастайтын немені тірі жіберіп, шолтаңдатып қойдың. Қазақтың белі, ары сынады деп, енді қолға хабар салайың, қарсы барайық», — деп ренжиді.

Қол шеруін тартып, үйсінге жөнеледі. Бөлтірік қолымен Кенесары қолы қарсы ұшырасады. Екі қол шектескенде Бөлтірік батыр: «Ей, үлкен ағалар, кіші билер, Кенесары не қылғанмен бізді жеңді. Көбінді қырғызып, қағын-балдарынды жесір-жетім қалдырғанша, мен шетке шығып сайысайын, өлсем мендей бір ұл нә туар, нә тумас. Ағыбайдан басқасы шықса құдай береді, Ағыбай болса, кезекті берер ме екен» деп, жекеге шығады. Кенесары: «Көсе, аяма, қазақтың намысын жыртпа, жайғап кел. Иә болмаса — өл» дейді. Хан жарлығы екі болмайды. Ағыбай Көкбестіні текректетіп қар-

сы шабады. Ағыбай жауынан бұрын қимылдайтын, шапшаң екен. Жауының найза-қылышын андап, өзіне дарытпай, не қағып сындырып, ыңғайына келсе, тартып алады екен. Егер бұл екеуіне мүмкіндік болмаса, тоғыз қызықтан қиған найзаны мылтықтай атып жібереді. Найзаның түбінде құлаш тас қара қайыстан шыжыма болады, Ағыбайдың бұл қасиетінен хабардар Бөлтірік батыр, оң қолына қос желек найзасын алып, семсерін сол қолының қарына іліп қаһарланып, ашуланып, түксіп қарсыласа бергенде Ағыбай тор жорғаның бүйіріне найзасын атып жібереді. Бөлтірікті атпен бірге құлатады. Құлап жатып Бөлтірік: «Ей, Ағыбай, ханың Кенесары жүзге келмес, сен мыңға келмессің. Ешкімнен Кенесары күшті емес, тексіз, Уәлихан сарттың баласы деп өсектеуші еді. Енді елімді жетім-жесір қылғызба, саған тапсырдым» деп, қолдарын тоқтатып кері қайтады.

Ағыбай аман-есен қайтып оралғанда Кенесары: «Ұзын стек немені былтыр ғана жайғап тастау керек еді, бұл шолтаңдағанын қоймады» дейді. Ағыбай: «Арпа ішінде бір бидай, Бөлтірік өлсе, Үйсінде бас көтерер кісі жоқ. Ол енді шолтаңдамайды. Шолтаңдаса біткен жері. Ер кезегі үшке дейін. Мен Бөлтірікке осы сапар еліңе тимеске, жетім-жесір қалдырмасқа уәде беріп келдім» дейді. Кенесары үш күн ашуланып не қыларын білмей Ағыбайға күніне үш мезгіл: «Шауып алсаң не қылады» деп айта береді. Сонда Ағыбай:

«Иә, Кене хан ер жігіт екі сөйлесе өлгені,
Қара жерге тірідей көмілгені.
Ұзын аққан Алатаудың төсінде
Менен қалған үйсінде.
Алыс-берісіміз жоқ еді ғой
Бөлтірік секілді батырды өлтіргенде.
Арғын атам, бір қазақтың баласымыз.
Бөлтірікті өлтірсем, үйсіннің белі сынар,
Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді дегендей,
Қазақтың арын төгіп не қыламын.

дейді. Ағыбайдың сөзін Наурызбай да қалың қолдың бәрі мақұлдайды. Кене оған риза болмайды.

БАЛА БАҚСЫ

Кенесары Наурызбаймен бірге қырғызға қолға түсіп қалған соң, Ағыбай Сарыарқаға, Қарқаралы уезіне қарай көшеді. Мұны Бөлтірік естіп, көп кісімен соңынан қуады. «Ағыбайдан кегімді аламын». Халқын «жетім-жесір қыламын» дейді. Мұны Ағыбай білмейді. Ағыбай өзіне белгілі Бетпақ шөлінің суы бар жерімен көшеді.

Көш келсе, қонарлық жердегі судан бір қара кер ат, ит-арқа құс көрінеді. Сол құстан бір жуан, зор еңгезердей біреу шығып: «Иә, Ағыеке, амансыз ба? Сізді күтіп жатқаныма екі күн болды. Менің затым — Қуандық, жасымнан үйсінге сіңіп кеткем, атым — Бала бақсы. Биыл маған «өлесін» деді қара қобыз. Әулие болып аспанға ұшпайсың, сенде болып жерге көмілмейсің деген соң, келе жатырмын, қасымда үйсіннен алған қатыным бар» дейді. Сонда Ағыбай: «Олай болса қара қобызды тарт, мені қуып келе жатқан адам бар ма екен» дегенде, Бала бақсы қара қобызын тартып отырып: «Ойшырмай, Ағыеке-ай көп кісі Шудан өтті. Бір бурыл сақал адам шарт жүгініп отыр, соны елдің бәрі «Бөке, Бөке» деп батпай бәрі тағзым етеді десе, Ағыбай: «Бөке, Бөке» деген сөзіне түсіне алмай: «Ей, Бала бақсы, анықтай қарастыр, кім екен?» дейді.

Бала бақсы қобызбен сарнатып: «Ей, шіркін-ай, Бөлтірік!» дегенде Ағыбай Көкбестіге найза, қылыш, наркескенін артына қойып, үндемей суға қарап ойланып отырады. Осы суға сарттар келіп қонады. Сарттар Ағыбай деген соң қатты қорқып, не қыларын білмей сасады. Керуен басы сарт, Ағыбайға сәлем беремін деп, Ағыбайдың қасына келеді. Ағыбай сарттарға тигізбейді. «Қона беріндер, ешкім сендерге тимейді деген соң, сарттардың көңілі жайланады. Таң атқан соң, сарттардың керуен басшысы Ағыбайға тарту-таралғы береді. Керуен басшысына Ағыбай хат жазып берді, келе жатқан үйсін Бөлтірік батырға бар, бұрын өзіне берген уәдем бар еді, ер кезегі үшке дейін деп. Екі рет ажалдан қалдырып ем. Енді қазірден бастап, мал-мүлік, қатын-балаларды Сарыарқаға үдере көшіремін. Сендердің көздеріңше өзім 30-60 тұрысқаныммен осы арада үш күн күтемін. Шөл Бетпақтың даласында емін-еркін қимылдап, шерқұмардан шығайын. Дүние екі келмес. Осы жолы Бөлтіріктің, нә менің ажалым,

Хатта да һәм ауызда да осыны айтындар», деп тапсырады, және осы хатты беруші сарттарға тигізбе, бұрынғы талап алғанымыз да жетер» деп оны да тапсырады. Сарттар қуанақуана риза болып жөнеледі. Ағыбай батыр көштерін үдере көшіріп жіберіп, 62 кісімен сол арада күтіп қалды.

Екінші күні Бөлтірік сарттарға кез болады. Олардан «Көшіп бара жатқан ел көрдіңдер ме?» деп сұрайды. Олар: «Көрдік, Ағыбай батыр көшіп барады, екінші суда сіздерді күтіп қалды. Көштерін үдере көшіріп жіберсің деп, хатын берді дейді. Сарттар айтты: «Үкі батыр, Ағыбайды бұл дүнненің адамына ұқсата алмадық, малы да, жаны да өзгеше бір күйде. Шер-құмарымнан бір шығайын деп сізді күтіп жатыр, егерде тіл аласың қайтыңыз» дейді. Бөлтірік батыр әрі ойланып, бері ойланып: «Хатта да осы, ауызша да осы. Мұнысының бәрі рас Кенесары сыңды ханынан, Наурызбай сыңды сұңқарынан айрылып көзіне қан толып күйініп бара жатыр екен, ашу қағармен осы жолы мені мерт қылады, қой енді қайтайық», — деп кері қайтып кетіпті.

Үш күн жатып, төртінші күні Бала бақсы қобызын тартып: «Ей, Ағыбек, Бөлтірік кейін қайтып кетті» дейді.

Ағыбай аман-есен еліне келеді. Екі құлынды бие, бір саулы інген түіе беріп бала бақсыны еліне жеткізіп салды. Сол жылы қатты жұт болып Бала бақсы өлді. Қоюға ешбір мүмкіндік болмаған соң сүрелеп, қой қорада мамыр айына шейін ұстайды.

КӨТЕН БАЛУАН

Тобықты Құнанбайдың әкесі Өскенбайға ас береміз деп. Қарқаралы һәм Семей дуандарына қараған елдерге хабар айтады. Ағыбай ел-жұртпен танысам деп о да келеді. «Кенесарының Ағыбай батыры» келді деген соң асқа жиналған халық «көреміз» деп Ағыбайды босатпайды. Ел егер болып, аттар шабылмайтын болып, бірақ жол-жоба, бәйгелерін беретін болып келіседі. Сонан соң балуан күрестірмек болады. Сол кезде Көтен деген балуан бар екен. Көтен балуан білектей жас қайыңды екі басынан ұстап, иіп қосады екен. Бала-

сы «мен әкемнен күштімін» деп, айтқанын Көтен есітіп, бір жуан қайыңды кесіп әкеп екі басын іні баласына «қозғалтпай ұстап тұр, мен үйден жуан қайыс әкелейін» деп баласына ұстаттырады. Өзі үйге кіріп, есіктен сығалап не қылар екен деп бас бағып қарап тұрады. Баласының қолы жазылып, қайың ашылып барады. Баласы әкесіне айғай салады, тезінен әкел деп. Көтен келгенше қайың балаға көнбей жазылып кетеді. Көтен балуанның күші сондай болған адам.

Халық Ағыбай мен Көтенді күрестіремекші болады. Ағыбай бұған келіспей: «Ей, әлеумет, мен ешкіммен күресіп көргенім жоқ. Қаласаңыздар халықтың сағы сынбасын, ат үстінде тартысып, қайратымды көрсетейін», — дейді. Халық мұны құп көреді. Ағыбай немере інісі Шынбайды жылқы аралатып жуан, пілдей бір ат алғызады. Шынбайға ерттетіп, жуан қыл шылбырмен ердің үстімен бауырынан қатты тартқанда ат жата қалады. Қаракесек-тобықты екі жік болып отырады. Көтен балуанды төрт кісі құрметтеп, үкілеп алып шығады. Қаракесек те Ағыбайға құрмет көрсетіп алып шығайын десе, Ағыбай қарсылық білдіріп «Алатаудың Кекілік кезенінде орыстан да, қырғыздан да құдай сақтаған бас-аяғы бір тұтам Көтен болмақ түгілі, шек-қарын болса да өзім барамын» деп Көтенге қарсы мінген атын қамшылай басып жүре береді. Оң жақ жеңін сыбанып, тақымын қысып, жақындағанда Көтеннің тақымы ашылып, қашқалақтап «мен ат үстінде тартысып көргенім жоқ еді, тартыса алмаспын» деп, аттан түсіп, жаяу жүре берді. Бәйгені Ағыбайға берді. Ағыбай олжасын Қаракесектің ортасына салды.

АҒЫБАЙ БАТЫРДЫҢ ТҮРКІСТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУЫ

Ағыбай батыр Бетпақдалада Шу бойында қоныстап отырғанда оған Түркістан шәһарынан хабар келеді. Хабар әкелген жігіт: «Ақжолтай-аға, Хазірет сұлтан жатқан кесенені бұзамыз деп, Түркістанды жау қоршап алып жатыр. Сыздық

төре сізге сәлем айтты орыстың айласын біледі деп, жиналған қазақ-өзбек әскеріне ақылшы болсын деп», — дейді. Ағыбай батыр ойлана отырып: «Кәпірлер Қожа Ахмет бабамызға жеткен бе? Алла жар болсын, Сыздық балама айт: әлі атқа мініп, мылтық қолға ұстайтын мұршам бар, — дейді. Бұл кезде Агабай батыр алпыс екіде екен. Ағыбай батыр Созақтан өтіп Түркістанға бір күнде жеткен екен.

Әулие Арыстанбаб жатқан жерінде Ағыбай әскері «құран оқимыз» деп орыс отрядтарымен кездесіп бір шайқасып қалады. Бетпақдала жағынан шабуылды күтпеген орыс солдаттары бытырап безген екен. Олжалы болған Ағыбай әскері бір зеңбірегімен жиырма шақты мылтықтармен Сыздық төре мен Әлімқұл ханның жасағына қосылады.

Қожа Ахмет бабаның кесенесіне зиярат етіп, Қаздауысты Қазыбек бабасының тасының басында құран оқығаннан кейін Ағыбай батыр өзінің шешесінен дарыған жеті құмалағын ашады. Шашып жіберіп, болжап көрсе түскен құмалақ бөгет көрсетіп «қайт» деп тұрса керек. Ағыбай «өлсем-шайт, тірі болсам-қазы» деп түнгі қарауылға өзі шыққан екен.

Таң ата зеңбіректерінің гүрсілі естілді. Қазақ әскері зор ерлік көрсеткенмен көп шығынға ұшырайды. Себебі зеңбіректерінің аздығынан, Ағыбай жараланып, есінен танып құлаған екен. Құлаған жерде Ағыбай түс көреді. Түсінде Хазірет Сұлтан аян беріп: «Ақжолтай батыр, келген жерің осы, батырлығың біткен жері осы. Найзаның орнына құран ұстайтын кезің келді. Осы жақын жерде Қошқар атаның қасиеті суы бар, сол саған ем болады, жараларың жазылады», — деп айтқан екен. Ағыбай есін жинап қараса айнала тып-тыныш, әрлі-берлі жүрген шырақшыны шақырып алып «Қошқар атаның қасиетті суын әкел» дейді. Ем алған соң Ағыбай жергілікті қоңырат батырларын жинап Иқан деген жерде орыс әскерімен майдан ашып соғысқан екен. Жауды жермен жексен қылып, қасиетті Қожа Ахмет кесенесінен діни кітаптарды алып, соңына ерген қоңырат батырларымен еліне оралған екен¹⁾

¹⁾ Қазіргі заманда Балқаш бойындағы сол қоңырат батырлары қоныстанған жер «Қоңырат» руднигі деп аталады.

Еліне қайтқан соң Ағыбай батыр дін жолына түсіп, туысы Айжігіт кәлпемен көп сырлас болады. Айжігіт кәлпе софы болған адам. Қалмаққырылған тауының етегінде, Бетпақсудың бойында Айжігіт кәлпенің жердің астында қазып салған мешіті бар. Жиырмасыншы жылдары аласапыран кезеңде бұл мешіт ойылып, шұңқырға айналып кеткен.

БАЛТА АҚЫННЫҢ АҒЫБАЙДЫ ЖҰБАТҚАНЫ

Қашқынбай — Ағыбай батырдың кенжесі еді. Бір күні батыр Қашқынбайдың бір ерлігіне таң қалып, риза болып мақтай беріпті. Содан кейін батырдың тілінен, көзінен Қашқынбайдың өкпесі қарайып, үш күн жатып қайтыс болыпты. Сонда Ағыбай күңіреніп, қайғырып төсегінде жатып қалыпты. Сонда игі жақсылары қасында, Ұлытаудан келген Найман Балта ақын батырды құшақтап көрісіп жұбатқаны:

«Алла ісінде бұзық жоқ,
Өлмесін деп әзелде
Жазып қойған сызық жоқ,
Ұлы өлмейтін Ұрымда жоқ,
Қызы өлмейтін Қырымда жоқ,
Қатыны өлмейтін халықта жоқ,
Әсте өлмейтін тарихта жоқ,
Қойын толы саф алтын,
Сарқылмаған қайда жоқ,
Қабындап келген қайғыдан
Тіріге тиер пайда жоқ.
Елге пана Ағыбай,
Жерге пана Ағыбай,
Ердің ері емес пе едің,
Егеудің сынығы емес пе едің,
Көтер бері басынды,
Қайғы жейді жасынды...»

Ежелден келе жатқан досы Балта ақынның осы сөзінен Ағыбай ойланып, тәубаға келіп біраздан соң басын көтеріпті...

БАРАҚ СҰЛТАН

(Өскенбек Тәтиұлының әңгімесі)

Барак сұлтан «Кенесарыдан қалған күйіршықтар» деп шұбыртпалы ауылын шаппақ болған екен. Жекпе-жекте Ағыбай батыр Барак сұлтанды екі жеңінен қоса түйреген екен. Барак орнынан тұрып шауып келе жатқан жігіттеріне «Тоқта», — деп белгі береді. Екі батыр жөн сөзге келіп «Ағыбай ерекше найзагер дегенге менен артық дейсің бе, — деп едім, арман бітті», — дейді Барак. Ағыбай: «Жарайды, Барак батыр, енді ауылға жүріп мейман боп кет», — депті. Барак күліп: «Найзаның ұшында жығылып жатып, қайдан барып төріне шанпя қалайын, достың түбін қыз айырады деп еді. Не қыз ал, не қыз бер», — дейді. Ағыбай: «Қызым жоқ еді, қыз алайын», — деп, Барактың туысы Үкілі Аманжолдың Құнайым деген қызын немересі Төтиге әпереді.

Ағыбай батырдың жоқтауын сол Құнайым шешем айтушы еді. Даусының ашықтығы қозы көш жерге жететін еді.

ӘЛИХАННЫҢ ҮШ СҰРАҒЫ

Ағыбай батырдың қартайған шағында «Ақжолтай атаға сәлем береміз, батасын аламыз» деп Әлихан Бөкейханов серіктерімен батырдың үйіне келіп қонады. Сөз арасында Әлихан:

- Батыр ата, сізден үш сөз сұраймын деп едім, — дейді.
- Сұра, — дейді Ағыбай батыр.
- Ердің әруақтысын көрдіңіз бе?
- Аттың тұлпарын көрдіңіз бе?
- Әйелдің сұлуын қайдан көрдіңіз? Осыны білгім келіп еді, — деп сұрайды Әлихан.
- Айтайын, оны неліктен сұрадың? — дейді Ағыбай.

Оны сұрағаным, нағыз ер жігіт осының үшеуінен шет болмаса керек қой, — дейді Әлихан.

1. Аттың тұлпары

— «Арқада 40-тағы күнім, — деп Ағыбай сөз бастайды, — астымда көкбесті деген атым бар. Осы кезде менен артық жігіт, көкбестіден артық ат жоқ, — деп ойлаушы едім. Бір күні ауыл сыртына көп адам келіп «Сөйлес-ау!» деген сөз өзім шығып сөйлестім. Жөнін сұрасам «Саржан батыр мен» дегені, 60 қаралы адам екен, үй тігіп түсіріп, қонақ еттім. Саржан батыр аты шыққан ер болғанмен, көзіме өзі де, аты да тым қораш көрінді. Ертеңгісін «Ағыбай-жан келсін» деген сөз барып едім, «Ағыбайжан, Арқада жолдас болуға жарайтын сен деп іздеп келдім. Ақбастауды орыс алып, қазақтарды күнде шабатын көрінеді. Мен 60 адам, сен 40 жігіт ерт, 100 кісі боп соған барайық», — деді. Жарайды деп, 100 кісі боп аттандық. Жер шамасына барған соң: «Ағыбай-жан жау тақау, бүгін ат терін алайық» деді. Сонсон, шабатып аттарды қалдырып, өзіміз алға оздық. Ол кісінің астында тайдай ғана аққасқа аты бар. Ілгері ұзап шыққан соң, мінген аттарымыздың қарымын байқау үшін бір жүгіртіп алуды ойладық. Атқа шабатын жігіттер сайлап, керме тартып, ат тостық. Мен ойладым аман болса көкбесті атым алдымен келер деп. Әлден уақта бағанағы тайдай ғана Саржанның аққасқасы келді. «Апырай көкбесті ат жығылды ма, қалай қалды? — деп мазаландым. Бір мезгілде аман-сау менің атым да келді, Кермеге байлап неліктен болды» деп кермеге барсам, тайдай аққасқа көкбесті аттан анағұрлым өсіп кетіпті. Аттың тұлпары екен ғой, бойын жасырып тұратын деп бағаладым.

2. Ердің аруақтысы

Ертеңгісін Саржан батыр жатқан жерінен ұшып тұрып, «Ағыбай-жан, қайдасың, жау келіп қалды ғой? Тез атқа мініңдер. Мына тауды бұрын алмасак, жау бізді алады. Тауды бұрын алайық!» — дейді. Жанталасып Ақбастауға келіп шықсак, аржағында дала толған кісі, қаптап келеді екен. Саржан: «Шыққыр көзім, шықпасаң дұрыс болжа — деп бір

шола қарап, — апырай-ай, Ағыбайжан-ай, 600 кісі екен ғой!» — дегенде, қайда жүріп болжап қойды деп қарасам, бағананы көзіме тым қораш көрінген батыр өзімнен анағұрлым өсіп кеткен екен. Сол жерде «ердің аруақтысы, аттың тұлпары екеуі де Саржан батырда» деп бағаладым.

3. Әйелдің сұлуы

Қазақ пен өзбек көп шабысып, ері құл, қызы құн боп, қазақ өзбек арасы теңдіксіз екен. Найман руына берген қарындасым бір шапқыншылықта өзбекте қолда кетіп, бұл болмайды екен деп 40 кісі алып бітімге бардым. Өзбектің Әлімқұл деген ханы бар екен. «Қазақтың Ағыбай батыры бітімге келе жатыр дейді, оған кім теңдік береді. Мені сейімге кетті деп, қайырып жіберіңдер!» — деп үйінен кетіп қапты. Мен барған соң шатыр тігіп, «сонда түсесіз» деп еді, «хан ордасынан басқа жерге түспеймін» деп, Әлімқұлдың ордасына түстім. Үйге кіріп келгенде есікті ашқан бір аппақ әйел маған жалт қарады. Сол күнде мың сан кісіден бетім қайтпайтын уақытым еді, әйелдің көзіне көзім тұрақтамай тайысып кетті. Бұл Әлімқұлдың ақ тоқалы екен. Оның да назары маған ауған сияқты. Басқаны қойып, әйел де мені ұнатқан соң елге ақтоқалды алып кетпекші боп қалдым. Сол жерде ойлана келіп, «қой, басқа жұмысымды тастап, бір әйелді қызығып алып кеткенім болмас» деп, Әлімқұлды шақырттым. Әлімқұл «Бұл маңқа қазақ не іздеп жүр, сонау Арқадан» деп үйге кіре берді. Сол сәт: «Мә саған маңқа қазақ, Әлімқұлдың басын шапқалы келдім!» деп қылышымды ала ұмтылдым. Сонда Әлімқұл: «Ер шекіспей бекіспес, достыққа төсім!» деп құшағын жая ұмтылды. Сонымен, қазақ-өзбек «мал шабысса да, адамды тұтқын қып, ұлы — құл, қызы — күн болу бұдан былай тоқтасын» деп билік еттік.¹⁾ Содан бері қолға түскен адам болса, өзбек — қазаққа, қазақ — өзбекке қайтаратын болды. Мына қазақ ішіндегі өзбектер бұл бітімнен бұрынғылар екен. Әйелдің сұлуын көргенім, міне осы жолы еді.

¹⁾ 1864 жылы осы достықтың нәтижесінде Әлімқұлхан Ағыбай батырмен бірігіп Түркістанды генерал Веревкин әскерінен қорғаған.

АҒЫБАЙДЫҢ БИЛІГІ

(Жақаң Ахметұлының әңгімесі)

Шу бойында Арғын мен Үйсіннің арасында барымта көбейіп, ел тыныштықтан айырылған екен. Бұл іс татулықпен бітпеген соң екі жақ бітімге Ағыбай батырға келеді. Сонда Ағыбай батыр екі жақтың кісілерін тындап, айтқан екен:

Жаугершілік заманда,
Қорғаған соң елімді
Патшаларға бағынбай,
«Ақжолтай» атым атанды.
«Ағыбай батыр» атандым,
Астында жүріп азаптың.
Көптеген батыр болды ғой
Діні исләм қазақтың.
Соның бірі мен болып,
Қорғап қалдық қазақты,
Ішінде күйіп тозақтың.
Арғын деп Үйсін бөлмедім,
Бәрін де жауға бермедім.
Арғын-Үйсін бәріңіз
Бір атаның баласы.
Бөлері жоқ үш жүздің
Ешкімнің жоқ таласы.
Бірінді-бірін силандар,
Жәрдемдесіп қиында.
Ұйымшыл бол бірігіп,
Осындай іс жайында.

Ағыбай батырдың бұл сөзінен екі жақ бір-бірімен келісіп, қыз алысып, қыз берісіп, татуласып қайтқан екен...

АҒЫБАЙ БАТЫРДЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Ағыбай батырдың жасы ұлғайып келген кезде «Сәлем береміз, әрі әңгіме естиміз» деп Тайатқан тауының Есен терегінің қыстауындағы Ақкен ауылына ел адамдары жиі барыды екен. Сонда жиналған адамдар сұрайтын көрінеді.

— Ақке, осы өзіңіздің ат жалын тартып мініп, батырлық істегеніңіздің ішінде қандай бір естен кетпейтін ұмытпайтын-дай батырлығыңыз болды ма? — депті. Сонда Ағыбай:

— Небір талай қиын жорықтар, онда талай батырлық шайқастар болды ғой. Бірақ олардың ішінде өмірімде естен кетпейтін не бір қайғылы, не бір қорқыныштылары болды, — деп әңгімесін бастады:

...Сары күз, түн ұзақ, таңға жуық, күн суыта бастаған кез. Орыс-қазақтарды қуып келе жатқанымызға, міне, 5-6 күн. Жаудың қай шамада, қай жерде кетіп бара жатқанын, олардың қаншама адам екенін білмейміз. Аттардың ері үстінен түспегеніне көп болған. Жетпіске жуық көп аттар демігіп қалыпты.

«Өздерің болсаңдар да шаршадыңдар, елден азды-көпті алып шыққан жол азықтарың да таусылуға айналды, бұл жағдайда енді біз жаумен соғыс аша алмаймыз. Міне, бір-неше күн бойына жау сілеміндеміз. Енді шаршап, жалығып үйіліп-төгіліп ауылымызға бәріміз барсақ «Ағыбай сонша жігіттерімен жауды қуып, адасып құр қайтыпты», — дейді ғой. Сол үшін бәріміз әуре болмай алысқан жаудың айласын, жердің, судың жәйін білгендіктен, тәуекел етіп мен өзім ғана қуайын. Сендер елге қайтыңдар», — деп қасымдағы жігіттерді тегіс қайтардым. Тақымда найза, қолымда наркескен жалғыз, өзім жол тартып жүріп кеттім. Күн батып, қас қарайып қараңғы түссе алдыңғы жағынан кішігірім бір жарық көрінеді. Жарыққа жақындай, жақындай келе астымдағы ақауыз ат пыскырып жер тебініп шошына бастады. Жақындап көз жетер жерге келгенде қарасам тайыншаның үлкендігіндей, жылқының жалындай арқасына қарай біткен жалы бар қара қасқыр екен.

Қасқырға тым жақын келгенімде, атым қасқырға бұрылып қарап тұрып қалды. Содан кейін қасқыр жөніне қарай ақырындап жүре берді. Қасқыр да кілт қарап, аузын ашып есінеп тұрды да, сол бетімен қатырласып жүріп отырды. Мен де, қасқыр да бір-бірімізге көзіміз тайса болғаны шабатындай. Бір-біріміздің көздерімізбен аңдысудамыз. Сол аңдысумен екеуміз де бір-бірімізден көз алмай түні бойы жүріп келеміз. Мен ішімнен: «Бұл қасқыр емес, қасқырдың сырттаны екен. Егер мен қылышпен сілтеген жерден мұны сұлат-

сам жақсы, сұлата алмай, кезек оған тиіп не атым, не өзім, ел жоқ, күн жоқ жерде шейт болармын — «оңашада, мұнша жүріп Ағыбай батыр бір итке шамасы келмей жапан далада ит пен құсқа жем боп қаңғып өлді», — дейді-ау. Қой «атамыз арыстан айға шауып мерт болыпты» дегендей, мерт болармын. Бұл қасқырдың сырттаны маған шаппаса оған мен шаппаймын» деген тұжырымға келіп ілбіп жүріп келемін.

Таң әлі көрінбейді, Мен де, қасқырда да дыбыс жоқ. Бір ғана ақауыз аттың тұяғының тырсылы естіледі. Таң сарғайып, анау-мынау көріне бастады. Қорқау сол келе жатқан бетінен не былай, не былай бұрылмай екі аяғының үстіне басын салып, екі көзі менде жүресінен түсіп жатып қала берді. Мен де өз бетімнен сыр бермеген болып ілгері кете бердім. Жүріп отырып бір бел асқанда алдымнан бір жаяу жігіт кезікті. Екі аяғына екі жігіт мінгендей, төсі қыран бүркіттің төсіндей, шамасы әлі қырыққа жете қоймаған жігіт. Иығына ілген түйе жүн шекпені бар, қолында екі-үш кез емен яки ырғай шоқпары бар, қарсы алдымнан жолығып сәлем берді. «Жолың болсын, жігітім», — дедім. «Әлей болсын, бұйырса алғалы барам», — деді. Басқа сөзге онша келмеді.

— Шырағым, мен Ағыбай деген батырмын, жауды қуып келе жатқаным бірнеше күн болды. Артымда шамасы осы арадан төрт-бес шақырымдай жерде бір қасқырдың сырттаны жатыр. Менің сол қасқырға қол көтеруге батылым бармады. Не дегенде қашқандай болып кетіп барам. Ол өзі қасқыр емес, қасқырдың сырттаны. Менің тілімді алсан, сол қасқыр жатқан маңға бармай қайт», — дедім.

— «Ой, Ағыбай батыр-ақ екенсіз, бір иттен қорқып кетіп бара жатқан», деп таяғын беліне қыстырып, «аман сау болыңыз» деп жүріп кете берді. «Ойпырай, мына жігіт не болар екен, шіркін-ай, әлгі мына ер шейт боларма екен «деген оймен артыма бір қарап, бір жүріп кетіп барам. Енді бұл жігіттен ұзақ кете берудің есебін таба алмай, кеткен жігіт артынан: «Енді, бұл азаматтан хабарсыз кете бергенім дұрыс болмас. Не болса, болған оқиғаны көзбен көрейін», — деп ат басын бұрып алып, қасқыр жатқан жерге қарай желе аяңдап жүріп кеттім. «Қасқыр жатып қалды-ау» деп ойға түскенім сол еді, «Ә» дегенше шаң бұрқ ете қалды. «Не болса болары болды-ау», — деп тезірек желе шоқытып келсем,

емен шоқпар бірнеше бөлініп жерде жатыр. Жігіт те, қасқыр да айқасып, бірін-бірі алқымнан алған бойы өліп кетіпті. «Батыр-аңғал, палуан-тәуекелші, ер кезек» деген «шіркін, аңғалдықтан да, аңқаулықтан да болды-ау» деп жас жігіттің сөзсіз батырлығына, ерлігіне өксіп-өксіп жылап өкіндім. «Айтып айтпай не керек, жуалы таудан өткен соң» деген. Есіл ерді қамысты тұма басына жеткізіп, «белгісіз ердің белгісі» деп, басына шоқпарының сынығын шаншыл, ақ жуып, арулап қойдым. Қасқырдың терісін бөктеріп алып, есің барда еліңді тап» деген төрт күн түн қатып бесінші күні елге жеттім.

Мына үстімдегі қара қасқыр ішік сол жалғыз қасқырдың терісінен істелген ішік, — депті Ағыбай батыр, үстіндегі ішігін көрсетіп, — міне осы қайғылы қазаны бұл өмірімде ұмытар емеспін.

АҒЫБАЙДЫҢ СОЛДАТТЫ САБАУЫ

(Мұсылманкүл Жиреншеұлының әңгімесі)

Қарқаралы дуанына Шалғынбай деген төре сұлтан еді. Мен Шалғынбайдың сарайына жұмысым болып барып едім. Қарқаралыға жандарал келді деп Қарқаралыдағы дуанға 20 болыс ел жиналды. Кісі көп болды. Бір мезгілде Ағыбай батыр келді. Қартаң тартып қалған кәрі екен. Сақалы аппақ. Астында ақ боз аты бар, жанында қанжары бар, қолында қамшысы бар. Неше мың кісіден нығы асып көрініп тұрды.

Бір кезде бір казак-орыс келіп, атыңды мінемін деп Ағыбайдың тізгінінен ұстай алды. «Қой, менің атыма тиіме», — деді. Казак-орыс болмай тізгінін жібермеді. Сонда әлгі казак-орысты екі тартып жіберді. Казак-орыс екпетінен түсті. Әлден уақыттан кейін тұра келіп дуанбасы майордың үйіне жылап кіріп кетті. Артынан жүгіріп біз де келдік. Орыс басын ізеп майорға келіп, жылап тұр екен. Майор ашуланды, «неге мынау жылап тұр» деді. Осында ат мінем деп едім,

Ағыбай деген шал камшымен ұрып жықты. Майор ашуланып: «Шакыр, Ағыбайды» — деді.

Ағыбай бір мезгілде келді. «Сен мынаны ұрдың ба?» — деді майор. Ағыбай: «Өзі тынышсыз өскен қандай орыс еді, осында екі-үш мың жиылған кісінің атын мінбей, менің атыма жармасты», — деді. Майор Ағыбайдың бетіне қарап, үндемей отырды да, майордың қасында отырған Шалғынбай сұлтан: «Таксыр, мұны мен бітіремін», — деді. Майор: «Ну, жарайды» — деді. Шалғынбай қалтасынан әлгі казак-орысқа ақша берді. «Кешке тағы маған кел, риза қыламын», — деді. Егер майор бірдеңе десе, Ағыбай қанжарын салып алайын деп шүкшиіп тұр екен. Әлден уақытта жандарал келді десті. Он екі атқа мінген казак-орыс шаңдатып келеді. Топ жарылды. Артынан алтынмен, күмістен тысталған күймемен жандарал келді. Аналар ананың сақтаушы немелері екен. Ел дөңгелек айналып, жандаралдың алдынан майор, Шалғынбай төре, оның жанынан бір чиновник төре, екі қолтығынан екі кісіні сүйретіп қыр көрсетіп, Жамантай төре шықты. Кеудесінде табақтай алтын медалі бар. Бағана қайтер екен деп тұрып едік: жандарал алдымен келіп, Шалғынбайға қол беріп, одан соң майорға, одан кейін барып Жамантай мен Құзбекке амандасты. Арлы-берлі жүріп, бүгін тігілген ақ боз үйге кірді, бір мезгілде жандарал шаршап қайтты. Бүгін дем алады, ертең сөйлеседі деп таратып жіберді.

ДӘУЛЕТ ҚҰСЫНЫҢ ҚОШТАСУЫ

(Тарғын ақсақалдың әңгімесі)

Күздің күні, қырға көшетіні — қырға, ойға көшетіні — ойға көшіп жатқан кез болатын. Шұбыртпалылар күзекке келіп мал сойып жатқан. Кешке таман Ағыбай төбеде отырса, бір кішкентай бозторғай шырылдап ұшып келіп батырдың басына қоныпты. Торғайдың төбесінде шошайған екі тал айдары бар екен дейді. Батырдың қасында туысканы Жұман

молла болса керек. Сол жерде Ағыбай батыр бір өткен оқиғаны еске алып, сөз бастайды: «Кенесары, бәріміз сегіз мың қолмен келе жатқанда, бір боз торғай айналып ұшып еді, сонда Кенесары: «Токтандар, даулет құсы деген болушы еді, біреуіңе қонанып деп жүрген шығар», — деді. Сонда торғай ұшып-ұшып келіп менің басыма қонып еді. Кенесары: «Хан болса маған қонбай ма, төре болса Наурызбай саған қонбай ма, Көсеге келіп қонды ғой», — деп еді. Енді, міне, тағы қонып отыр, орда бұзатын уақытым өтті, бәлкім дүниеден қош айтысатын уақыт таяп қалған шығар, мына жерде бесін намазын оқымай, үйге барып оқнын. Аманжолға хабар беріңдер, — дейді Жұман моллаға. Айтқанындай батыр атам алты күн ауырып, жетінші күні қайтыс болады.

Батыр атам өлерінде Жұман молла сұрапты: «Сіздің күмбезіңізді қалай салайық», — деп. Сонда батыр: «Темірқазықтан екі әпенді келер, бет-аузы, төсі толған жүн солар айтаын шығар», — депті.

Батырды қойып, асқа жиырма мыннан аса адам жиналыпты. Ұлы жүз бен Кіші жүзге Орта жүз табакшы болыпты.

Ұлы жүзден ошақты Сапақ датқа келіпті. Кіші жүзден Елукой Торғауыт келіпті. Орта жүзден Қарқаралының ар жағынан Бошан деген елден Жаманқат би келіпті. Жеті күн өтіп, сегізінші күні «бәйге аттары айналады» дегенде, Ұлы жүзден Сапақ датқа: «Бас бәйгемді шаппай берсін, сұр шолақ аттан жылқы озбайды», — депті. Кіші жүзден Елукой: «Құла қасқа атты алып келдім, төрт аяғы бар мал одан озбайды, бәйгемді шаппай берсін», — депті. Орта жүзден Жаманқат би: «Көк шолақ атты Қарқаралыдан жер бастырмай арбаға салып алып келдім, бас бәйгені маған беріп, өзге аттарын жарыстыра берсін», — депті. Ұзақ даудан кейін үш жүзден үш адам шығып, ақылдасып, «бәйгені ешкімге бермейік, бәйгені бес жүз атқа бөліп берейік» деп шешіпті. Сөйтіп, батырдың асы тоғызыншы күні ат шаппай тарапты.

Кешікпей батырдың тамын салуға кіріседі. Тамды кім салады дегенде: Ұлы жүз Үйсін, Байкүшік деген елде Құлтума деген тамшы бар, соны алдырайық деп, екі кісіні үш атпен жібермекші болады. Сол арада Темірқазықтан екі кісі жаяу келе жатыр екен: үстінде ала шапан, бастарында топы, аяқтарында башмақ, бетаузы, төстері жүн, баяғы батыр айтқан

әпенділер сияқты дейді. Сөзге келместен үйге кіріп ас ішіп, там салатын жерге барып іске кіріседі.

Әлгі әпенділер тамның басынан кетпейді, түнде сонда жатады, тамақ берсең ішеді, бермесең ішпейді. Там біткеннен кейін 6-7 күннен соң екеуі жоқ болып кетіпті...

Бұл әңгімені мен Ағыбайдың баласы — Аманжолдың өз аузынан естігенмін. Аманжол 1917 жылы 27 апрель күні өйтты. Ол кезде мен жпырмадамен, ат үстіндегі кезім.

ДЕГЕН ЕКЕН...

Бір күні Шалтас деген жерде қоныстап отырған Ағыбай батырдың шөбересі Тарғын ақсақалдың үйінде Бетпақдалада экспедициялармен жүрген Қаныш Сатпаев пен Әлкей Марғұлан кездесіп қалыпты. Сөз арасында қонақтардың біреуі: «Осы Ағыбай бабамыз Сары-Арқаның Бурабайына, Баянауылына, Қарқаралысына бармай шөлді жер, өсімдігі жоқ Бетпақдаланы қоныс өткеніне қайран қаламын», — депті. Сонда жергілікті ақын, ағадырлық Самат Мұсабеков жұлып алғандай:

Көтеріп Арқалық тұр шөлдің туын,
Жалғасын Жалғызтау мен Қарамұрын.
Айыртау, Ақтас — Шалтас аймағынан
Көресің жанға жайлы жердің нуын.
Өзегін өрлей өскен тал мен қайың,
Көрдің бе көк кілемдей көкорайын.
Қаптап кеп жан-жағынан мыңғырған мал
Жайлайды қысы-жазы қыр мен сайын.
Балауса, бидайықты, шытыранды,
Дермене, изен, раң, райханды,
Бұйырғын, жалмаңқұлақ, қара шалғын,
Көк жусан, шағыр жусан, раушанды...
Ақтаспа, шырмауықты, торғын құрақ,
Боз көде, кер бетеге, қарғатұяқ,
Биемшек, түйетабан, ақбас құрай,

Түптеніп шашын тарар жасыл қияқ,
Телпекті, текесақал, наригенді,
Жонышқа, қара барқын, дегелекті,
Көк мия, аламанды, жалғыз жуа,
Қымыздық, рауғаш пен шөгеренді...
Жауқазым, киік оты, қасқыр жемі,
Қара андыз, тамыр дәрі тартқан желі.
Жапырақ шәйірі мен алабота,
Қараған, тобылғының ашқан гүлі.
Сән беріп тасын бүркеп жасыл арша,
Қасқалдақ, жүн қараған, басқан шырша,
Тасжарған, көкемарал, таушымылдық,
Ұшқат пен сасыр желек, өскен сарша.
Тасында асыр салып арқар, құлжа,
Жеріне жасыл Шалтас аңдар риза.
«Елі бай жері байдың» дегендейін
Дәулетін жасап жатқан халқы мырза, —

деген екен.

ФОЛЬКЛОРЛЫК ЖӘНЕ МУЗЫКАЛЫК ШЫҒАРМАЛАР

Есмағамбет Ысмаилов.

АҒЫБАЙ

Кенесары — Наурызбайдың көтерілісіне қатынасып, барлық жорығында бірге болған батырлар көп. Солардың ішінде ел аузынан жыйналған әңгімелерде және белгілі тарихи жырларда аттары аталып, аздап болсын ерлігі, мінезі сыйпатталып отыратын: Ағыбай, Бұқарбай, Іман, Шәкір, Жәуке, Төлебай, Жанайдар, Бұғыбай батырлар.

Кенесары тобындағы батырлардың ішінде арнаулы жыр, әңгіменің қаһарманы болып, ел князында ертегідегі батыр бейнесінде көбірек жырланатын шұбыртпалы руынан шыққан Ағыбай батыр. «Наурызбай — Қаншайым» жырында Ағыбай жол жөн көрген аға батыр, Наурызбайға ақылшы серік болады.

Оқиға, әңгімесі жағынан қызықты. 1935 жылы жазылып алынған. «Ер Ағыбай»¹ атты жырдың қысқаша мазмұны: Бір күні Ағыбайға бір адам келіп, күншығыста сұлу, жүйрік жорғалары бар бір ел бар деп мақтанды. Ағыбай сол жүйріктерден тұқым әкелемін деп, қасына жеті жолдас ертіп, күншығыстағы елге аттанып кетеді. Бірнеше күн жол жүріп, жапан түзде Қызылқайнар, Тектұрмас бұлағына келіп түнеп жатқанда ақсұр атты бір жас батыр ізден келіп, Ағыбайға сәлем беріп амандасады да, бір ұйықтап алып, кім екенін айтпай, қайыра келген жағына жортып жүре береді. Ағыбай мұның өзі тегін адам емес, сырын білмей қайту маған өлім деп, артынан еріп жүре береді. Жас жігіт Ағыбайға тіл қатпайды. Бірнеше күн жол жүріп, жолда жас жігіт құланды құрық салып ұстайды. Құланды қатар қуғанда, Ағыбай оның шаңына да ілеспейді. Қамысты өзен бойында жігіт жолбарысты шоқпармен бір ұрып өлтіреді. Ағыбай жігіттің қайратына, атының жүйріктігіне таң қалып, көңіліне қауып те келеді. Жүріп отырып екеуі бір ауылға келіп, оңаша тұрған ақбоз үйдің жанында, жігіт Ағыбайға: «Мен үйде жазым болсам, ақсұр атпен құтыларсың» дейді. Жігіт үйге кіріп кеткеннен кейін, ақ орда шықырлап шыр айналады. Жігіт екі қолы қан болып шыға келеді. Сонан жылап қарсы алған ке-

¹) Кенесары — Наурызбай туралы жинақта, ТӘИ архивынан.

діншектің үйіне барып түсіп Ағыбайды «Ақжолтайым» деп қатты құрметтейді, өзінің кім екенін, сырын сөйлеп кетеді. Жігіт бір байдың батыр ұлы екен. Әкесінің қарындасынан туған жиен ағасы мұнан да асқан батыр, қаһарлы болып, мұның барлық мал — жанын, ең аяғы қатынын да тартып алып, өзін өлтірмек болған жерде қашып кеткен екен. Түсінде өлген әкесі: «Осылай қарай Ақжолтай Ағыбай келе жатыр. Соны іздеп тауып, жолдас етіп алып, жауынды мұқат» — деп өсиет айтқан екен. Сонан кейін Ағыбайды іздеп тауып шын батыр болса өзі ерер деп, бірнеше күн сырын айтпағандығы сол екен. Ағыбайдың ертіп келіп, ұйқтап жатқан жауыз ағасын қанжармен жарып өлтіреді. Ағыбайдың іздеп шыққан күншығыстағы тұлпарлары, осы жігіттің жер дүниені алып жатқан жылқылары екен. Осыдан керегінше ал десе, Ағыбай тек тоғыз құла ат таңдап алып қайтады. Оның біреуі ақауыз ат екен. Оны Наурызбайға сыйлайды. Жыр осымен аяқталады. Жыр оқиға құрылысы, суреттеу әдісі жағынан қызықты. Ертегі романтикалық сарын бар. Бір оқиға кезеңнен екінші кезеңі қызық болып, үнемі бір жұмбақ сырды ішіне түйгізіп, «бұл кім екен», «қайгер екен» дегізіп, тыңдаушыны ертіп отырады. Онан соң жапан дала, қорқыныш Тектұрмас сияқты жартасты бұлақ басы, жолбарыс жорытқан қалың камысты өзен жағасы, жас жігіттің бірінен-бірі басым түскен оқыс ерлігі, бірауыз сөз айтпастан жортып жүре беруі — бәрі жырдың сюжет, композициясындағы бірыңғай жымдасып келген көркемдік шеберлікті көрсетеді. Жырда Ағыбайдың, жас батырдың, жиен батырдың, ақауыз аттың даралық сипаттары да әдемі беріледі.

Ағыбайдың батырлық бейнесін көрсету үшін оған қарама-қарсы шендестіру әдісін жас батырдың бейнесін салыстырып отырады. Ал, жас батырды, жиен батырмен салыстырады. Ағыбайдың ерлік, батырлық бейнесін берумен жырдың тарихи элеуметтік идеясы да айқын көрінеді.

Атақты ер Ағыбай Шұбыртпалы,
Екеу ме сол күндегі ердің жаны.
Ағыбай, Қошқарбай мен ер Бұқарбай,
Атақты батыры сол Кене ханы.
Мал үшін бұлар сайран құрған емес,
Салғаны жанды ортаға елдің қамы —

деп Кенесарыға ерген ерлерге «ел камқоры» деп баға береді. Ағыбайдың жүйрік тұлпар іздеп аттануы да көтеріліс заманының тілек мақсатынан туған. Жырда:

Астыңда бусандырып мінген атың, —

Тастамай батырлықтың салтанатын —

деп, Ағыбайды басқа жолдастарынан даралап, сыр келбетін әсемдеп суреттейді. Ағыбай бұл жырда соғыспайды, не бір ерекше қайрат көрсетпейді. Бірақ, оның аруағы басым, соншалық қорқынышты жағдайда ол намыстанып, қайраттанып, сыры жұмбақ батырға еріп жүре береді:

Ағыбай айтты, мынау не қылған жан,

Мен мұның, мінезіне қаламын тап.

Мынаның жайын білмей, үйге барсам,

Өлімнен өлген артық, үйге барсам —

дейді.

«Мұңдайдың талайын көріп ем, жайын білмей қалғанымша, бірге еріп өлейін» деп аттанып кетеді. Бұл өлімнен қорықпайтын, нағыз қауіпті жауды іздеп барып, табатын жүректі батырдың тұлғасы. Ағыбайды жолдас қыландықтап жас батыр да бұрын қарасын көруге қорқағын жиен ағасын өлтіреді. Және өзінің еліне: «Жауымнан кегімді әперген, мынау Ағыбай батыр» деп таныстырады. Наурызбайдың басқа жорықтарында да, Ағыбайды ертіп жүрсе жолы болады екен. Ағыбай ерген жерде, батырлардың қайраты тасып отырады екен. «Жасауылқырған» әлгімесін айтушылар Наурызбайдың жолдастары қырғынға ұшырауы: «Қасында Ағыбайдың жоқтығынан болды» дейді. Жас батыр, өзінің күші артық болса да, Ағыбайды өзіне не тұтады, батырлығымның кілті Ағыбайдан деп сенеді. Бұл да Ағыбайдың батырлық бейнесін өсіре түседі. Әрине, ел қиялы біреуді өсіруге келгенде ескілікті сенім көзімен қарай, батырды тым аспандату үшін, оның бойына «киелі», «аруакты», «жолы болғыш» деген шындықтан сырт қасиет, мінездерді үйіп төгеді. Ағыбай мен жас батырға қарсы қойылған жағымсыз бейнедегі жиен батыр. Бұл жалғыз жас батырды ғана емес, бүкіл бір тайпа елді қатты қысымға салған аса бір қатал, жауыз адам.

Сұм залым еңіреткен баяғыда

Шіріткен жан біткенді таяғына.

Жиенді өлтіргеннен кейін, дұшпаннан құтылған соң есен-аман жұрт қуанып, Ағыбайға алғыс айтады. Жиен батыр бұ-

кіл елді бір шыбықпен айдап, құлы кылып ұстаудың үстінде, інісіне де адам көрмеген қорлық көрсетеді.

Жиеннің діні қатты қара тастан,
Адамға қайыры жоқ, бала жастан.
Бетіне ешбір адам қарамайтын,
Мейлінше батыр болды жаннан асқан...

дейді.

Жас жігіттің мал-мүлкін, қатынын тартып алып өзің өлтірер шаққа жеткенде, міне Ағыбайдың жолдас болуы себебімен елі, жұрты өз басы азат болады. Елге, елдің адал еріне қорлық көрсеткен жиен батырды өлтіру, сөйтіп, зұлымдық күшті жеңу жырдың идеялық сырын аша түседі. Жырдың ақырында Наурызбайға сыйлайтын ақауыз аттың сыйпатын береді:

Сол кезде бұл тұлпардың төрт-бес жасы,
Қырым ет жоқ кесер басы.
Қақпан бел, қамыс құлақ, белдемелі,
Ағаштай бүгіледі қабырғасы.
Төрт елі қабырғасы еңгі, жалпақ,
Шіреген шакпақ өті, бұты талтақ.
Үстіне кісі мінсе қоразданып,
Қарайды жан-жағына, жалтақ-жалтақ.
Шапқанда қанды көбік алдын жауып,
Қояды басын тартсаң, шайқап-шайқан
Шапқанда құс секілді көрінеді,
Алдынан анық қарап тұрсаң байқап.
Өзге аттан жүріп кетсе адымы алыс,
Қанаты қабырғада кере-қарыс,
Екпіні пысқырғанда үй жыққандай
Танауын десең болар бейне талыс —

дейді.

Бұл батырлар жырындағы қиялмен суреттелген тұлпар емес, нағыз өмірде қолмен ұстап, көзбен көрген Абай суреттегендей, шын жүйрік аттың сипаты. Бірақ жыр романтикалы, қызық оқиғалы болғандықтан ақауызды біраз әсірелеп, «қанат — бітіртіп» құсқа ұқсатып, «екпінін үй жыққандай» күшті етіп береді.

Ағыбай туралы басқа да толып жатқан ертегі әңгімелер көп. Ондай әңгімелерде Ағыбайды аю, жолбарысқа кездесті-

реді, қалмақпен соғыстырады, бәрінде де Ағыбайды ер етіп әңгімелейді.

Мұндай ертектердің бәрінде Ағыбайдың ерлігі, батырлығы тарихи жыр шеңберінен асып, аңызды (легендалы) әңгімеге, ертегі сарынымен бейнеленіп отырады. Ағыбайдың қорыққанының өзінде үлкен ерліктің тұлғасы елестейді. Ағыбай туралы әңгіменің жалғасы оның баласы Аманжол жайында айтылып кетеді.

Кенесары батырларының ішінде ел князлы көбірек әлпештеп, ардақтап айтқан Наурызбай мен Ағыбай, Ағыбай туралы әңгімелердің қандайы болсын Кенесары — Наурызбай заманының тарихи күрес бейнесін айқын елестетіп отырады. Сондықтан, Ағыбай туралы жырлар Кенесары — Наурызбай жайындағы тарихи жырлар тобына жатады.

АҒЫБАЙ БАТЫР

(Ертеқ)

Ертеректе бір мерген болыпты. Ол мергенді төңірегі «Қарамерген» деп атайды екен. Қарамерген бірде дала кезіп, аң аулап жүріп, ақырында жайылып жүрген қос маралды көреді. Аңшы шалымды болмаса аң бұйырмайтыны аян. Қарамерген дереу мылтығын алып, маралды атпақ болады. Сол кезде маралдар: «Атпа, бізді!» деп адамша тіл қатады. Қарамерген маралдың адамша сөйлеп «атпа» дегеніне таңырқап тұрып, «неге?» — деп сұрапты. Сонда маралдар: «Неге скенін Ағыбай батырдан сұра!» деп жауап қайырыпты.

Қарамерген «бұлар тегін марал болмады-ау» деп ойға қалады да, атуды қойып, Ағыбай батырды іздейді. Неше күн, неше түн жол жүріп, арып-ашып, ақырында Ағыбай батырдың ауылын табады. Ағыбайдың үйіне келсе, жағын жібекпен таңған бір шал отыр екен. Жөн сұраса отырып Ағыбайдың осы кісі екенін біледі. Ағыбай бұл жігіттің алыс жерден келгенін қалпынан сезіп, бәйбішесіне қымыз құйғызып алып, қонақасын қамдатады. Кешікпей-ақ балқып піскен семіз тоқтының еті келеді. Ет жерде бас-аяғы табақта үш адам бо-

лады. Оның бірі — Қарамерген, екіншісі — Ағыбай батыр (үй несі), үшіншісі — Ағыбайдың қонақ күтетін жігіті.

Ет жегеннен кейін ел жататын уақыт болады. Ағыбай қонағына жайлы төсек жайғызып, жатқызады. Ертеңіне Ағыбай батыр оң шыраймен қонағын күтіп, таңғы асын береді. Сонсоң бабы келіскен қымызын беріп, түс мезгілінде қонағы аттанар шақта:

— Ей, балам, алыс жерден келеді екенсің, сөйле, — дейді.

— Мен қашаннан аң аулап соны кәсіп еткен мерген едім. Бір күні әдеттегідей анда жүріп қос маралды көріп, атпақшы болдым. Оғымды енді кезеп атпақ болғанымда, маралдар адамша сөйлеп: «атпа мені!» — деді. «Неге?» дегенімде: «оның мәнісін Ағыбай батырдан сұра» — деді. Міне, сол жұмыс арқылы сізге келдім, — деп, Қарамерген сөзін аяқтайды.

Ағыбай әрі ойланып, бері ойланып, еш нәрсені таба алмай, «оны мен білмеймін» — деп жауап қайырады. Бұл жігіт келген жұмысы орындалмағасын жүргісі келіп, Ағыбай батырдан ұлықсат алып, өз жөніне жүріп кетеді.

Қарамерген кеткен соң да Ағыбай ойдан арыла алмайды. Ақырында өз басынан өткен бір оқиға есіне түседі. Содан Қарамергеннің артынан бір жігітті шаптырып, шақыртын алады. Қарамерген келгеннен кейін Ағыбай батыр жас күнінде өз басынан өткен оқиғаны еске алып, сөз бастайды:

— Мен өзім дәулетті ортаның баласы едім. Ата дәулетінің арқасында ертерек атқа мініп, оң-солыма көз салып, қыз таңдадым. Сөйтіп жүргенде бір байдың сегіз жасар сұлу қызын көріп, оған ғашық болдым. Жастық сезімнің жөні бөлек емес пе, елге келгеннен кейін жеңгелерім арқылы әкеме сөз салдым. Әкем қарсы болмады, кешікпей-ақ байдың қызын қырық жеті беріп, айттырды. Тап сол кезде мен он төрт жаста едім. Арада сегіз жыл өтті. Мен жиырма екі жасқа келдім, қалыңдығым он алты жасқа шықты.

Бір күні ауыл жігіттері абыр-сабыр болып, жол жүруге қамданып, ат жарата бастады. Ол жігіттерге еріп, мен де Бозойнақ деген атымды жараттым. Содан межелі күн болғанда топтанып, түйеге қос артып, жүйрік аттарды жетелеп, бір жаққа жолға шықтық. Былай шыққан соң бұл жұмыстың мән-жайын бір жігіттен сұрадым. Бақсам, біздің елден он күншілік жерде бір ел бар екен. Ол елдің бір байы

әкесіне ас бермек үшін біздің елге бір ай бұрын сауын айтқан екен. Мен жастық алаңғасарлықтың арқасында оны білмеппін, күр дақпыртпен жүре беріппін.

Бірнеше күн жол жүріп, байдың ауылына жеттік. Бізге лайықтап тіккен үйіне түсіп, сол күні қонақтық құрмет сыйын көріп, жатып тынықтық. Ертеңіне ас беру басталды, бәйгеге қосылатын аттар сұрыпталды. Мен де Бозойнақты қостым. Бозойнаққа өзім мініп шаптым. Содан Бозайнағым бәйгеден озып келіп, бас бәйгені алдым. Бас бәйгеге тіккені бір нар, бір ат, бір шапан екен. Оларды алумен менің жұмысым болмады, жанымдағы жолдастарыма тарту еттім. Мен бәйгеден атымның алдымен келген атағына ризамын. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» деген емес пе, кешікпей-ақ той тарады. Менің көңілім жұрттың тарауында емес, бір басқа. Алдында, ас берген ауылға келе жатып, жолда баяғы өз қайнымның ауылын көргем. Менің жолдастарым қайтарда ол елдің үстімен жүрмей, басқа жолмен кетті. Мен жолдастарымнан бір түнде жасырынып, бөлініп, қайнымның ауылына қарай тарттым. Үш күн жол жүріп, төртінші күні өріс толған қалың қойға кездестім. Қойшыдан бұл қойлардың кімдікі екенін сұрадым. Қойлар менің қайын атамның қойы болып шықты. Сол жерде ауыл жағдайын сұрадым. Ел әлі бір күндік жерде екен. Атамның үйінің тұсын сұрап алдым, қалыңдығымның қайда жататынын сұрадым! Қалыңдығым отау үйде бір өзі жатады екен. Содан қойшының қосынан ертелетіп шығып, күн бата қайын атамның бай аулына әрең жеттім. Ауылдың қарасын көріп, аттан түсіп, атамның үйі мен қалыңдығымның жататын үйін шамалап алдым. Менімен ешкімнің шаруасы жоқ. Түн ортасы болды. Атты сол жерде қаңтарып тастап, жұрт ұйықтады-ау деген кезде ауылға келдім. Секем алатындай ешкім көрінбеген соң, ақырын басып қалыңдығым жатқан отауға кірдім. Қалыңдығымның сұлулығы сонша қаранғы үйді жарық қылып жатыр екен. Жанына жақындап барып, оята бергенімде, үйдің іші шар-шұр етті, өзім есімнен танып қалдым. Есімді жиганда қара қасқа үлкен төбетке айналғанымды білдім. Сол кейпімде үйден шығып жүре бердім. Содан осы ауылды айналықтап үш күн жүрдім. Әбден қарным ашып, шыдам таусылған соң ұрлық қылуға кірістім.

Бір күні түнде баспалап келіп байдың ас үйіне кіріп, қандағы сүтін жалай бастадым. Осы кезде сырттан жігіттері сезіп мені қамалап ұра бастады. Сөйтіп жүргенде бір жігітін қолындағы құрығы мойыма түсіп, ол құрықты жаным қысылғаннан үзіп құтылдым. Құрық сол ұстаған жігіттің қолында қалды. Далаға босанып шыққаннан кейін, бетім ауған жаққа қарай жүгіре бердім. Бірнеше күннен кейін, жапан далада көп керуенге жолықтым. Керуен басы мені шақыртып алып, тамақ бергізді. Түнде жұрт жатқаннан кейін күзетшімен қосылып, керуіннің мүлкін күзеттім. Бұл мінезім керуен басыға ұнады, сондықтан мені жақсы күтіп жүрді. Бірнеше күн өткен соң керуен ауылына жетті. Мені ауылға келген соң керуен басы тағы тамақтандырып, тойдырды. Керуен басының үй-шімен бір күнде танысып шықтым. Сол үйдің асыранды иті сияқты кешке таман қой шетіне барып, қой күзетемін. Бұл кезде қасқырдың да қатты кезі еді. Бірде қойға тиген төрт қасқырды өлтіріп, бір шетке үйіп тастадым. Ерте тұрған керуен басы мұны көріп менен келген іс екенін анық білді. Содан былай қадірім бұрынғыдан да арта түсті. Осылайша арада екі жыл өтті.

Күндердің бір күнінде осынау бір қалыпты өмірімде тағы бір күтпеген жағдайға тап болдым. Маған не болып жүрген керуен басының басқа бір елге ұзатқан қызы бар екен. Сол қызы жынданып ауырыпты. Дүниеде бақсы, балгер қоймай жидырғанмен, оның ауруын жаза алмапты. Ақырында байға бір адам келіп айтыпты: «Құданда бір қадірлі ит бар, сол ит бұл ауруды жазар» депті. Сол хабармен бір күні немің құдасынан маған пар ат келді. Керуен басыға болған уақығаны айтқаннан кейін ол сөзге келген жоқ, менің мойыма жіп байлады. Сонсоң, керуенбасы өзі бір ат жегіп, мені жетектеп алып жүрді. Мені барысымен жыңды жатқан үйдің ішкі босағасына байлады. Біраздан соң жынданған әйел аспанға қарасам, бір қаракұс қалықтап, шаңырақтан түсіп келеді екен. Тұра ұмтылдым. Сол кезде бір жігіт менің жібімді шешіп қоя берді. Қаракұсты тура бас салдым да, оны талай бастадым. Ол да маған қарсылық білдіріп, шөпүр-шұңыр алысып жатыр. Өзі де қарулы құс екен, біраз алыстық. Бір кезде ит жынданды деген үйдегілерден дауыс естіліп жатты. Көп уақыттан соң қаракұсты алып ұрып бауырыма бастым. Сол кезде қаракұс менің де саған керек жерім бо-

лар, сондықтан мені босат деді. Мен оны босаттым. Қаракүс дүр сілкініп алып өз бетімен ұшып кетті.

Осы аңыздан соң байдың келіні тәуір болып, тұрып кетті. Осыдан кейін менің атым баксы ит аталып кетті. Бай ауылында екі күн жатқаннан соң ат беріп, шапан жауып, бізді қайтарды. Менің нем мені арбаға мінгізіп алды. Ауылға келдік. Бұрынғы әдетпен қой шетіне жатамын. Ұзақ түнде есіме көп ойлар түсіп, туған елім көз алдыма елестейді. Енді бүйтіп жүргенше не де болса, қалыңдығыма тағы барып көрейін, ол маған мүмкін жібір, ит қылған сол еді ғой, мені әлі де адам қатарына түсірер деген ниетпен бір күні орнымнан тұрып, қалыңдығымның ауылына жеттім. Қалыңдығым жатқан үйге келсем, сол бұрынғысындай қараңғы үйді жарық қылып ұйықтап жатыр екен. Жанына жетіп барғанымда, қалыңдығым оянып кетті. Үйдің іші шар-шұр етті. Бұрынғы қалпымнан боз торғай болып шықтым.

Бұрынғыдан да күнім қараң болды, енді мені құстың ең жаманы жапалақ та жеп қоюға әлі келеді-ау деп жылап ұшып келе жаттым. Бір кезде бір үлкен шаһардың үстінен шықтым. Көшенің ортасында төгіліп жатқан тарыға кездестім. Қарным ашып қалған екен, сол жерде тарыны теріп жей бастадым. Көп ұзамай аяғымнан қыл дұзаққа ілініп, қала балаларына ермек болдым. Бір топ бала аяғымға ұзын жіп байлап, торғай-торғай деп әуеде ұшырып, аяғымдағы жіпті жібере тартып, әбден әуреледі.

Бір күні балаларға бір кемпір кездесіп, балалардан торғайынды маған сат деп сұрады. Кемпірге мені балалар бес тынға сатты. Кемпір мені үйіне алып барып, алдыма жем, су қойды, ұшып кетпесін деп аяғымға жіп байлады. Күнде кемпір мені бір ұстап: «О, торғайым, жеттің бе?» — дейді.

Мен одан жаман қорқып, жемімді жемеуге тырыссам да, қарным ашқасын жей бастаймын. Ақырында бір күні кемпір маған келіп: «Е, торғайым, жеткен екенсің» деді. Бұл мені жегелі жүр екен деп жаман қорықтым. Бірақ, кемпір олай ойламады, маған ақылын айтты: «Шырағым, сен күс емес, адамсың. Сенің ит болып жүргенінде мен қаракүс болып кездестім. Менің жанымды қнып, сен мені ажалдан босаттың. Сондықтан мен де саған жақсылық істейін. Осыдан ұшып қалыңдыққа бар. Жұрт жатқан кезде ақырып, пырылдамай үйіне кір. Бұрымында алтын сақина бар, ол сақинаны

сықыр қылып мен бергем, оны шешіп ал. Сол кезде баяғы адам қалпына түсесін. Есінді жнып, адам қалпына түскеннен кейін ел-жұртыңды көрерсін. Бірақ мені ұмытпа. Бір жыл өткесін қайтып орал, осы жерден бір күндік жерде менің түлкілікті мекен үйім бар. Сол үйде бой жүткен сұлу қызым бар. Соны саған қалыңсыз берем, маған мал қажет емес. Дүниені тағы берем. Баяғыдан мен сені аңдып жүр едім. Қызға сықырлы сақина беру, келіншекті жындандыру — бәрі сені қолға түсірудің амалы еді» — деді.

Бұл сөзді кемпірден естігеннен кейін қалыңдығымның ауылына ұштым. Барсам ауыл тегіс жатқан екен. Ақырын ғана қалыңдығым жатқан үйге де кірдім. Ақырын тісіммен сақинаны бұрымынан шешіп алдым. Үйдің іші тар-түрс, сарт-сұрт етті. Қалыңдығым шошқа болып кетті. Ал, мен болсам қайтадан адам қалпыма келдім. Үйден шыға сала бір жүген тауып алып, жүгіріп жылқыға бардым. Көп айналмадым. Бір семіз құр атты ұстап міндім де, темірказық жұлдызын маңдай алдыма қойып, терістіктің қараңғысына сүнгіп жүріп кеттім. Жайдақ атпен бірнеше күн жол жүріп, ақырында бір обаның басына шықтым. Көп ұзамай маған қасқырдың ұлыған даусы естілді. Енді елдің жақын екенін білдім. Үлкен обаның да басына шықтым. Аргы жағында жайылған көп қой жатыр екен. Ақырын аяндап, қойшыға келдім. Қойдың кімдікі екенін сұрадым. Қой менің әкемнің қойы болып шықты. Ауыл да алыс емес екен. Қойшыға мен өзімді таныттым. Қойшы менің әке-шешемнен сүйінші сұрамақ болып, менің қой басында қалғанымды сұрады да, өзі елге кетуге талап етті. Мен бұл сөзге қарсы болғаным жоқ, ұлықсат еттім. Қойшы шапқылап, сүйінші сұрап ауылға барыпты. Жұрттың қайсыбір білгішсінгені үш жыл болған. Ағыбай келуші ме еді деп сөгіпті. Қойшы өзеуреп, мен жана көріп келдім. Ағыбай менің қойымның қасында қалды деп, жұртқа бой бермей, сүйіншісін сұрай беріпті. Ақырында сөзін байқайық, мүмкін рас шығар, бұрын өтірік айтпайтын еді деп, менің әке-шешем көп жұртты сонынан ертіп, қойдың қасына келді. Қой жанында жүрген мені әкем алыстан танып, тұра ұмтылып келіп, мені күшактап сүйді. Оның артынан шешем келіп көрісті. Ел-жұртқа тегіс амандасқасын, мені ауылға алып жүрді. Әкем үш жыл сұрау салып таба алмаған соң, менен күдер үзіп, ас беріп жатыр екен, сол асы тойға айналды.

Той өтті. Ел-жұрт, туысқандар менен қайда жүргенімнің мән-жайын сұрады. Жасырмай бастан өткен уақиғаның бәрін айттым. Ақырында кемпірдің қызын алам дегенді де айттым. Кемпірмен уәделі уақытым болған кезде, әкем той істеп, маған бірнеше жігіт қосып, мені қайныма жіберді. Біз кемпірдің өзім көрген шаһарына жеттік. Кемпір де алдымнан тосып жүр екен. Бізді құрметтеп қарсы алып, ол шаһарға түсірмей, өзінің мекеніне алып барды. Қалыңдығымды көрдім. Асқан сұлу екен. Үш күн жатқаннан кейін мені қайным жүргізбекші болды. Алпыс нарға кілем жайып, алтын-күмістен жиһаз тиіп, қалыңдығымды қоршаулы бір нарға мінгізіп жөнелтті. Міне, жасымда осындай оқиға көріп, мына бәйбішемді солай алдым. Қазірде жасым тоқсанға келді. Сол сақинаны былтыр көшкен жұртта жоғалттым. Саған айтқан да сол болар, — деп карт сөзін аяқтады дейді.

Сонда Қарамерген ойға қалады: «Е, мен кездескен қос марал да осынау сыйқырлы сақинаға тап болған ғой. Қолымнан келсе ол бейбақтарды мен де құтқарып жіберейін» деп, жолға шығады.

Ағыбай батыр болса: «Ннетің дұрыс, мергенім, бұл өмірде істеген жақсылығың ізсіз қалмайды, жолың болсын!» деп батасын берген екен.

ТАРИХИ ӨНДЕР МЕН КҮЙЛЕР ИСТОРИЧЕСКИЕ ПЕСНИ И КЮИ

АГЫВАЙ БАТЫРЫ

(Мамы Батыры)

Сөзү: С. Кайрамыров
Муз.: Т. Байрамыров

Музыкальная партитура для голоса и фортепиано. Песня «Агывай Батыры» (Мамы Батыры). Музыкальный текст и ноты на десяти станах. Под нотами даны слова песни в кириллице.

Слова: С. Кайрамыров
Музыка: Т. Байрамыров

1. 2. 3. 4. 5. 6. 7. 8. 9. 10.

Музыкальные ноты и ритмические обозначения.

Слова песни (в кириллице):

1. 2. 3. 4. 5. 6. 7. 8. 9. 10.

Handwritten musical score with five staves. The lyrics are written below the notes. The text is partially illegible but appears to be a traditional song.

АҒЫВАЙ БАТЫР II

162 Талчи мен, Базаркандын, 2/16 Сауда, Т. Сапармуратов
 Сап. Т. Сапармуратов

Handwritten musical score for "АҒЫВАЙ БАТЫР II" with four staves and lyrics.

ЕР БЕККЕН I

164 Эр Беккен, Кустарбаши, 2/16 Сауда, Шаймуратов
 Сап. Т. Сапармуратов

Handwritten musical score for "ЕР БЕККЕН I" with three staves and lyrics.

3. ҚОҒАМДЫ БАТЫРШЫ

Тебірене Каволышевтың, 2-көп.

ҚАМ ДАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ
 ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ
 ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ
 ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ
 ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ
 ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ
 ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ
 ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ

4. ҚОҒШЫНЫҢ ЕРТЕГІСІ (Б)

Сказка Ластыкина

А. Языковпен бірге, 2-көп

ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ
 ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ
 ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ ҚАҒ

Музыкальный фрагмент с нотами и текстом: ТАН-ТАН-ТАН... ТАМ-ТАМ-ТАМ...

Б. КОЙШЫМЫН ЕРТЕГІНІ

СӨЗІ АСҚАТ МАНЖАР

Б. КОЙШЫМЫН ЕРТЕГІНІ

Музыкальный фрагмент с нотами и текстом: Қандай да... Қандай да... Қандай да...

Б. ЕҢТІК-КЕБЕК


СӨЗІ АСҚАТ МАНЖАР


Б. ЕҢТІК-КЕБЕК

Музыкальный фрагмент с нотами и текстом: Түгілі... Түгілі... Түгілі...

АҚЖОЛТАЙ АҒЫБАЙ БАТЫР

Екпінді, еңсені түсірмей (күй) Шәмил Әбілтаевтікі.





ТАРИХИ ҚҶЖАТТАР

«Секретно»
Его Высокопревосходительству Господину
Генерал Губернатору Западной Сибири.

Заседатель Каркаралинского Окружного Приказа Свирщевский, письмом от 11-го сего ноября, донес мне, что он получил сведения, что киргизы Чубуртпалинского рода, кочующие в Алтеке-Сарымовской волости, намерены отложиться в пределы Ташкенин. С этой целью весь аул их, состоящий из 260-ти кибиток, остановился на урочище Торгыл, верстах в 70-ти от полуострова Бертыс, на пути ташкентским владениям, говорят будто сын Кенисары прислал Чубуртпалинцам подарки и приглашает их к себе на кочевку.

Не знаю до какой степени справедливы слухи заседатель Свирщевский не доносит официально, но просит меня снабдить его или приказ инструкцией как поступать с Чубуртпалинцами, если они действительно намерены будут отложиться и какие принять против этого меры? До получения приказа мои, г. Свирщевский велел управителю и толмачу употребить все средства к присоединению Чубуртпалинцев, а главных родовичей выслать под каким либо предлогом в округ. Далее в письме этом упоминает о происшестввах, о которых мною уже донесено Вашему Высокопревосходительству сего же числа.

Вследствие этого письма я секретно предписал г-ну Свирщевскому: 1. При содействии старшего султана или других преданных правительству киргиз, разузнать подробно о причинах, возбудивших в Чубуртпалинцах неудовольствие и если это не будет превышать власть приказа, принять меры к устранению этих причин, в противном случае донести мне немедленно.

2. Если неудовольствие этого киргизского рода происходит от неприязненного расположения от других лиц, возмущивших его, то стараться убеждениями, а если этого недействительно, то захватом зачинщиков пресечь корень зла.

3. Если же, наконец, все эти меры окажутся недостаточными для удержания Чубуртпалинцев, то объявить им открыто, что по отложению они уже никогда не будут приняты в подданство и лишатся всех мест ими прежде занимаемых.

Доводя об этом до сведения Вашего Высокопревосходительства, я имею честь доложить, что по моему мнению трудно и опасно принять открытые и насильственные меры к удержанию Чубуртпалинцев, по причине зимы, отдаленности их кочевок и недостаточности военных сил в Каркаралах, а более всего, чтобы не возбудить неудовольствие и опасение в других родах.

Господин Генерал-майор Фон Фридрих

19 ноября 1855 года, г. Омск.

«Секретно»

Его Превосходительству Управляющему
Должность Военного Губернатора Области Сибирских
Киргиз Господину Генерал Майору и Кавалеру
Фон-Фридриху.

Заседателя Каркаралинского Внеш-
него Окружного приказа Трусова.

Р А П О Р Т

Из Тобыктинских волостей, где я производил следствие о противозаконных поступках бывшего Старшего Султана Кунанбая Ускенбаева, Окружным приказом вызван в Каркаралы для производства следствия о найденном мертвым близ речки Джарлы, в 20 верстах от Каркаралов, мещанина Репина. В Каркаралах, я 13-го числа получил сведения, что к бию Чубуртпалинского рода Агыбаю Конурбаеву, бывшему прежде приверженным мятежного султана Кенесары и в 1849 году вступившему в числе 200 кибиток на подданство России и причисленному к Алтеке-Сарымовской волости Каркаралинского округа, приехали лазутчики от сына Кенесары Касымова с предложением чтобы Агыбай отложился из округа и присоединился к Кенесарину для возобновления набегов и грабежей.

Разведывая, от кого именно вышли слухи, я узнал что 5-го числа сего месяца приехали в Каркаралы в нескольких человеках киргизы Надан-Тобуктинской волости. 6-го числа утром из них бий Манжигул Чегыров и киргиз Байсары Джаныкулов предъявили заседателю Свищевскому, что к Агыбаю Конурбаеву приехали от сына Кенесары три человека с подарками и приглашают его прикочевать в Каратау, и что г. Свищевский к захвату лазутчиков не сделал никакого распоряжения, и спустя четыре дня, ограничился посылкою к Агыбаю аульного старшину Альтеке — Сарымовской волости Узака Куланова, за вызовом в Каркаралы его Агыбая. Как слухи о приезде посланных от сына Кенесары частично распространились между киргизами, кое-что об этом знал и

Узак Куланов, который состоит в сватовстве с Чубуртпалинцами, а потому я смело заключил, что Узак вызвав Агыбая, сообщит ему, что в приказе известно о приезде из Каратава людей, а потому они будут немедленно выпровождены из пределов наших и тем укрыты от преследования.

Из-за таковых действий хотя должно считать потерянным случай захватить посланных от Кенесарина людей, но я не останавливался разведывать о справедливости слухов, отыскал в Надан-Тобыктинской волости бия Манжигула Чегырова и киргиза Байсары Джаныкулова, спрашивал их о приехавших от Кенесарина людей и они объяснили мне:

а) в первых числах октября месяца с караваном, вышедших из Ташкени, где в числе других находился присланный в Семиз-Найманскую волость Аягузского округа чалаказак Абды Насыров, торгующий нынче в Надан-Тобыктинской волости, приехал из Каратава от сына Кенесары ходжа по имени Джанходжа, с давних лет служивший Кенесары, а потом семейству его, привез к Агыбаю в подарок пистолет с серебряной насечкой, собственно принадлежавший Касымову, в знак того, что сын Кенесары... желает жить с ним так, как жил отец и просит со всем Чубуртпалинским родом присоединиться к нему. Этот ходжа Джанходжа в сумке привез к Агыбаю какие-то бумаги и между тем разглашает, что сын Кенесары в Ташкени, ныне имея большой вес, из Акмоллинского округа угнал уже 2.000 лошадей. По приезде упомянутого ходжи Агыбай со всеми Чубуртпалинцами, тотчас уючевал на озеро Балхаш к урочищу Аккум и Сарыкум, в удаление от прочих волостей.

б) До приезда помянутого ходжи из Чубуртпалинского рода бий Еже... в числе 19-ти человек был Агыбаем послан в Каратав для осведомления о выгодах и состоянии тамошних волостей, кочующих с детьми Кенесары, которые возвратились тоже в октябре и с ними приехал от сына Кенесары человек, по имени Сары, белый, с русыми волосами, привез подарки к Агыбаю, брату его Танабаю и некоторым другим, почетным в Чубуртпалинском роду киргизам, по халату, сарачинского пшена и муки и также сговаривает их к отложению.

в) Не многим ранее упомянутых выше Ходжи и Сары, приехал к Чубуртпалинцам от сына же Кенесары человек смуглый, с небольшой черной бородой и такими же усами. Имя неизвестно, привез ли какие подарки не знают, только также сговаривает чубуртпалинцев к отложению в Каратав. 30 октября при отъезде Манжигула Чегырова и Байсары Джаныкулова из кочевьев в Каркаралы, прибывшие из Каратава от сына Кенесары люди проживали у Агыбая с братом и не собирались возвращаться. Из них Сары даже выставлял за себя дочь у Чубуртпалинского киргиза Дулата.

Бий Манжигул Чегыров и киргиз Байсары Джаныкулов объявившие все изложенное мною выше просили, чтобы имена их остались в тайне, потому что они не имеют большого состояния, не считаются в народе людьми очень значительными и будучи совершенно преданы правительству опасаясь, что за открытие этой тайны навлекут на себя негодование и гонение от своих однородцев.

Полученны мною от Чегырова и Джаныкулова сведения я даю полное подтверждение, потому что верность подданства Агыбая Конурбаева с его однородцами, привыкшими к набегам и хищнической жизни очень сомнительна, каково сомнение, как и удостоверения ныне разделяют многие киргизы. Управляющий Алтеке — Сарымовской волостию Бий Чомбай Балапанов, в ведении коего состоит Агыбай, еще в начале осени подал в приказ, через толмача своего Хохлова рапорт о сомнительном поведении Чубуртпалинцев, но рапорт этот не был в Приказе принят. Об этом доложил мне сего числа лично толмач Хохлов.

Хотя о всех полученных мною слухах я по порядку подчиненности и обязался подать в Каркаралинский окружной приказ отзыв и просить должного распоряжения, но как в настоящее время присутствует в приказе один г. Свирщевский, которому все это давно известно и который почему-то счел не уместным сделать распоряжение о захвате лазутчиков. Я принял смелость о всем этом донести прямо Вашему Превосходительству, изложить свое мнение, что для удержания Чубуртпалинцев в подданстве необходимо поместить их на кочевки внутри, а не на самый край округа, что сделать можно даже теперь, несмотря на зимнее время. Ибо киргизы

эти не имеют большого скотоводства, а находясь при Кенесары вели хищническую жизнь и из опасения преследования не могли на долго останавливаться на одном месте, от чего привыкли кочевать во всякое время года.

Поместить их можно: часть между Каркаралами и Кувскими горами и часть на Керегетас и Желдытау. Последние места даже назначены были им для зимовок, но Керегетас произвольно занят, проживающим в Каркаралах татаринном Хамитом Яхинным о чем я доносил приказу, но на это должного распоряжения не последовало. При этом считаю обязанностью доносить Вашему Превосходительству, что бий Чегыров и киргиз Джаныкулов сего числа отправились из Каркаралов в волость и по просьбе моей именем Правительства, обязались разведать: возвратились ли посланные от сына Кенесары люди, или сверх всякого чаяния, не скрываются ли еще в пределах округа у Агыбая, или кого иного и немедленно не подавая никому о том никакого вида известить меня. И, если окажется, что означенные люди еще в округе, то я намерен немедленно выехать для захвата их. Впрочем, захватить в Чубуртпалинцах без значительного числа казаков будет делом трудным, ибо киргизы эти не привыкли еще к повиновению и воинственнее всех прочих, почти всякий имеет пику и у многих есть огнестрельное оружие.

Заседатель Трусов

Ноября 14 дня 1855 года, Каркаралы.

«Секретно»

Господину Исполняющему должность Военного
губернатора области Сибирских киргиз.

Впоследствии рапорта Вашего Превосходительства от 19-го числа сего года, за № 63-м имею честь уведомить:

Предварительные меры Ваши, принятые в отношении киргизов Чубуртпалинского рода, намеревающиеся отложиться, я одобряю, но в дополнение нахожу нужным предложить:

1. Хотя в этом беда и небольшая, если начтожный Чубуртпалинский род уйдет в пределы Ташкени, но при настоящих обстоятельствах, все таки полезнее, не подавая вида, стараться его удержать. Тем более что уход его, с одной стороны, может дать повод думать, что от империи может быть какуюнибудь причину быть недовольным местными властями и чиновниками, а с другой стороны удаление его могло бы служить дурным примером для прочих киргизов, а между врагами нашими... возникнет надежда на сочувствие, которое они могли бы найти в наших пределах. По сему, надлежит тщательно следить за намерениями того рода, посылая сколь можно чаще то заседателя, то толмачей, то нескольких казаков наведываться о их место и умо-расположении, а ровно и положении оставленного на Балхаше небольшого отряда, которому подлежит тоже осторожность и наблюдение.

2. Так как для ухода в Ташкению Чубуртпалинцев дорога лежит в 100 верстах влево от Актавского укрепления, то нужно сообщить обо всем этом в подробности и по секрету командующему Актавским отрядом Войсковому Старшине Реброву. С тем, чтобы он следил через киргизов и казачьи разъезды за тем, что будет происходить на этом пути, стараясь остановить отложение Чубуртпалинцев. И вместе с тем, если бы им от р. Чу на встречу и для подания руки вышли дети Кенесары со своими хищниками, то стараться неожиданно настигнуть и разбить на голову. Употребить для этого большую часть своего отряда, оставляя в правее от Актава к верховьям Сары Су наблюдательные партии. Впрочем, если Кенесары дети сделали бы диверсию или отвод со стороны Сары-Су, так как они нынешнем году вероятно не бросятся на Улутав, то они должны и с этой стороны следить за сими хищниками.

3. А как дошло и до моего сведения что от сына Кенесары к старшине Чубуртпалинского рода Агыбаю были присланы 3 человека из коих один по прозванию ходжа — Джанходжа, а другой очень белокурый, называвшийся Сары и имевший при себе разные бумаги, с предложением от нас, которые привезли Агыбаю подарки, состоящие из пистолета с серебряной насечкой и разных дорогих халатов, то предписать Каркаралинскому приказу: разузнать и схватить этих эмиссаров.

4. Назначенному к командованию Каркаралинским отрядом Войсковому старшине Катанаеву приказать немедленно отправиться к своему посту прямо из Акмолов в Каркаралы дорогою.

Впрочем, представляю Вашему Превосходительству принять и другие меры какие по усмотрению и соображению Вашему окажутся необходимыми к охранению безопасности находящихся у передовых наших постов Актава и Улутава киргизов.

Сообщаемые вышеизложенные обстоятельства с другими событиями случившимися в Каркаралинском округе по поводу баранты и насилия, сделанные бывшим волостным управителем Байсейтовым и его сподвижниками (составлявшими шайку до 100 человек вооруженных туленгутов) должно думать, что число неблагонадежных в округе весьма значительно и что предлагаемое отложение Чубуртпалинского рода может быть одна только ловушка в общей стачке неблагонадежной байсейтовской шайки с детьми Кенесары. А потому необходимо чтобы Ваше превосходительство дали всем в исполнение особую секретную инструкцию Войсковому Старшине Катанаеву, отрекомендовав ему принять особенные меры бдительности, чтобы следить за происходящим в округе и совершенную чуткость и исправность в отряде, который хотя и довольно значительно, по случаю надобности мною будет еще усилен. Во всех распоряжениях и мерах соблюдать и рекомендовать величайшую тайну.

О исполнении по сему распоряжениях Ваших, прошу меня уведомить.

Генерал Губернатор Западной Сибири
Густав Христианович Гасфорт.

22 ноября 1855 года, Тобольск.

Түсініктемелер

ТАРИХИ ЖЫРЛАР

Қойшының ертегісі (тарихи поэма) — 1919 жылы жазылған. Иса Байзақовтың поэмалар жинағында (Алматы, 1950) жарияланған.

Ақжолтай Ағыбай батыр (халық жыры) — профессор Е. Бекмахановтың дерегі бойынша «XIX ғасырдың екінші жартысында шығарылған». Ел арасында көп тарап, қазақ халқының сүйіп тыңдайтын жырына айналған. Үш — төрт варианты бар. Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан, 1330.

Наурызбай — Қаншайым (үзінді) — Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан, 1331.

Ағыбай батыр — Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан № 698 папка. Тапсырған Т. Айнатасов. Қолжазба бойынша алғаш рет жарияланып отыр.

Кенесары — Наурызбай (үзінді) — Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан, 1331.

Тарихи аңыз — әңгімелер

Аңызға айналған ақиқат — соғыс және еңбек ардагері, Тасарал ауылының тұрғыны ағыбайтанушы Рақыш Қайлышұлының қолжазбасынан алынды.

Қойсана Байғозықызы — Ағыбай батырдың шөбересі Күлжәйла Ыбышқызы әңгімесі бойынша беріліп отыр.

Абылайхан алаңында батырлар сайысы — Босаға станциясының тұрғыны Ізеттула Адамияұлы ақсақалдан алынды.

Түллік Титақұлының әңгімелері — Семейлік Түллік Титақұлы 1900 жылы Сары бұлақ деген жерде Ағыбай батырдың жақын туысқандары 90 жастағы Бектемір молладан, 88 жастағы Шынбай батырдан Кенесары қозғалысы жөнінде жазып алған әңгімелері. Қазақстан Ғылым Академиясының

Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан, 1337. Қолжазба бойынша тұңғыш рет жарияланып отыр. Тексін құрастырушыға ұсынған Ф. Бейсембаев.

Көгібар батырдың асы — ақын Мансұр Бекежановтың қолжазбасы бойынша беріліп отыр.

Ағыбай батырдың бір жорығы — Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан, 1296 папка, № 2 дәптер. Тексін құрастырушыға ұсынған Ф. Бейсембаев.

Ағыбай батырдың айналасы — Талды-қорған қаласының тұрғаны Дәріғұл Мәуленұлының әңгімесі бонынша беріліп отыр.

Ағыбай батырдың айтқаны — Ел аузынан: шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер (Құраст. Б. Адамбаев, Т. Жарқынбекұва) Алматы, «Жазушы» 1985. атты жинақтан алынды.

Доскейдің әңгімелері (үзінді) — Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан, 1339 папка, № 3 дәптер. 1940 жылы халық ақыны Доскей Әлімбайұлынан жазып алған Қарағанды радиосының қызметкері Ф. Маканов.

Арыстан ақынның айтқаны — Киік станциясының тұрғыны Орылбай Бәйімбетұлы ақсақалдан алынды.

Ағыбай мен Наурызбай, Ағыбай Қырғыз Алатауынан қайтқан соң, Сыздық төренің айтқаны — Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қолжазбалары бойынша беріліп отыр. «Халық кеңесі» газетінде 1992 жылғы 113-114 нөмерлерінде жарияланды.

Сыздық төре — Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан, 1339 папка, № 3 Доскей Әлімбайұлының дәптерінен алынды.

Жер дауы — Ағыбай батырдың ұрпағы Тарғын ақсақалдың әңгімесі бойынша беріліп отыр.

Ағыбай батыр кескен Құмбел — Ақши ауылының тұрғыны Әбілқасым Әбдрахманов ақсақалдан алынды.

Үйсін Бөлтірік батыр, Бала бақсы, Көтен балуан — Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан, 1337.

Ағыбай батырдың Түркістан соғысына қатысуы — Шымкент қаласының тұрғыны Мұхамеджан Рүстемовтың әңгімесі бойынша беріліп отыр.

Балта ақының Ағыбайды жұбатқаны — Киік стансасының тұрғыны Даһар Ахметұлы ақсақалдан алынды.

Барақ сұлтан — қырғызстандық Секербек Трымұлы ақсақалдың қолжазбасы бойынша беріліп отыр.

Әлиханның үш сұрағы — Рақыш ақсақалдың қолжазбасы бойынша беріліп отыр.

Ағыбайдың билігі — Жақан Ахметұлы ақсақалдан алынды.

Ағыбай батырдың әңгімесі — Жәйрем қаласының тұрғыны Арыстанғали Балтабаев ақсақалдан алынды.

Ағыбайдың солдатты сабауы — Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан, 1296 папка, № 5 дәптер. Тапсырған М. Жиреншин. Тексін құрастырушыға ұсынған Ф. Бейсембаев.

Дәулет құсының қоштасуы — Тарғын ақсақалдың әңгімесі бойынша беріліп отыр.

Деген екен... — Ақадыр стансасының тұрғыны Серік Смақұлы ақсақалдың әңгімесі бойынша беріліп отыр.

Фольклорлық және музыкалық шығармалар

Ағыбай — профессор Мұхтар Әуезов басқаруымен 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты кітапта жарияланған профессор Есмағамбет Бісмайыловтың фольклорлық талдауы.

Ағыбай батыр (ертек) — Қазақстан Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан, 6121 папка, 1940 жылы тапсырған С. Тұртаев. Құрастырушыға ұсынған Ф. Бейсембаев. Әдеби өндеген Акселеу Сейдімбеков.

Ағыбай батыр (тарихи жырдың әнінің нотасы) — 1964 жылы тамыз айында Семей экспедициясында Қытай Халық республикасының тұрғыны Сандыбай Қармысұлынан магнитофон таспасына жазып алғандар Т. Қанағатов пен Т. Бекхожина, «Қазахский музыкальный фольклор» деген кітапта әнінің нотасының екі нұсқасы жарияланған.

Қойшының ертегісі — бұл да сонда.

Ақжолтай Ағыбай батыр (күй) — шығарған композитор Шәміл Әбілтаев.

Тарихи құжаттар.

Дело об откочевке казахов Чубуртпалинского рода в числе 260 кибиток в пределы Ташкении (13 ноября 1855 — 28 марта 1859 г.г.) — ЦГИА Казахстана, фонд 345, опись 1, дело № 540, связка 62.

Марат Әбсемет, филология ғылымдарының кандидаты.

М А З М Ұ Н Ы		Бет.
Ақжолтай Ағыбай батыр. М. Әбсемет		3
Тарихи жырлар		
Қойшының ертегісі (тарихи поэма) Иса Байзақов		26
Ақжолтай Ағыбай батыр (халық жыры)		35
Наурызбай — Қаншайым (үзінді)		49
Ағыбай батыр		54
Кенесары — Наурызбай (үзінді)		59
Батырдың үш өкініші (дастан)		63
Ақжолтай Ағыбай		74
Ағыбай күмбезі		76
Тарихи аңыз — әңгімелер		
Аңызға айналған ақиқат		78
Қойсана Байғозықызы		80
Абылайхан алаңында батырлар сайысы		83
Тұллік Титақұлының әңгімелері		86
Көгібар батырдың асы		96
Ағыбай батырдың бір жорығы		97
Ағыбайдың тартысы (құмалақ ашу әдісі)		100
Ағыбай батырдың айналасы		101
Ағыбай батырдың айтқаны		102
Доскейдің әңгімелері (үзінді)		103
Арыстан ақынның айтқаны		114
Ағыбай мен Наурызбай		115
Ағыбай қырғыз Алатауынан қайтқан соң		119
Сыздық төренің айтқаны		120

Сыздық төре	126
Жер дауы	126
Ағыбай батыр кескен Құмбел	127
Үйсін Бөлтірік батыр	128
Бала бақсы	131
Көтен балуан	132
Ағыбай батырдың Түркістан соғысына қатысуы	133
Балта ақынның Ағыбайды жұбатқаны	135
Барақ сұлтан	136
Әлиханның үш сұрағы	136
Ағыбайдың билігі	139
Ағыбай батырдың әңгімесі	139
Ағыбайдың солдатты сабауы	142
Дәулет құсының қоштасуы	143
Деген екен...	145
Фольклорлық және музыкалық шығармалар	147
Ағыбай	148
Ағыбай батыр (ертек)	152
Ағыбай батыр (тарихи жырдың I-ші және II-ші нұсқасының ноталары)	159
Қойшының ертегісі (тарихи жырдың I-ші және II-ші нұсқасының ноталары)	162
Ақжолтай батыр (күй) Шәміл Әбілтаев	163
Тарихи құжаттар	165
Дело об откочевке казахов Чубуртпалинского рода, в числе 260 кибиток в пределы Ташкенин	
Түсініктемелер	174

АҚЖОЛТАЙ АҒЫБАЙ БАТЫР

Редактор және жауапты шығарушы

Қайырбек Сәдуақасов.

Суретшілер Байғазы Әбдірахман Ағыбайтегі
және Ғазиз Оспанов.

Техникалық редактор Галина Нижегородова.

Корректорлар: Біләл Әлімбаев, Бейсенкүл Аймағанбетова,
Роза Шамилханқызы Қазиева.